

Дербес шоттарды жүргізу ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитеті Төрағасының 2003 жылғы 23 желтоқсандағы N 530 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 15 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 2672. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 622 Бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Қаржы Министрінің 2008.12.29 N 622 Бұйрығымен.

----- Бұйрықтан үзінді -----

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы " Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1

2. Келесі қосымша бойынша көрсетілген нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын.

3

4. Осы бұйрық ресми жариялғанының бірінші күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2009 жылғы 1 қаңтардан шығатын қатынастарға жаратылады.

*Министр Б. Жәмішев
Қазақстан Республикасының
Қаржы Министрінің
2008 жылғы 29 желтоқсандағы
N 622 бұйрығына қосымша*

Қазақстан Республикасының күшін жоғалтқан кейбір нормативтік құқықтық актілердің тізімі

1. "Дербес шоттарды жүргізу ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитеті Төрағасының 2003 жылғы 23 желтоқсандағы N 530 бұйрығына нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2672 болып тіркелген.

2

3

4

5

6

7. ...

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы"
Қазақстан Республикасы Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған Дербес шоттарды жүргізу ережелері бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Кірістерді талдау және ағымдағы болжау басқармасы (Алшымбаев Б.Ж.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін

3. Осы бұйрық 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Төраға

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Төрағасы
2003 жылғы 24 желтоқсан

N___

Қазақстан Республикасының
Статистика жөніндегі
агенттігінің Төрағасы
2003 жылғы 24 желтоқсан

N___

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі
2003 жылғы 23 желтоқсан

N___

"Дербес шоттарды жүргізу
ережелерін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі
Салық комитеті Төрағасының
2003 жылғы 23 желтоқсандағы

N 530 бұйрығымен бекітілген

Дербес шоттарды жүргізу ережелері

МАЗМҰНЫ

1-бөлім. Жалпы ережелер

1-тарау. Кіріспе

1. Осы Ереже "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (бұдан әрі - Салық кодексі)

сәйкес әзірленді және салық төлеушілердің, салық агенттерінің дербес шоттарын жүргізу мен салық органдарында салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар (бұдан әрі - әлеуметтік аударымдар) есепке алу тәртібін а й қ ы н д а й д ы .

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

2. Салық төлеушінің (салық агентінің) дербес шоты салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдар есептелген (қосып есептелген, кемітілген) және түскен (қайтарылған, есепке алынған) сомасы, сондай-ақ осы Ережелермен (бұдан әрі - дербес шот) (N 1, N 2, N 3, N 4, 4-1 қосымшалар) бекітілген нысан бойынша өсімақылар мен айыппұлдар сомасының есебі үшін өзімен құжат береді.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

3. Салық төлеушілердің (салық агенттерінің) дербес шоттары ұлттық валютада - теңгемен жүргізіледі.

4. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер түсімдерінің есебі Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасына сәйкес жү р г і з і л е д і .

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

5. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді республикалық және жергілікті бюджет арасында бөлу Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

6. Салық органдары әрбір салық төлеушіге (салық агентіне) бюджет кірісі жіктемесінің, салық органдарында есеп жүргізілетін салық және басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың тізбесіне (N 5 қосымша) сәйкес міндетті зейнетақы жарналарының және әлеуметтік аударымдарының әрбір коды бойынша дербес ш о т а ш а д ы .

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

2-тарау. Осы Ережелерде қолданылатын терминдер мен айқындамалар

7. Осы Ережелермен қолданылатын салық заңының ұғымдары мен терминдері Қазақстан Республикасының салық заңдарында қалай жазылса, сол мәнде қолданылады.

8. Осы Ережелерде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) салыстыру актісі салық, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер және міндетті зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың, сондай-ақ салық органы және салық төлеушінің (салық агентінің) дерегі бойынша айқындалған күнге өсімақылар мен айыппұлдардың есептелген (қосып есептелген, кемітілген) сомасы жөніндегі құжат;

2) салық және басқа міндетті төлемдердің коды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1362 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасы бойынша бюджет кірісінің жіктемесі бойынша төлем белгілеудің сандық белгіленуі;

3) салық төлеушілердің дербес шоттарын есепке алу және (немесе) бақылау бөлімі - салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың, сондай-ақ дербес шоттардағы өсімақылар мен айыппұлдардың есептелген (қосып есептелген, кемітілген) сомаларын жүргізу дұрыстығына бақылау және түскен (қайтарылған, есепке алынған) сомаларын есепке алу және есептілік жасау функцияларын атқаратын салық органының құрылымдық бөлімшесі (бұдан әрі - есеп бөлімі);

4) жауапты бөлім - салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың есептелген (қосып есептелген, кемітілген) сомаларын есепке алу және салық міндеттемелері мен міндетті зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдарды аударуды салық төлеушінің орындауына салық бақылауының функцияларын атқаратын салық органының құрылымдық бөлімшесі; әкімшіліктендіру және салық берешегін мәжбүрлі өндіріп алу шараларын қолдану;

5) уәкілетті мемлекеттік орган - мемлекет алдындағы салық міндеттемелерінің орындалуына салық бақылауын қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы;

6) қаржы жылы - күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан басталатын және 31 желтоқсанда аяқталатын тұрақты бюджет-есеп кезеңі;

7) айыппұл - міндеттеме орындалмаған немесе орындалуға жатпаған жағдайда борышкердің бюджетке төлеуге міндетті ақшалай сомасын заңдармен а й қ ы н д а у .

Ескерту. 8-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 , 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

3-тарау. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың есебі бойынша жұмыстарды ұйымдастыру

Ескерту. 3-тараудың атауына өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

9. Салық органдарында салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, міндетті зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың есебі бірыңғай салық ақпараттық жүйесінде жүргізіледі.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

10. Дербес шоттарда бар ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігі жауапты лауазымды тұлғаға беріледі. Ақпараттық жүйе ақпараттың рұқсат етілмеген мүмкіндіктен қорғалуын және сақталуын қамтамасыз етеді.

11. Салық органдарындағы салық, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер және міндетті зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың есебі есеп құжаттамасында қағаз немесе электронды тасығыштарда жүргізіледі:

т і з і л і м д е р д е :

N 25 (N 6 қосымша) нысанның салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерінің түсімдері мен қайтарымдары;

ЖЗҚ - N 25 нысанының (N 7 қосымша) міндетті зейнетақы жарналары бойынша түсімдері мен қайтарымдары;

ӘСҚ - N 25 нысанының (N 7-1 қосымша) әлеуметтік аударымдар бойынша түсімдері мен қайтарымдары;

төлемдер, кемітулер және түсімдердің жиналған жиынтығының есеп кітабында (N 41 қосымша);

дербес шоттарда (N 1-4-1 қосымшалар);

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетіне аударылған /резидент емес төлеген/ жарғылық банктік салымдарда орналастырылған резидент еместерден (заңды және жеке тұлғалардан) табыс салығы сомасының есеп жаршысында (N 21 қосымша);

ж у р н а л д а р д а :

кате есептелген, анықталмаған салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді тіркеу (N 31 қосымша);

салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің артық төленген сомасын есептеу және қайтаруға төлем тапсырмаларын тіркеу (N 29 қ о с ы м ш а) ;

салық органдарының инкассалық өкімдерін тіркеу (N 35 қосымша);
дебиторлардың шотындағы салық органдарының инкассалық өкімдерін

Ескерту. 11-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 , 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

12. Есеп бөлімінің бастығы және қызметкерлері есептелген (қосып есептелген , кемітілген) сомалар есебінің дұрыс жүргізілуін бақылайды және салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың есептелген (қосып есептелген, кемітілген), түскен (қайтарылған, есепке алынған) сомасы, сондай-ақ дербес шоттардағы өсімақылар мен айыппұлдар сомасының есебін жүргізудің дұрыстығына және есептілік жасау дұрыстығына жауап береді.

Салық органының басшысы салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналарын есепке алу жөніндегі жұмыстарға бақылауды жүзеге асырады және жасалатын есептерді тексереді, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналарын есепке қою және жұмыс жағдайына жауап береді.

Ескерту. 12-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 , 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

13. Дербес шоттардағы барлық жазбалар осы жазбалардың құқыққа сәйкестігін растайтын құжаттар (салық есептілігі, өтініш, төлем құжаттары) негізінде жазба жүргізілген күнді көрсете отырып, хронологиялық тәртіпте уақтылы жүргізіледі. Дербес шоттағы жазбалар дербес шоттың "Есептелді", "Кемітілді", "Төленді", "Қайтарылды" деген бағандары бойынша тиісінше жүргізіледі.

14. Дербес шоттың қаржы жылының соңына қарай электронды тасығыштарда мұрағаттауға және уәкілетті мемлекеттік органмен бекітілген белгіленген тәртіпте сақтауға жатады.

15. Мемлекеттік бюджетке төлемдерді қабылдау және есепке жатқызу, салық міндеттемесін орындау бойынша бюджетпен есеп айырысу кезінде артық және қате төленген салық сомасының есебі мен қайтару тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 ақпандағы N 110 қаулысымен бекітілген Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу ережесінде айқындалады .

Ескерту. 15-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

16. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың есебі жөніндегі құжаттар және дербес шоттар іс номенклатурасымен айқындалған мерзім ішінде сақталады. Сақтаудың көрсетілген мерзімінің соңына қарай есеп жөніндегі құжаттар салық органының мұрағатына тапсырылады.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

4-тарау. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдарды есепке алу жөніндегі құжаттама

Ескерту. 4-тараудың атауына өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

17. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдарды есепке алу жөніндегі құжаттама іс номенклатурасына сәйкес құжаттардың түрі бойынша топтастырылады және қағаз немесе электронды тасығыштарда жүргізіледі:

1) Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша салық төлеушілердің (салық агенттерінің) салыстыру актілері және дербес шоттардан көшірмелер;

2) Қазынашылық органдары, банктер және банк операцияларының кейбір түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған төлем құжаттары, бюджет кірісі жіктемесінің әрбір коды бойынша жеке;

3) салықтардың, төлемдердің, өсімақылардың артық төленген сомаларын есепке жатқызу жөніндегі құжаттар;

4) салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, өсімақылардың артық төленген сомасын қайтару жөніндегі құжаттар;

5) дербес шоттарды беру және қабылдау туралы құжаттар;

6) салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді мәжбүрлеп өндіріп алу жөніндегі құжаттар;

7) салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемелерін орындау мерзімдерінің өзгеруі туралы құжаттар;

8) банкроттардың салық берешегі бойынша құжаттары;

9) жеке тұлғалардың салық міндеттемелерінің тоқтауы туралы құжаттары;

10) заңды тұлғалардың салық міндеттемелерінің тоқтауы туралы құжаттары;

11) таратылған заңды тұлғалардың салық міндеттемелерін орындауы жөніндегі құжаттары;

12) қайта ұйымдастырылған заңды тұлғалар бойынша салық міндеттемелерін орындау жөніндегі құжаттар;

13) Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасы бойынша бюджет деңгейлерінің арасында кірістер сыныптамасының түсімдерін бөлуді бекіту туралы бұйрықтар.

Ескерту. 17-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 , 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

18. Салық берешегін өндіріп алу туралы салық органдарының инкассалық өкімдерінің есебі үшін салық органдарының инкассалық өкімдерін тіркеу журналы (N 35 қосымша) жүргізіледі.

19. Салық төлеушінің (салық агентінің) өтініші (N 8 қосымша) бойынша үш күндік мерзімнен кешіктірмей салық міндеттемелерін орындау бойынша бюджетпен есеп айырысу жағдайы туралы оның дербес шотынан көшірме (N 9 қосымша) беріледі.

Салық төлеушінің (салық агентінің) талабы бойынша есеп бөлімінің қызметкері үш күндік мерзімнен кешіктірмей Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша есептерді салыстыру актісін (N 10 қосымша) береді.

Ескерту. 19-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 , 2006 жылғы 31 мамырдағы N 283 бұйрықтарымен.

20. Салық төлеушінің (салық агентінің) өтініші бойынша үш күндік мерзім ішінде талап еткен орынға көрсету үшін Қазақстан Республикасы бойынша міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша салық төлеушінің салық берешегі жоқ (бар) екендігі туралы анықтама (N 11 қосымша) беріледі. Бұл ретте салық төлеуші (салық агенті) және оның құрылымдық бөлімшесі өтінішті тапсыру күніне салық есептілігін тапсырмаған жағдайда, Қазақстан Республикасы бойынша міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша салық төлеушінің салық берешегі жоқ (бар) екендігі туралы анықтама берілмейді.

Құрылымдық бөлімшесі жоқ заңды тұлғаның, жеке кәсіпкер мен жеке тұлғаның өтініші бойынша Қазақстан Республикасы бойынша міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша салық төлеушінің салық берешегі жоқ (бар) екендігі туралы анықтама үш жұмыс күні ішінде беріледі.

Анықтама салық төлеуші (салық агенті) есепте тұрған салық органы басшысының немесе басшы орынбасарының қолы және мөрмен расталады.

Ескерту: 20-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті Төрағасының 2004 жылғы 25 қарашадағы N 606 , 2005 жылғы 29

шілдедегі N 346 , 2006 жылғы 31 мамырдағы N 283 , 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрықтарымен.

20-1. Қазақстан Республикасы бойынша салық төлеушінің салық берешегі мен міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі жоқ (бар) екендігі туралы анықтама берілгенге дейін Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша есептерді салыстыру актісі жасалады.

Жауапты бөлім дербес шоттарда тапсырылған есептер, декларациялар мен салық тексерулері актілері бойынша есептелген сомаларының бар-жоғына
т е к с е р у ж ү р г і з е д і .

Ескерту. 20-1-тармақпен толықтырылды, өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 , 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрықтарымен.

20-2. Қазақстан Республикасы бойынша салық төлеушінің салық берешегі мен міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі жоқ (бар) екендігі туралы анықтама:

заңды тұлғалар үшін - орналасқан орны бойынша;
жеке кәсіпкерлер үшін - қызметін жүзеге асыру орны және/немесе
т ұ р ғ ы л ы қ т ы о р н ы б о й ы н ш а ;

жеке тұлғалар үшін - тұрғылықты орны бойынша немесе салық салу объектісінің орны бойынша басқа салық органдарында ашылған дербес шоттардың деректерін есепке ала отырып беріледі.

Құрылымдық бөлімшелері бар заңды тұлғалар бойынша Қазақстан Республикасы бойынша салық төлеушінің салық берешегі мен міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі жоқ (бар) екендігі туралы анықтама оның құрылымдық бөлімшелерінің дербес шоттарының жағдайын есепке ала отырып заңды тұлғаның орналасқан орны
б о й ы н ш а ж а с а л а д ы .

Құрылымдық бөлімшенің Қазақстан Республикасы бойынша салық төлеушінің салық берешегі мен міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі жоқ (бар) екендігі туралы анықтамада тек осы құрылымдық бөлімшенің дербес шоттарының ақпараты көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы бойынша салық төлеушінің салық берешегі мен міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі жоқ (бар) екендігі туралы анықтамада дербес шоттардың жағдайы туралы ақпарат барлық салық органдарынан жиынтықта көрсетіледі, ал анықтамаға қосымшада әрбір салық органы бойынша көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы бойынша салық төлеушінің салық берешегі мен міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі жоқ (бар) екендігі туралы анықтамада қосымшалардың саны; барлық салық органдарынан дербес шоттар қашан алынғанының уақыты мен күні көрсетіледі.

Ескерту. 20-2-тармақпен толықтырылды, өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 , 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрықтарымен.

20-3. Салық төлеуші (салық агенті) және оның құрылымдық бөлімшелері таратылған жағдайда Қазақстан Республикасы бойынша салық төлеушінің салық берешегі мен міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі жоқ (бар) екендігі туралы анықтама салық тексеруі жүргізілгеннен кейін беріледі.

Салық төлеуші (салық агенті) және оның құрылымдық бөлімшелері таратылған жағдайда Қазақстан Республикасы бойынша міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша салық төлеушінің салық берешегі жоқ (бар) екендігі туралы анықтамада жалпы берешек сомасында шағымдалған және мерзімінен кешіктірілген сомалар көрсетіледі.

Ескерту. 20-3-тармақпен толықтырылды, өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 , 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрықтарымен.

2-бөлім. Дербес шоттарды жүргізу және жеке тұлғалардан салық жинау және олардың бюджетке түсімдері бойынша жергілікті атқарушы органдардың жұмыстарын бақылау

5-тарау. Дербес шоттарды ашудың тәртібі

21. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар, өсімақылар мен айыппұлдар бойынша салық төлеушілердің (салық агенттерінің) салық міндеттемелерін орындау есебін жүргізу үшін салық органдарында дербес шоттар ашылады.

Ескерту. 21-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

22. Дербес шотты ашу кезінде салық төлеушінің (салық агентінің) тіркеу деректері негіз қызметін атқарады.

23. Дербес шоттар заңды тұлға, оның құрылымдық бөлімшелері үшін:

- заңды тұлға, оның құрылымдық бөлімшесінің орналасқан орны бойынша;
- қызметін жүзеге асыратын орны бойынша;
- салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу және салық есептілігін беру орны бойынша мынадай тәртіпте ашылады.

Жеке тұлға үшін дербес шоттар:
- тұрғылықты орны бойынша;
- орналасқан және/немесе салық салу объектісін тіркеу орны бойынша;
- кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыратын орны бойынша мынадай тәртіпте ашылады.

Ескерту. 23-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

24. Салық салу объектілері бойынша жеке тұлғалар үшін дербес шоттар салық салу объектілерін есепке алу және (немесе) тіркеуді жүзеге асыратын уәкілетті органдар берген мәліметтер және Салық кодексінде белгіленген тәртіпте салық органдарында мемлекеттік тіркеу немесе тіркеу есебіне қою кезінде резидент емес жеке тұлғалар беретін деректер негізінде ашылады.

25. Дербес шоттар мынадай резидент еместерге:

1) тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасында жеке кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыратын резидент емес жеке тұлғалар - олардың болған орны бойынша салық органдарында;

2) төлем көзінен табыс салығы салынбайтын және дербес есептеу мен төлеуге тиісті Қазақстан Республикасындағы көздерден кіріс алатын резидент емес жеке тұлғалар - олардың болған орны бойынша салық органдарында;

3) тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғалар - тұрақты мекеменің орналасқан орны бойынша салық органдарында;

4) меншік құқығында немесе Салық кодексінде көзделген өзге де құқықтарда салық салу объектілері Қазақстан Республикасында бар резидент емес болып табылатын заңды және жеке тұлғалар - салық салу объектілерінің орналасқан орны бойынша салық органдарында;

5) тәуелді агенттер арқылы Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын резидент еместер (резидент еместер және қызметі резидент еместердің тұрақты мекемесін құратын резидент еместің атынан келісім-шарт жасау құқығы бөлінген өзге де резидент еместер) - тәуелді агент жеке тұлғалардың тұрғылықты (болған) орны бойынша, тәуелді агент заңды тұлғалардың орналасқан орны бойынша салық органдарында ашылады.

Резидент емес болып табылатын заңды және (немесе) жеке тұлғалар тұрақты мекеме құрмай Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асырған жағдайда, дербес шоттар салық агенттерінің орналасқан орны бойынша салық органдарында салық агенттерінде ашылады.

26. Дербес шот бюджет кірісі жіктемесінің коды бойынша осы Ереженің N 5 қосымшасына сәйкес, сондай-ақ салық тексерулерін жүргізу кезінде есептелген міндетті төлемдердің сомалары бойынша ашылады.

Ескерту. 26-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

27. Дербес шоттар: олар салық органына есепке қабылданған сәттен бастап - салық төлеушіні (салық агентін) бастапқы есепке қойған; өткен жылғы дербес шоттан сальдоны көшіре отырып жаңа қаржы жылынан бастап болмаса салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеу (қосып есептеу) және төлеу уақытынан бастап - салық төлеушіні (салық агентін) есепке қойған әр ж ы л ғ а а ш ы л а д ы .

Өткен қаржы жылы үшін дербес шоттан көшірілген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар, өсімақылар, айыппұлдар берешек кезінде - (-) белгісімен, қайта төлеу кезінде - (+) белгісімен тиісті "Сальдо" деген бағандарда көрсетіледі.

Ескерту. 27-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

27-1. Төлеу мерзімі өзгертілген импортталатын тауарларға қосылған құн салығы бойынша дербес шот төлемнің белгіленген тиісті кодын көрсете отырып импортталатын тауарлар бойынша қосылған құн салығының сомасын бюджетке төлеу сәтінен бастап немесе импортталатын тауарларға қосылған құн салығы бойынша салық міндеттемелерін орындау мерзімі келген салық кезеңі үшін Қосылған құн салығы бойынша декларация салық органына берілген сәттен б а с т а п а ш ы л а д ы .

Ескерту. 27-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

27-2. Дербес шотта мынадай жазбалар жүргізіледі:

"Төлеу мерзімі" 4-бағанда мынадай күндердің бірі көрсетіледі:

1) өндірістік қайта өңдеуге арналған импортталатын тауарлар бойынша қосылған құн салығын өтеу үшін белгіленген төлеу күні;

2) импортталатын су, газ, электроэнергия бойынша қосылған құн салығын өтеу үшін белгіленген төлеу күні;

"Есептелді" 7-бағанда осы Ережеге 17-қосымшаға сәйкес салық міндеттемесін орындау мерзімі өткен соң есептелген, төлеу мерзімі өзгертілген импортталатын тауарлар бойынша қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

Төлеу мерзімі өзгертілген импортталатын тауарлар бойынша қосылған құн салығының бюджетке төленген сомасы төлемнің белгіленген тиісті коды көрсетіле отырып дербес шоттың "Төленді" 9-бағанында көрсетіледі.

Төлеу мерзімі өзгертілген импортталатын тауарлар бойынша қосылған құн салығының өтелмеген сомасына өсімақы салықты төлеудің өзгертілген мерзімі

өткеннен кейінгі бірінші күннен бастап есептеледі.

Ескерту. 27-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

28. Заңды тұлғалардың дербес шоттарында мынадай деректемелер көрсетіледі:

1) т о л ы қ а т а у ы ;

2) С Т Н ;

3) бюджет кірісінің жіктемесі бойынша салық (төлем) коды;

4) К М Ж Ж , Э Қ Ж Ж к о д ы ;

5) с а л ы қ р е ж и м і н і ң т ү р і ;

6) өзіне қосылған құн салығы бойынша есепке қою сериясын, нөмірін және күнін кіргізетін қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәліктің деректемелері (ҚҚС бойынша дербес шот ашу кезінде);

7) жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттар туралы мәліметтер: келісім-шарттың нөмірі мен күні.

Ескерту. 28-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

29. Жеке кәсіпкерді қоса алғанда, жеке тұлғалардың дербес шоттарында мыналар көрсетіледі:

1) С Т Н ;

2) а т ы - ж ө н і ;

3) бюджет кірісінің жіктемесі бойынша салық (төлем) коды;

4) К М Ж Ж , Э Қ Ж Ж к о д ы ;

5) с а л ы қ р е ж и м і н і ң т ү р і ;

6) өзіне қосылған құн салығы бойынша есепке қою сериясын, нөмірін және күнін кіргізетін қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәліктің деректемелері (ҚҚС бойынша дербес шот ашу кезінде);

7) жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттар туралы мәліметтер: келісім-шарттың нөмірі мен күні.

Ескерту. 29-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

30. Дербес шоттарды ашу, жүргізу, беру, жабу кезінде тіркеу деректерінен салық төлеушілер (салық агенттері) туралы қажетті ақпарат пайдаланылады.

31. Заңды тұлғалардың филиалдары мен құрылымдық бөлімшелерінің дербес шоттарын ашу кезінде, жоғарыда көрсетілген деректемелерден басқа, қосымша заңды тұлғаның өзінің СТН көрсетіледі.

32. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің жекелеген түрлерін есептеу бойынша міндеттеме уәкілетті органдарға жүктелген жағдайларда, салық төлеушінің (салық агентінің) дербес шоттары уәкілетті

органдардан тиісті құжаттарды алу бойынша келесі күннен кешіктірмей ашылады.

Ескерту. 32-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

33. Арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілердің дербес шоттарында салық төлеушінің өтініші негізінде Салық кодексіне сәйкес арнаулы салық режимдерінің түрлері көрсетіледі.

34. Қызметі жалдамалы еңбекті пайдаланбастан біржолғы талон негізінде эпизодтық сипаты бар жеке кәсіпкерлер ретінде тіркелмеген жеке тұлғаларға дербес шоттар ашылмайды. Бір жолғы талон бойынша қызметін жүзеге асыратын жеке тұлғалардан жеке табыс салығы бойынша салық міндеттемесінің есебі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес біржолғы талондар беру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыратын мемлекеттік органдарға ашық дербес шоттарда жүргізіледі.

Ескерту. 34-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

35. Салық төлеушінің орналасқан орнының өзгеруі, заңды тұлғаны таратып жазу, қайта ұйымдастыруға байланысты дербес шоттарды ашу, жабу, беру; салық төлеушіні банкрот деп тану; соттың жеке тұлғаны хабарсыз жоғалған, қайтыс болған деп тануы, оны өлді деп жариялау туралы сот шешімінің күшіне енуі кезінде - салық органдары:

1) заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді, қайта тіркеуді және таратып жазуды жүзеге асыратын;

2) статистика;

3) салық салу объектілерін есепке алу және (немесе) тіркеуді жүзеге асыратын;

4) лицензия, куәлік немесе өзге де рұқсат беруші және тіркеу сипаттағы құжаттарды беретін;

5) Қазақстан Республикасында олардың тұрғылықты орны бойынша жеке тұлғаларды тіркеуді жүзеге асыратын;

6) азаматтық хал актілерді тіркеуді жүзеге асыратын;

7) нотариалдық іс-қимылдарды жасауды жүзеге асыратын;

8) қамқорлық және қамқоршылық;

9) сот органдарымен тиісті уәкілетті органдар берген құжаттарды басшылыққа алады.

Алынған құжаттардың мазмұнына қатысты жауапты бөлім Салық кодексіне сәйкес шешім қабылдайды және есеп бөліміне салық төлеушінің дербес шотындағы тиісті операцияларды жүргізу үшін ақпаратты береді.

6-тарау. Дербес шоттарды жүргізудің тәртібі

36. Дербес шоттарда жазбалар тиынға дейін жүргізіледі.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

37. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, міндетті зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдарды, және өсімақыларды есептеу (қосып есептеу), кеміту, түсіру, қайтару, есепке алу, төлеу мерзімін өзгерту бойынша дербес шоттардағы жазбалар Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдарды және өсімақыларды сомасын есептеуге (кемітуге) тізілім (N 12 қосымша), төлем құжаттары қоса берілген Қазынашылық органдарының күнделікті тізімдемесі; уәкілетті органдар берген құжаттар; Салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту жөніндегі Тізілім (N 13 қосымша) негізінде жүргізіледі.

Ескерту. 37-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

38. Дербес шотта әрбір операцияны өткізу кезінде: операция жазбасы жазылған күн, операция мазмұны және (немесе) негізінде жазба жүргізілген құжат.

39. Операция жазбасы жазылған әрбір күні салық төлеушінің (салық агентінің) салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдері, міндетті зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар есептерінің сальдосы, өсімақы, айыппұлдар сомасы айқындалады.

Ескерту. 39-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

40. Дербес шот бойынша ай сайын, тоқсан сайын есепті ай үшін, тоқсан үшін және өспелі жиынтықпен небәрі жыл үшін салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар, өсімақылар мен айыппұлдардың есептелген (қосып есептелген), кемітілген, төленген, қайтарылған сомасы бойынша жалпы жиынтық есептеп шығарылады.

Ескерту. 40-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

41. Салық және басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдарды есептеу (қосып есептеу), кеміту, төлеу, қайтару бойынша барлық жазбалар "Есептелді", "Кемітілді", "Қайтарылды" деген бағандарға бөлінетін "Салық және басқа да міндетті төлемдер бойынша есептер" деген жалпы бағанда жүргізіледі.

Дербес шоттың "Есептер сальдосы (Бересі (-), немесе (Артық төлеу (+))" деген

бағаны мынадай арифметикалық әрекет негізінде есептеледі:

Есепті салық кезеңнің басына есептер сальдосы" деген баған алынған "Есептелді" бағаны қосылған "Кемітілді" бағаны қосылған "Төленді" бағаны алынған "Қайтарылды" бағаны қосылған "Өзгертілген салық міндеттемесін орындау мерзімі бойынша салық (төлем) сомасы" деген баған.

Ескерту. 41-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 , 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

42. Дербес шотта әрбір қаржы жылының бірінші қаңтарындағы жағдай бойынша соңғы бес жыл үшін негізгі салықтың (төлемнің) бересі сомасы көрсетіле отырып, есепті жылдың басына "Бересінің сальдосы (-)" деген бағанға а ж ы р а т у жү р г і з і л е д і .

Дербес шоттардың нысандарында салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша ағымдағы жылдың басына бересінің соңғы 5 жылдық тарихын көрсету үшін арнайы жолдар енгізілген.

43. Өсімақыларды есептеу, кеміту, төлеу, қайтару бойынша барлық жазбалар "Өсімақылар есептелді", "Кезең", "Өсімақылар төленді (қайтарылды)" деген бағандарға бөлінетін "Өсімақыларды есептеу бойынша есептер", "Өсімақылар сальдосы" деген жалпы бағанда жүргізіледі.

"Өсімақылар сальдосы (Бересі (-), немесе (Артық төлеу (+))" деген бағаны мынадай арифметикалық әрекет негізінде есептеледі:

Есепті салық кезеңнің басына өсімақылар сальдосы" деген баған алынған "Өсімақы есептелді" бағаны қосылған "Өсімақы кемітілді" бағаны қосылған "Өсімақы төленді" бағаны алынған "Өсімақы қайтарылды" бағаны қосылған "Өзгертілген салық міндеттемесін орындау мерзімі бойынша өсімақы сомасы" д е г е н б а ғ а н .

Ескерту. 43-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

44. Айыппұлдарды есептеу, кеміту, төлеу, қайтару бойынша барлық жазбалар "Айыппұл есептелді", "Айыппұл төленді (қайтарылды)", "Айыппұл сальдосы" деген бағандарға бөлінетін "Айыппұлды есептеу бойынша есептер" деген жалпы б а ғ а н д а жү р г і з і л е д і .

"Айыппұл сальдосы (Бересі (-), немесе (Артық төлеу (+))" деген бағаны мынадай арифметикалық әрекет негізінде есептеледі:

Есепті салық кезеңнің басына айыппұлдар сальдосы" деген баған алынған "Айыппұл есептелді" бағаны қосылған "Айыппұл кемітілді" бағаны қосылған "Айыппұл төленді" бағаны алынған "Айыппұл қайтарылды" бағаны қосылған "

Өзгертілген салық міндеттемесін орындау мерзімі бойынша айыппұл сомасы" деген баған.

"Қайтарымдарды шегерумен жылдың басынан бастап барлығы енгізілді" бағаны "Қайтарылды (-)" бағаны бойынша тиісінше қайтарымдар сомасын есепке ала отырып, салық жылының басынан өспелі жиынтықпен салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, міндетті зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдарды, өсімақылар мен айыппұлдарды төлеудің жиынтықтау көрсеткіші негізінде есептеледі.

Ескерту. 44-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 , 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

45. Дербес шоттың "Салық міндеттемесін орындау мерзімінің өзгерісі жөніндегі мәлімет" деген бағанында есеп бөліміне жауапты бөлім беретін Салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту жөніндегі Тізілім (N 13 қосымша) негізінде салықты (төлемді) және өсімақы өтеу сомасы мен кестесі бөлек көрсетіледі.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

46. Салық төлеушілердің салық міндеттемесін орындау есебі үшін бюджетке төлеуге саналатын бірнеше арнаулы салық режимдері бойынша және (немесе) жалпы белгіленген режим кезінде (бөлек есепте) салық және бюджетке төленетін төлемдер жекелеген төлем тапсырмалары бойынша жүргізілуі қажет. Бұл ретте, төлем құжатында таңдалған арнаулы салық режиміне тиісті төлемді белгілеудің бірыңғай кодын, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 15 қарашадағы N 388 қаулысымен (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық кесімдерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1011 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеушісін - төлем белгілеудің бірыңғай жіктеушісін қолдану ережесінің 2 қосымшасына сәйкес дұрыс көрсету қажет.

Ескерту. 46-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

7-тарау. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің есептелген (қосып есептелген) сомасының есебі

47. Заңды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша салық міндеттемелерінің жазбасы дербес шоттың "Есептелді", "Кемітілді" бағанында бақылау үшін есеп бөліміне

жауапты бөлім берген Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар және өсімақылардың сомасын есептеуге (кемітуге) (N 12 қосымша) негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 47-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 , 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

48. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар және өсімақылардың сомаларын есептеуге (кемітуге) тізілім салық есептілігі негізінде және қабылдаған күні жауапты бөлім мынадай:

салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің әрбір түрі бойынша салық төлеуші (салық агенті) жасауға тиісті салық декларациялары, есептер;

патент негізінде арнаулы салық режимін қолдануға өтініш;
қосарланған салық салудан қашу туралы халықаралық шарттардың ережелерін қолдануға өтініш;

уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысан бойынша нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналым бойынша қосылған құн салығын қайтару туралы салық төлеушінің өтінішін қараудың қорытындылары;

салық тексерулерінің қорытындылары;

камералды бақылау қорытындылары;

уәкілетті органдардан алынған мәліметтер негізінде жасайды.

Ескерту. 48-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 , 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

49. Салық есептілігі салық төлеушілермен (салық агенттерімен) немесе олардың өкілдерімен салық органдарына Салық кодексімен белгіленген мерзімдерде және тәртіпте беріледі.

50. Салық есептілігі "кемітуге" берілген жағдайда дербес шотқа жазба салық есептілігін Салық кодексімен белгіленген төлеу мерзімімен берілген күнмен жүргізіледі.

51. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар және өсімақылардың сомасын есептеуге (кемітуге) тізілімде:

1) "Салық есептілігі бойынша есептеуге (кемітуге)" деген бағандарда - Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша салық төлеушінің

(салық агентінің) салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар бойынша дербес шотында көрсетілуге тиісті салық есептілігінің нысандарынан деректер тізбесіне (N 17 қосымша) сәйкес есептелетін немесе кемітілетін салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың сомасы;

2) "Салық тексеруінің қорытындысы бойынша хабарламамен есептеуге (кемітуге)" деген бағандарында - салық тексеруі актісі бойынша хабарламалар негізінде есептеу немесе кемітуге салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, өсімақылар, міндетті зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың сомасы;

3) "Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы бойынша есептеуге" деген бағандарда - қаулылар негізіндегі айыппұлдардың сомасы;

4) өндірістік қайта өңдеуге арналған тауарларды импорттауға, сондай-ақ импортталатын су, газ, электр энергиясына қосылған құн салығы, төлеу мерзімі өзгертілген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша салық төлеушінің (салық агентінің) дербес шотында көрсетілуге жататын Салық есептілігінің нысандарынан деректер тізбесінің негізінде төлеу мерзімінің өзгеруі мерзімінің өтуі бойынша көрсетіледі;

5) оларды төлеу мерзімі;

6) күні, тиісінше құжатты тапсырған және қабылдаған қызметкердің аты-жөні және қолы көрсетілуі қажет.

Ескерту. 51-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

52. Салық міндеттемелерінің шетелдік валютада орындалуын көздейтін жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттардың ережелеріне сәйкес салық төлеуші (салық агенті) шетелдік валютада салық есептілігін заңнамада белгіленген мерзімде, сондай-ақ мерзімінен бұрын табыс еткен жағдайларда және салық есептілігін уақтылы бермеген кезде, салық есептілігі деректерін ұлттық валюта-теңгемен дербес шотқа таратып жазу үшін салық есептілігін берген күнге валюта айырбасының нарықтық бағамы қолданылады.

Жер қойнауын пайдаланушылар салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеген кезде, салық міндеттемелерінің шетелдік валютада орындалуын көздейтін жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттардың ережелерімен бюджетке төленген салық және басқа да міндетті төлемдер сомасын салық төлеушінің дербес шотына таратып жазу төлем құжаттары мен Қазынашылық органдары есебі бойынша ұлттық валюта-теңгемен жүргізіледі.

Салық есептілігін табыс еткен күнге және төлемдерді қайта айырбастау күніне белгіленген валюта айырбасының бағамын қолдану нәтижесінде дербес

шотта туындаған валюта бағамындағы айырма дербес шоттың "Қоса есептелді" немесе "Кемітілді" бағандары бойынша тиісті жазба жүргізу арқылы түзетіледі.

Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігінің 2007.11.09. N 383 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

53. Алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігінің 2007.11.09. N 383 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

54. Алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігінің 2007.11.09. N 383 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

55. Дербес шотта тиісті жазбадан кейін, есеп бөлімінің қызметкері дербес шотта жүргізілген жазба туралы салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, міндетті зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың және өсімақылардың сомаларын есептеуге (кемітуге) тізілімінде белгі жүргізуге, есеп бөлімі қызметкерінің аты-жөнін көрсетуге, қолы мен күнін қ о ю ғ а т и і с .

Ескерту. 55-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

56. Салық төлеушінің (салық агентінің) жазбаша өтініші бойынша салық декларациясын беру мерзімдерін ұзартқан жағдайда, уәкілетті мемлекеттік орган үш айдан артық емес кезеңге дербес шотқа салық төлеу мерзімін өзгертпейді.

57. Салық төлеушімен (салық агентімен) салық есептілігі нөлдік есептеулермен немесе сызықшалармен берілген кезде, дербес шоттағы жазба Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, міндетті зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың және өсімақылардың сомаларын есептеуге (кемітуге) тізілім негізінде жүргізіледі, дербес шоттың "Есептелді" және "Кемітілді" бағандарында нөл (0) көрсетіледі.

Ескерту. 57-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

58. Салық төлеуші (салық агенті) салық төлеушінің, салық агентінің дербес шоттарына таратып жазуға жататын тиісті ұяшықтарда көрсеткіштері жоқ салық есептілігін берген кезде Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, міндетті зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың және өсімақылардың сомаларын есептеуге (кемітуге) тізілімінің "Есептелді" ба ғ а н ы н д а н ө л кө р с е т і л е д і .

Ескерту. 58-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

8-тарау. Жеке тұлғалардың дербес шоттарындағы есептелген салықтар сомасының есебі

59. Жеке тұлғалардан, соның ішінде резидент емес жеке тұлғалардан мүлік салығы және жер салығы сомасын есептеу уәкілетті органдар берген мәліметтер

негізінде, салық органдарында мемлекеттік тіркеуге қою немесе тіркеу есебі кезінде резидент емес жеке тұлғалардың берген деректері негізінде салық органдарымен жүргізіледі.

Осы мәліметтер негізінде салық органының жауапты бөлімі әрбір жеке тұлға салық төлеуші, соның ішінде резидент емес жеке тұлға бойынша мүлік салығы мен жер салығын есептеуді жүргізеді және салық төлеушіге бұдан әрі беру үшін ТҚ-4ЖТ нысанының (N 37 қосымша) хабарламасы екінші жақ бетіне орналастырылып салық органы есептеген Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомасы туралы хабарлама жазып береді.

Салық органы есептеген Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомасы туралы хабарлама негізінде Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, дербес шотта көрсетілген соманы жазу үшін және міндетті зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдарды және өсімақылардың сомасын есептеуге (кемітуге) тізілім толтырылады.

Ескерту. 59-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 , 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

60. Жергілікті атқарушы органдар салықтарды жинауды жүзеге асырған жағдайда, салық органдары 5-і күнінен кешіктірмей негізінде уәкілетті мемлекеттік орган және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілеген түбіртектері немесе N 1 ЖТ нысанының түбіртектері бойынша осы салықтарды жинауды жүзеге асыруы мүмкін жеке тұлға салық төлеушілер төлейтін мүлік салығы, көлік салығы және жер салығы жөніндегі Мәліметті жергілікті атқарушы органдар береді (N 40 қосымша).

61. Көрсетілген мәліметтерде мынадай ақпараттар болуы қажет:

- 1) салық төлеушінің аты-жөні;
- 2) С Т Н ;
- 3) тұрғылықты мекен-жайы;
- 4) өткен жылдар үшін бересі сомасы;
- 5) ағымдағы жылға төленетін сома:
мүлік салығы ;
жер салығы ;
- 6) есептелген өсімақы сомасы;
- 7) есептелген айыппұл сомасы;

8) жеңілдіктер беру туралы мәлімет, сондай-ақ көлік құралдары салығы бойынша салық органдарының деректері бойынша төлеуге салықтың сомасы анықтамалық көрсетіледі.

9-тарау. Салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту кезіндегі есеп

62. Осы тараудың ережелері өндірістік қайта өңдеуге арналған тауарларды импорттауға, сондай-ақ импортталатын су, газ, электр энергиясына қосылған құн салығын төлеу мерзімі өзгертілген кезде есепке алуға таралмайды.

63. Республикалық бюджетке түсетін, сондай-ақ республикалық және жергілікті бюджеттер арасында бөлінетін салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемелерін орындау мерзімін өзгерту үшін салық төлеуші уәкілетті мемлекеттік органға негіздемелі өтініш беруге тиіс.

Толық көлемде жергілікті бюджеттерге - салық төлеушінің тіркелген орны бойынша салық органына түсетін салық бойынша.

Салық төлеушінің өтінішін қарағаннан және салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту туралы шешім шығаруға уәкілетті орган шешім шығарғаннан кейін жауапты бөлім:

1) Салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындаудың өзгерген мерзімдерін тіркеу журналы (N 33 қосымша);

2) Салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерінің өзгеруі бойынша Тізілім (N 13 қосымша) жүргізеді.

Салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту бойынша тізілімді дербес шотта көрсетілген салықтар сомасын көрсету үшін салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерінің өзгеруі туралы шешім қабылданған күні есеп бөліміне жауапты бөлім береді.

64. Дербес шотта мынадай жазбалар жүргізіледі:

"Төлеу мерзімі" бағанында бекітілген кестеге сәйкес салықты төлеу күні
к ө р с е т і л е д і ;

"Салық сомасы" бағанында төлеу мерзімі өзгертілген салықтың жалпы
с о м а с ы к ө р с е т і л е д і ;

"Өтеу кестесі" бағанында салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту бойынша тізілімде көрсетілген салықты төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау кестесіне сәйкес төлеу мерзімі өзгертілген салық сомасы көрсетіледі.

"Өтеу кестесі" бағанындағы төлеу мерзімі өзгертілген салық сомасының жиынтығы "Салық сомасы" бағанындағы салықтың жалпы сомасына тең болуы
т и і с .

Ескерту. 64-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

65. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің және зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар сомаларының түсімдері мен

бересілері туралы" 1Н есептегі салықты төлеу бойынша салық міндеттемесін орындаудың өзгертілген мерзімімен салықтың сомасы бересі сомасында көрсетілмейді.

Ескерту. 65-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

66. Бекітілген кестеге сәйкес төлеу мерзімі өзгертілген салықтың сомасы бюджетке түскен кезде дербес шоттың "Салық сомасы" деген бағанында дербес шоттың "Төленді" деген бағанында көрсетілетін сома, бірақ "алу" белгісімен көрсетіледі.

Төлеу мерзімдері өзгертілген салықтар сомасын өтеуге қарай, кестеге сәйкес бекітілген төлеу мерзімдері сақталған ретте дербес шоттың "Салық (төлем) сомасы" бюджетке түскен сомаға азайтылатын болады.

Салық төлеуші төлеу мерзімі өзгертілген салық сомасын бекітілген өтеу кестесін сақтай отырып толық өтеген жағдайда, дербес шоттың "Салық (төлем) сомасы" бағанының жиынтығы нөлге тең болады.

Ескерту. 66-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

67. Салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту салық төлеушіні бюджетке салық сомаларын уақтылы төлемегені үшін өсімақы төлеуден босатпайды. Төлеудің өзгертілген мерзімдері бойынша салық сомасына өсімпұл есептеу осы Ережелердің 3-бөлімінде көрсетілген тәртіпте жүргізіледі.

68. Салық төлеуші шешімде белгіленген мерзім өткенге дейін салықтардың барлық сомасын төлеген немесе салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту шарттарын бұзған жағдайда, салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту туралы шешімнің күші мерзімінен бұрын тоқтатылады.

Салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту шарттарын салық төлеуші бұзған жағдайда, көрсетілген сома "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің және зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар сомаларының түсімдері мен бересілері туралы" 1Н нысандағы есепте көрсетіледі.

Ескерту. 68-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

69. Дербес шотта "Салық сомасы" бағаны бойынша төлеу мерзімі өзгертілген, бірақ "алу" белгісімен салықтың барлық сомасы жүргізіледі, соның нәтижесінде "Салық сомасы" бағанының жиынтығы нөлге тең болуы тиіс.

N 1 мысал. А. салық төлеуші тіркелген орны бойынша салық органына 2002 жылғы 15 қаңтардан 2002 жылғы 15 ақпанға дейін 60 000 теңге көлемінде

әлеуметтік салықты төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту туралы өтініммен және өтеу кестесін қосып өтініш берді.

Уәкілетті орган өтінішті қарағаннан және шешім қабылдағаннан кейін өтініш Салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындаудың өзгерген мерзімдерін тіркеу журналына тіркеуге жатады. Уәкілетті органның шешімі негізінде салық органының жауапты бөлімі Салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту жөніндегі тізілімді толтырады.

Есеп бөлімінің қызметкері дербес шотта мынадай жазба жүргізеді.

(N 39 қосымшаның N 1 мысалы).

Көрсетілген мысалда 60 000 көлеміндегі бересінің сомасы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің және зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар сомаларының түсімдері мен бересілері туралы" 1-Н нысанының есебінде көрсетілмейді.

Төлеу кестесі мен мерзіміне сәйкес А. салық төлеуші 25 қаңтарда әлеуметтік салықты төлеу есебіне 20 000 теңге аударды. Жүргізілген операциялардың нәтижесінде А салық төлеушідегі бересі өтеледі ("Салық есептерінің сальдосы" деген баған нөлге тең). "Салықты төлеу бойынша салық міндеттемелерін орындаудың өзгерген мерзімімен салық сомасы" деген баған нөлге тең.

Ескерту. 69-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

70. Өтеу үшін сот шешімі бойынша жарияланған акцияларды мәжбүрлеп шығару жүргізілген акционерлік қоғамдардың салық берешегі сомаларын төлеу бойынша салық міндеттемесінің орындалу мерзімдерін өзгертуді есепке алу үшін

, жауапты бөліммен мыналар:

1) Акционерлік қоғамдардың салық берешегінің сомаларын төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту бойынша өкімдерді есепке алу журналы (N 34 қосымша);

2) Өтеу үшін сот шешімі бойынша жарияланған акцияларды мәжбүрлеп шығару жүргізілген акционерлік қоғам салық берешегінің сомаларын төлеу бойынша салық міндеттемелерін орындау мерзімдерін өзгерту жөніндегі Тізілім (N 20 қосымша) жүргізіледі.

Өтеу үшін сот шешімі бойынша жарияланған акцияларды мәжбүрлеп шығару жүргізілген акционерлік қоғам салық берешегінің сомаларын төлеу бойынша салық міндеттемелерін орындау мерзімдерін өзгерту жөніндегі тізілім, жауапты бөліммен акционерлік қоғамдардың салық берешегі сомаларын төлеу бойынша салық міндеттемесінің орындалу мерзімдерін өзгерту туралы сот шешімі алынған күні есеп бөліміне беріледі.

Акционерлік қоғамның дербес шотында мынадай жазбалар жүргізіледі:

1) "Операциялардың мазмұны" бағанында:

жарияланған акцияларды мәжбүрлеп шығару туралы сот шешімі бойынша
т ө л е у м е р з і м і н ө з г е р т у ;

жарияланған акцияларды мәжбүрлеп шығару туралы сот шешімінің күшіне
е н у к ү н і ;

жарияланған акцияларды орналастырудың (сатудың) аяқталу мерзімі
к ө р с е т і л е д і ;

2) "Төлеу мерзімі" бағанында жарияланған акцияларды мәжбүрлеп шығару туралы сот шешімінің күшіне ену күні және жарияланған акцияларды орналастырудың (сатудың) аяқталу мерзімі көрсетіледі;

3) "Салық сомасы" бағанында өтеу үшін сот шешімі бойынша жарияланған акцияларды мәжбүрлеп шығару жүргізілген акционерлік қоғам салық берешегінің сомасы көрсетіледі. Есеп бөлімінің қызметкері дербес шотта N 2 мысалда (N 39 қосымша) көрсетілгендей жазба жүргізеді.

Жарияланған акцияларды мәжбүрлеп шығару туралы сот шешімінің күшіне ену күнінен бастап оларды орналастырудың (сатудың) аяқталу күніне дейін (көрсетіліп отырған мысалда - 15 наурыз 2002 ж. бастап 12 маусым 2002 ж. дейін) дербес шотта өсімақы есептелмейді.

Ескерту. 70-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

10-тарау. Салық тексеруі актісі бойынша салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер есебі

Ескерту. 10-тараудың мәтініне өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

71. Салық кодексінде белгіленген мерзімдердегі салық тексеруі қорытындысы бойынша салық төлеушіге (салық агентіне) уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысан бойынша Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер және өсімақылардың есептелген сомасы туралы хабарлама табыс етіледі.

72. Салық төлеушіге (салық агентіне) хабарлама табыс етілген күннен және салық қызметінің жоғары тұрған (уәкілетті) органының шешімі шығарылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде салық, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер және өсімақылардың есептелген сомалары салық тексерулері нәтижелері және әкімшілік жаза қолдану туралы қаулылар бойынша салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, міндетті зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың және өсімақылардың сомасын есептеуге (кемітуге) тізілімде (N 12-1-қосымша) көрсетіледі.

Ескерту. 72-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

Бұл ретте есеп бөлімінің қызметкерлері есептелген (кемітілген) және дербес шоттарға таратылған сомалардың толықтығын және дұрыстығын тексереді.

Ескерту. 75-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

76. Салық тексеруі нәтижелері бойынша салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер мен өсімақылардың есептелген сомасы туралы хабарламаны берген сәттен бастап отыз жұмыс күні ішінде мерзімінде орындалмаған салық міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдері және салық берешектерін мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары қолданылмайды.

Ескерту. 76-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

77. Салық тексеруі актісі бойынша салық төлеушінің шағымы жоқ болған жағдайда отыз күн өтуі бойынша мерзімінде орындалмаған салық міндеттемесін қамтамасыз ету тәсілдері және салық берешегін мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары қолданылады. Бұл ретте өсімпұл салық тексеру аяқталған күннен б а с т а п е с е п т е л е д і .

Ескерту. 77-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 , 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

78. Егер салық төлеуші салық тексеруі нәтижелері бойынша салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер және өсімақылардың есептелген сомасы бойынша хабарламаны мерзімінен бұрын орындаса, өсімпұл салық тексеруі нәтижелері бойынша есептелген сомаларды төлеу күнінен бастап салық тексеруі аяқталған күннен бастап есептеледі.

79. Салық кодексінің 32-бабының 3-тармағына сәйкес салық тексерулерінің нәтижелері бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдері салық төлеушінің өтініші бойынша алпыс жұмыс күніне ұзартылуы мүмкін.

Бұл ретте салық және басқа міндетті төлемдердің аталған сомасы бюджетке төлеу мерзімінің ұзартылған әрбір күні үшін айыпақы есептеумен төленуге жатады және осы кезеңнің әрбір он бес жұмыс күні сайын тең үлестермен төленеді.

80. Салық тексеруінің актісі бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін ұзарту кезінде есептелген сомалар салық төлеушінің дербес шотында "Салық міндеттемесін өзгерту бойынша мәліметтер" бағанында к ө р с е т і л е д і .

Салық тексеруінің қорытындысы бойынша салық міндеттемелерінің

сомаларын төлеу мерзімін ұзарту кезінде дербес шотта мынадай операциялар көрсетіледі.

№ 3 мысал. Б салық төлеушіні тексеру актісі бойынша 100 000 теңге сомасында есептелген және шағым жасалынбаған әлеуметтік салығы 2002 жылғы 15 қаңтарға төлеу мерзімі көрсетіліп, салық тексерулері нәтижелері және әкімшілік жаза қолдану туралы қаулылар бойынша салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, міндетті зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың және өсімақылардың сомасын есептеуге (кемітуге) тізілім (№ 12-1-қосымша) есеп бөліміне берілді (№ 39 қосымша, № 3 мысал (1)).

2002 ж. 15 қаңтар төлем мерзімі бойынша "Есептелді" деген бағанында 100 000 теңге сомасында жазба жүргізіледі.

Салық төлеуші Б 2002 жылғы 14 қаңтарда алпыс жұмыс күніне 100 000 теңге мөлшерінде тексеру актісі бойынша әлеуметтік салық төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындау мерзімдерін ұзарту туралы өтінішті тіркеу орны бойынша салық органына береді.

Өтініш Салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындаудың өзгерген мерзімдерін тіркеу журналында тіркеуге жатады.

Салық органының жауапты бөлімі Салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту жөніндегі тізілімді толтырады (№ 13 қосымша). Салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту жөніндегі тізілім негізінде тексеру актісі бойынша есептелген сомаларды өндіріп алу алпыс жұмыс күні өткенге дейін тоқтатыла тұрады. Дербес шотта жазба әрбір он бес жұмыс күні сайын тең үлеспен алпыс жұмыс күніне 100 000 теңге есептелген соманы төлеуді ұзарту мерзімі көрсетілген Салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту жөніндегі өкім негізінде жүргізіледі (№ 39 қосымша, № 3 мысал (1)).

Көрсетілген мысалда өсімақы төлеу мерзімдеріне қарамастан, яғни, 16.01.02 жылдан бастап 100 000 теңге бересінің барлық сомасына есептеледі. 1-Н нысанының есебінде 100 000 теңге мөлшеріндегі бересінің сомасы көрсетілмейді.

Төлеу кестесі мен мерзіміне сәйкес салық төлеуші Б. 4 ақпанда тексеру актісі бойынша 25 000 теңге аударды. Дербес шотта мынадай операциялар жүргізілуі қажет (№ 39 қосымша, № 3 мысал (2)).

Жүргізілген операциялардың нәтижесінде Б. салық төлеушідегі бересі өтеледі ("Салық есептерінің сальдосы" деген баған нөлге тең). "Салықты төлеу бойынша салық міндеттемелерін орындаудың өзгерген мерзімімен салық сомасы" деген баған нөлге тең.

Ескерту. 80-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық

комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

81. Егер салық төлеуші салық тексеруі актісіне заңнамада белгіленген мерзімде шағым жасаса (хабарламаны табыс еткен сәттен бастап 30 жұмыс күні ішінде), осы шағым бойынша шешім шығаруға дейін мерзімінде орындалмаған салық міндеттемелерін қамтамасыз ету тәсілдері және салық берешегін мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары қолданылмайды. Салық төлеуші шағым жасаған салық тексеруінің актісі бойынша есептелген сомалар салық төлеушінің дербес шотында "Салық міндеттемесін өзгерту бойынша мәліметтер" бағанында көрсетіледі.

Ескерту. 81-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 , 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

82. Салық тексеруінің актісі бойынша хабарламаға, хабарламада көрсетілген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің және өсімақының есептелген барлық сомасына емес, тек оның даулы бөлігіне салық төлеушімен шағым берілген жағдайда, дербес шотқа салық тексерулері нәтижелері және әкімшілік жаза қолдану туралы қаулылар бойынша салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, міндетті зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың және өсімақылардың сомасын есептеуге (кемітуге) тізілім (N 12-1-қосымша) деректерінен салық төлеушімен шағым берілмеген соманың бөлігін таратып жазу жүргізіледі.

83. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер мен өсімақылардың талас тудырмайтын бөлігі, шағым жасауға заңдармен белгіленген мерзімдері біткен соң өндіріп алудың мәжбүрлеу шараларын қолданумен бюджетке өндіріп алуға жатады, бұл ретте өсімақылар салық тексерісін аяқтау (өңдеу) күнінен басталады. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің және өсімпұлдардың аталған сомалары шағым беруге арналған заңнамаларда белгіленген мерзім өткеннен кейін бюджетке өндіріп алуға жатады, бұл ретте өсімпұл салық тексеруі актісі аяқталған күннен бастап есептеледі.

84. Салық төлеуші шағымын қарау нәтижесі бойынша төмендегі шешімдердің үшеуінің бірі енгізілуі мүмкін:

- шағымды қанағаттандырусыз қалдыру;
- салық төлеушінің шағымын толық қанағаттандыру;
- салық төлеушінің шағымының бір бөлігін қанағаттандыру.

85. Шағымды қараудың қорытындысы бойынша салық төлеушінің шағымын толық немесе бір бөлігінде қанағаттандыру туралы шешім шығарылса, тексеру актісі бойынша дербес шоттарда есептелген сомалар түзетіледі. Салық тексеруін

жүргізудің қорытындысы бойынша дербес шоттағы салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің сомасына есептелген өсімпұл сомасы азайтылады. Тиісінше жауапты бөлімнің қызметкері есепке алу бөліміне салық тексерулері нәтижелері және әкімшілік жаза қолдану туралы қаулылар бойынша салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, міндетті зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың және өсімақылардың сомасын есептеуге (кемітуге) тізілімді (N 12-1-қосымша) бақылау үшін береді, онда жоғары тұрған салық (уәкілетті) органы немесе сот органының қабылданған шешімінде көрсетілген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер және өсімпұлдар сомалары "азайтуға" деп көрсетіледі.

Ескерту. 85-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

86. Шағымды қараудың қорытындысы бойынша шағымды қанағаттандырусыз қалдыру туралы шешім шығарылса, жаңа хабарлама қалыптастырылады (салық органдарына шағым берілген ретте) және дербес шотқа есептеу, салық тексерулері нәтижелері және әкімшілік жаза қолдану туралы қаулылар бойынша салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, міндетті зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың және өсімақылардың сомасын есептеуге (кемітуге) тізілім (N 12-1-қосымша) негізінде салық төлеушіге хабарламаны тапсыру күніне жүргізіледі. Бұл ретте салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің және өсімпұлдардың есептелген сомаларына міндеттемені ерікті түрде орындау үшін 10 жұмыс күні ішінде өсімпұл қолданылмайды.

Ескерту. 86-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

87. Шағымды қарау нәтижелері бойынша салық қызметі органы немесе сот салық төлеушінің (салық агентінің) шағымын қанағаттандырусыз қалдырса, осы сомалар салық берешегін өндіріп алудың мәжбүрлі шараларын қолдана отырып өндіріп алуға жатады. Дербес шотта салық тексеруі аяқталған күннен кейінгі күннен бастап салық берешегін орындауды кейінге қалдырудың әр күні үшін өсімпұл есептеледі.

8 8 . < * >

Ескерту. 88-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

89. Шағымды қарау нәтижелері бойынша салық қызметі органы немесе сот салық органының шағым жасалған хабарламасының бір бөлігінің күшін жойса және жаңа шешім шығарса, ол бойынша салық және бюджетке төленетін басқа

да міндетті төлемдердің және өсімақылардың есептелген сомалары туралы хабарлама қалыптастырылады. Салық қызметінің жоғары тұрған (уәкілетті) органының немесе сот органының қабылданған шешімінде көрсетілген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомалары салық төлеушінің дербес шотында көрсетіледі. Салық тексеруі актісі бойынша есептелген сомаларды төлеу мерзімі болып салық тексеруі актісін аяқтау күні болып табылады.

90. Шағым беру мерзімін қалпына келтіру уәкілетті мемлекеттік органның рұқсатымен болуы мүмкін. Бұл ретте шағым берілген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің сомасын өндіріп алу жүргізілмейді. Аталған сомаларға өсімақы тексеру актісін аяқтау (өңдеу) күнінен бастап есептеледі және оған мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары қолданылуы мүмкін.

91. Салық төлеушінің шағымын салық органдарында қарау мерзімін өзгерту (ұзарту, тоқтата тұру) салық төлеушінің хабарламасымен ғана болуы мүмкін, бұл ретте тексеру актісі бойынша салық міндеттемесін өндіріп алу тоқтатыла тұрады, өсімақы есептеу шағым бойынша түпкілікті шешім шығаруға дейін тоқтатыла тұрады (тек заңнамада белгіленген мерзімде шағым берген жағдайда).

92. Сотқа арыз бермеген жағдайда шағымды уәкілетті мемлекеттік органда қарау нәтижелері бойынша осы сомаларға берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары қолданылуы мүмкін.

Ескерту. 92-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 , 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

93. Салық тексеруі актісі бойынша хабарламаға бірінші саты сотына шағым берілген жағдайда салық тексеруі актісі бойынша салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің және өсімақылардың есептелген сомаларын өндіріп алу заңнамада белгіленген мерзімде тоқтатыла тұрады.

94. Бірінші саты соты шешім шығарғаннан кейін салық төлеуші сот шешіміне 15 күнтізбелік күн ішінде жоғары тұрған сотқа (екінші саты соты) шағымдана алады. Екінші сатыдағы соттың шешімі түпкілікті болып табылады. Екінші сатыдағы сотқа шағым беру мерзімін сақтаған жағдайда шағымды қарау мерзіміне салық тексеруі актісі бойынша салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің және өсімақылардың есептелген сомаларын өндіріп алу тоқтатыла тұрады, сонымен бірге өсімпұл есептеу де тоқтатыла тұрады.

95. Екінші саты соты шешім шығарғаннан кейін шығарылған сот шешімі бойынша есептелген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті

төлемдерге салық тексеруі аяқталған күннен бастап өсімпұл есептеу қалпына келтіріледі. Тексеру актісі бойынша салық берешегіне мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары қолданылады.

96. Салық төлеушіге салық тексеруі актілері бойынша шығарылған хабарламаларға, сондай-ақ салық тексеруі актісі бойынша шағымдарды қарау жөніндегі барлық шешімдерге сот органдарына шағым жасау құқығы берілген. Бұл жағдайда өсімпұл есептеу тоқтатыла тұрмайды, өйткені шағым беру мерзімдері бұзылған. Шағымды сотта қарау кезеңінде (шағым беру мерзімі бұзылған) салық төлеушінің дербес шотында өсімпұл есептелетін болады, өндіріп алуды кейінге қалдыру шағымды сотта қарау кезеңіне ғана қоса есептелген салықтар мен айыппұлдардың сомасына сотта шағымды қарау кезеңіне тоқтатыла тұрады. Бұл ретте өсімпұлдарға мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары қолданылуы мүмкін.

Ескерту. 96-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

97. Жоғары тұрған (уәкілетті) салық органына немесе сотқа шағым берілетін салықтар сомасы салық төлеушінің дербес шотында, тиісінше салыстыра тексеру актісінде көрсетіледі. Бюджетпен есеп айырысудың жай-күйі туралы анықтамада осы сомалар "шағым беру және шағымдалғандар сатысында тұрған салық тексерулерінің нәтижелері бойынша есептелген сомалар" деген белгімен көрсетіледі.

Ескерту. 97-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

98. 1-Н есебінде салық тексерулері актілері бойынша кейінге қалдырудан (шағым мен өндіріп алудан) босатылған, мойындалған, алайда салық төлеуші шағым жасамаған салық тексерулері актілері бойынша бересі ғана көрсетіледі.

99. Салынған әкімшілік айыппұлдың сомасы салық төлеушіге (салық агентіне) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулының көшірмесі табыс етілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде салық тексерулері нәтижелері және әкімшілік жаза қолдану туралы қаулылар бойынша салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, міндетті зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың және өсімақылардың сомасын есептеуге (кемітуге) тізілімде (N 12-1-қосымша) көрсетілмейді және сәйкесінше салық төлеушінің (салық агентінің) дербес шотында көрсетілмейді.

100. Салық төлеуші (салық агенті) келіскен және әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға жоғары тұрған органға (жоғары тұрған лауазымды тұлғаға) немесе сотқа шағым жасамаған жағдайда салынған айыппұлдың сомасы жауапты бөлім қызметкерімен есеп бөліміне берілген салық тексерулері нәтижелері және әкімшілік жаза қолдану туралы қаулылар бойынша салық және

бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, міндетті зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың және өсімақылардың сомасын есептеуге (кемітуге) тізілім (N 12-1-қосымша) деректерінен салық төлеушінің (салық агентінің) дербес шотында таратып жазылады.

101. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағым жоғары тұрған органға (жоғары тұрған лауазымды тұлғаға) немесе сотқа белгіленген мерзімдерде берілген жағдайда, аталған қаулының орындалуы жоғары тұрған органның (жоғары тұрған лауазымды тұлғаның) жазбаша шешімі шығарылғанға дейін тоқтатыла тұрады.

102. Егер салынған айыппұлдың сомасы салық төлеушінің (салық агентінің) дербес шотының "Есептелді" бағанында таратып жазылса, ал содан соң салық төлеушімен (салық агентімен) салық қызметінің жоғары тұрған органына (жоғары тұрған лауазымды тұлғаға) немесе сотта шағымдалған жағдайда, жауапты бөлім салық тексерулері нәтижелері және әкімшілік жаза қолдану туралы қаулылар бойынша салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, міндетті зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың және өсімақылардың сомасын есептеуге (кемітуге) тізілімді (N 12-1-қосымша) есеп бөліміне бақылау үшін жібереді, онда аталған соманы "кемітуге" көрсетеді. Сәйкесінше, салық төлеушінің (салық агентінің) дербес шотында аталған сома "Кемітілді" бағанында көрсетіледі.

Ескерту. 102-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

1 0 3 . < * >

Ескерту. 103-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

104. Егер жоғары тұрған орган (жоғары тұрған лауазымды тұлға) немесе сот шағымды қарау қорытындылары бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулының күшін жою жөнінде шешім шығарған жағдайда, салық төлеушінің (салық агентінің) дербес шотында сомалар көрсетілмейді.

105. Егер жоғары тұрған орган (жоғары тұрған лауазымды тұлға) немесе сот шағымды қарау қорытындылары бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша өзгерістер және жаңа қаулы қабылдау туралы жаңа шешім шығарған жағдайда, жауапты бөлімнің қызметкері салық тексерулері нәтижелері және әкімшілік жаза қолдану туралы қаулылар бойынша салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, міндетті зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың және өсімақылардың сомасын есептеуге (кемітуге) тізілімді (N 12-1-қосымша) есеп бөліміне бақылау үшін береді, онда жоғары тұрған органның (жоғары тұрған лауазымды тұлғаның) немесе сотпен

қабылданған шешімде аталған салынған әкімшілік айыппұлдың сомасын
к ө р с е т е д і .

Ескерту. 105-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

11-тарау. Салық есептілігіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезіндегі есеп

106. Салық төлеуші (салық агенті) қосымша (өзгертілген) салық декларациясын бір және сол кезеңге берген жағдайда, қуыну мерзімі ішінде жеке табыс салығының болжанған сомасы туралы резидент емес жеке тұлғаның өтініші және (немесе) есебі берген күні дербес шоттың "Есептелді" немесе "Кемітілді" деген бағанында таратылып жазылуға жататын анықталған айырмашылық сомасы ғана көрсетіледі.

107. Дербес шоттың "Есептелді" деген бағанында таратылып жазылуға жататын салық және басқа да міндетті төлемдер сомасы салық төлеушіні, салық агентін тексеруді бастағанға дейін салық төлеуші анықтаған төлеу мерзімі осы өзгерістер мен толықтыру деректері жататын сол салық кезеңі үшін төлеу мерзімі болып табылады. Бұл ретте, салық төлеуші (салық агенті) анықтаған салық және басқа да міндетті төлемдер сомасы айыппұл есептеместен бюджетке енгізуге жатады, дегенмен дербес шотта төлеу күнін қоса алғанда, төлеу мерзімі күнінен кейінгі күннен бастап әрбір мерзімі өткен күн үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың 2,5 есе ресми ставкасы көлемінде өсімақы есептеледі.

Ескерту. 107-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

108. Салық органы құжаттарды қабылдаған күн немесе электронды почта бойынша есептілікті жіберуді жеткізу туралы хабарлама күні салық органында салық есептілігін беру күні болып табылады.

109. Салық декларациясы, есепке өзгерістер мен толықтырулар енгізуге Салық кодексінде белгіленген салық кезеңі - қуыным мерзімі аяқталғаннан кейін бес жыл ішінде жол беріледі.

12-тарау. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер түсімінің есебі

110. Дербес шоттарға салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түскен сомасының есебі Қазынашылық органдары берген төлем құжаттары негізінде жүргізіледі:

1) салық және мемлекеттік бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер түсімі туралы, соның ішінде республикалық және жергілікті бюджеттерге түсімдер бойынша құжаттар;

2) салық төлеушілердің (салық агенттерінің) төлем тапсырмалары;
3) артық немесе қате есептелген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді қайтару (есепке алу), аударуға салық органдарының төлем тапсырмалары;

4) салық берешегін өндіріп алу туралы салық және кеден органдарының инкассалық өкімдері.

111. Қазынашылық органдары көрсетілген құжаттарды банктер мен банктік операцияларды жүзеге асыратын ұйымдардан алғаннан кейінгі күннен кешіктірмей салық органына береді.

112. Салық төлеушінің (салық агентінің) СТН белгісі бойынша бюджет кірісі жіктемесінің коды бойынша дербес шоттарда салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түскен сомалары бюджетке төлемдер туралы операциялардың мазмұны көрсетіле отырып, автоматты түрде таратылады:

1) жазба жүргізу күні;

2) төлем құжатының нөмірі және күні;

3) салық төлеушінің (салық агентінің, төлемдерді банкомат және өзге де электронды құрылғылар арқылы енгізу күні және жүзеге асыру күні) банктік шотынан салық және басқа да міндетті төлемдерді есептен шығарған күн;

4) салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеу күні;

5) салық (төлем), өсімақы, айыппұл сомасы;

6) Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша төлем белгілеу кодының тізбесіне сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен төлем белгілеудің бірыңғай коды;

7) есепке алу (қайтару) кезінде - есепке алу (қайтару) жүзеге асырылатын бюджет кірісінің жіктемесі бойынша коды және есепке алу жүргізілетін бюджет кірісінің жіктемесі бойынша коды.

Ескерту. 112-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 , 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

113. Қолма-қол ақшамен төленген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түскен сомасының есебі Қазынашылық органдармен салыстырылған, уәкілетті органдар берген құжаттар негізінде жүргізіледі:

1) алып тасталды ;

2) жеке, заңды тұлғалар және жеке кәсіпкерлерге арналған түбіртектердің көшірмелері (N 37, N 38 қосымшалар);

3) банктер мен салымшылардың бұйрықтарын орындау туралы банктік операцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың кассаларының хабарламасы;

4) бюджетке төленетін салықтар бойынша аудару және есептеу туралы төлем

құжаттарын растайтын жеке тұлға салық төлеушілерден мүлік салығы, көлік құралдары салығы және жер салығына алым үшін N 24 нысанның түбіртегі немесе ЖТ N 1 нысанының түбіртегі;

5) салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуге ақша аудару бойынша салымшылардың бұйрықтарын орындау туралы төлем талабы.

Ескерту. 113-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

114. Банктер мен нысандарының түбіртектері бойынша банктік операцияларды жүзеге асыратын ұйымдар арқылы салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу кезінде дербес шоттарға салық және бюджетке түскен басқа да міндетті төлемдер сомасын таратып жазу тізілім, нысандарының түбіртектерін қоса бере отырып, жиынтық төлем тапсырмалары бойынша жүзеге асырылады.

Тізілімде мынадай деректемелер көрсетіледі:
салық төлеушінің (салық агентінің) аты-жөні, СТН;
салық түрі, кірістің бюджет жіктемесі бойынша салық коды;
салық сомасы;
түбіртектің нөмірі;

банк немесе банктік операцияларды жүзеге асыратын ұйымның кассасына салық енгізген күн;
төлем белгілеудің бірыңғай коды.

Көрсетілген құжаттарды алғаннан кейін мынадай деректер бойынша Қазынашылық органының есебімен осы түбіртектердің көшірмелеріне салыстыру жүргізіледі:

бюджет кірісінің жіктемесі бойынша салық немесе басқа да міндетті төлемдер коды;

салық немесе басқа да міндетті төлемдер сомасы;
банк және банктік операцияларды жүзеге асыратын ұйымдарға ақшаны енгізу күні;

салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің есептелген күні;

бюджетке есептеудің дұрыстығы.

Көрсетілген салыстырудан кейін есеп бөлімінің қызметкері салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді қолма-қол ақшамен төлеген әрбір салық төлеушінің (салық агентінің) дербес шотына түсімдерді таратып жазуды жүзеге асырады. Бұл ретте, дербес шотқа екі күн енгізіледі: түбіртектің көшірмелері бойынша төлем күні және Қазынашылық органының есебі бойынша

Ескерту. 114-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

115. Дербес шоттардағы салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің бюджетке түсуі туралы жазбалар төлем құжаттарын алған күні жүргізіледі.

1 1 6 . < * >

Ескерту. 116-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

117. Дербес шотта түскен салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді таратып жазу кезінде дербес шотқа түскен соманы таратып жазу күні, төлем құжатының нөмірі, күні, атауы міндетті түрде көрсетіледі.

118. Салық төлеуші үшін салық міндеттемесін орындау күні:

1) қолма-қол ақшасыз төлемді жүзеге асыру кезінде - алушы-банктің салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуге төлем тапсырмасы акцептін жүзеге асыру күні;

2) бюджетке қолма-қол ақшамен төлеген жағдайда - банк немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, уәкілетті органдарға салық төлеуші (салық агенті) ақша енгізген күн, төлемдерді банкомат және өзге де электронды құрылғылар арқылы жүзеге асыру күні;

3) есепке жатқызу жүргізу күні;

Бұдан басқа, салық төлеушінің (салық агентінің) дербес шотында барлық жоғарыда көрсетілген салық міндеттемесін орындау жағдайында мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігінің баланс есебінің күнделікті есептермен және Қазынашылық органдарының есептерімен расталатын бюджетке төленетін төлемдерді есептеу күні қосымша көрсетіледі.

Ескерту. 118-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 , 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

119. Қазақстан Республикасының заң актілеріне және жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттар ережелеріне сәйкес салық және бюджетке төленетін төлемдерді төлеу дербес шотта шетелдік валютада жүргізілген жағдайда, ұлттық теңгеде шетелдік валюта хатталғаннан кейін Қазынашылық органдар есептермен расталған теңгеде бюджетке түскен сома көрсетіледі.

Ескерту. 119-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

120. Есеп бөлімінің қызметкері Қазынашылық органдарынан төлем құжаттарын алған кезде:

1) Қазынашылық органдары құжаттарында көрсетілген соманың төлем құжаттарындағы сомамен сәйкестігін;

2) бюджет кірісі жіктемесінің тиісті кодына салық және басқа да міндетті төлемдерді есептеу және салықтар (төлемдер), өсімақылар және айыппұлдардың төленген сомасын бөлудің дұрыстығын тексеруі қажет.

1 2 1 . < * >

Ескерту: 121-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті Төрағасының 2004 жылғы 27 қаңтардағы N 39 бұйрығымен .

13-тарау. Төлеудің заттай нысанында жер қойнауын пайдаланушылардың арнайы төлемдерінің есебі<*>

Ескерту. 13-тарау (122-128-тармақтар) алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

14-тарау. Тұрақты мекемені құруға алып келмейтін Қазақстан Республикасындағы қызметтен резидент еместің кірісінен табыс салығын төлеу тәртібі

129. Қосарлама салық салуды болдырмау туралы халықаралық шарт ережелеріне сәйкес тұрақты мекемені құруға алып келмейтін Қазақстан Республикасындағы қызметтен резидент еместің кірісінен табыс салығын төлеу егер Салық Кодексімен өзгеше көзделмесе, шартты банк салымына жүргізілуі мүмкін.

130. Табыс салығын төлеудің көрсетілген әдісін таңдау кезінде кірісті алушы - резидент емес, салық агенті және салық агенті айқындаған резидент банк Салық кодексінің 198-бабының 3-тармағына сәйкес шартты банк салымы туралы шарт жасайды.

131. Табыс салығын төлем көзінен төлеу күні шартты банк салымы туралы шарт және Салық кодексінің 198-бабының ережелерін қолдану болмаған жағдайларда салық агенті Салық кодексінің 198-бабының 2-тармағына сәйкес төлем көзінен табыс салығын мемлекеттік бюджетке жалпыға бірдей тәртіппен а у д а р а д ы .

Ескерту. 131-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

132. Салық агенті Салық кодексінің 198-бабының 4-тармағына сәйкес шартты банк салымы туралы шартқа қол қою күнінен бастап 10 жұмыс күнінің ішінде тіркеу үшін шарт көшірмесін тіркеу орны бойынша салық органына, сондай-ақ

шартты банк салымына табыс салығын аударуды растайтын төлем құжатының көшірмесін шартты банк салымына табыс салығын аудару сәтінен бастап 2 жұмыс күнінің ішінде береді.

133. Салық кодексінің 198-бабының 14-тармағына сәйкес резидент емес пен салық агенті шартты банк салымына орналастырылған табыс салығының сомасына салық органы қандай да бір шешім шығарғанға дейін билік етуге құқылы емес.

134. Жауапты бөлімнің қызметкері Шартты банк салымы туралы шарттарды тіркеу журналында (N 19 қосымша) көрсетілген шартты тіркейді.

135. Шартты банк салымы туралы шартты тіркеу кезінде бөлімнің жауапты қызметкері шартты банк салымы туралы шарт жағдайы Қазақстан Республикасының салық заңдарының ережелеріне қайшы келмей ме, соны тексеруі қажет.

136. Шартты банк салымы орналастырылған банктер Салық кодексінің 198-бабының 16-1 тармағына сәйкес есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15 күнінен кешіктірмей салық агентін тіркеу орны бойынша салық органына резидент еместерге төленген шартты банк салымдарында орналастырылған әрбір шарт бойынша мемлекеттік бюджетке аударылған резидент еместердің Табыс салығының сомасы туралы есепті, сондай-ақ 101.09 нысаны бойынша есепті тоқсан ішінде ақша қозғалысы болған кезде бөлшек түрінде шартты банк салымы т у р а л ы е с е п б е р е д і .

Ескерту. 136-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

137. Көрсетілген деректердің негізінде есепке алу бөлімнің жауапты қызметкері мемлекеттік бюджетке аударылған (N 21 қосымша) халықаралық шарттардың ережелерін қолдануға құқығы бар резидент еместерге төленген шартты банк салымында орналастырылған резидент еместерден Табыс салығының сомасын есепке алу ведомосын жүргізеді.

138. Резидент еместің пайдасына банкке шартты банк салымына мемлекеттік бюджетке аударылған және (немесе) және резидент еместің кірісінен төлем көзінен ұсталған табыс салығының сомасын есепке алу үшін есепке алу бөлімі N 3 нысан бойынша (N 3 қосымша) салық агентіне дербес шот ашады.

Ескерту. 138-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

139. Төлем көзінен есептелген және ұсталған табыс салығының сомасы салық агентінің дербес шотындағы жазба Есептеуге (азайтуға) салықтар және бюджетке басқа да міндетті төлемдер сомасы, зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар және өсімақылар тізілімінің негізінде "Есептелді" бағанында

Ескерту. 139-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

140. Шартты банк салымдарында орналастырылған, халықаралық шарттардың ережелерін қолдануға құқығы бар резиденттерге төленген, мемлекеттік бюджетке аударылған резидент еместерге салынған табыс салығы сомасын есепке алу ведомосінің негізінде шетел валютасында шартты банк салымында табыс салығын орналастыру жағдайында шартты банк салымында орналастыру (қайта есептеу) күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша қайта есептелген ұлттық валютада салық сомасы салық агентінің дербес шотында есептеуге жатады.

Банктер шартты банк салымдарында орналастырылған, резиденттерге төленген, сондай-ақ мемлекеттік бюджетке аударылған резидент еместерге салынған табыс салығының сомалары туралы есепті бергенге дейін табыс салығын шартты банк салымдарына аудару кезінде "Шартты банк салымында орналасқан" дербес шотының 22-бағанына таратып жазу Салық кодексінің 198-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес салық агенті берген төлем құжаты көшірмесінің негізінде жүргізіледі.

Ескерту. 140-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

141. Дербес шоттың "Төлеу мерзімі" бағанында Салық Кодексімен белгіленген төлем көзінен табыс салығын төлеу мерзімі көрсетіледі.

Ескерту. 141-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

142. Дербес шоттың "Шартты банк салымына есептеу күні" бағанында 101.09 нысан бойынша банк есебіне сәйкес резидент еместің пайдасына қазақстандық банкке шартты банк салымына ұсталған салық сомасын салық агентінің есептеу күні көрсетіледі.

Ескерту. 142-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

143. Дербес шоттың "Шартты банк салымына есептелді" бағанында шартты банк салымдарында орналастырылған, резиденттерге төленген, сондай-ақ мемлекеттік бюджетке аударылған резидент еместерге салынған табыс салығының сомалары туралы есептің негізінде шартты банк салымында орналастырылған резидент еместің кірісінен табыс салығының сомасы көрсетіледі.

Шартты банк салымында орналастырылған "бағанында салық агенті берген төлем құжаты көшірмесінің негізінде шартты банк салымында орналасқан

резидент еместің кірісінен табыс салығының сомасы көрсетіледі.

Ескерту. 143-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

144. Егер салық агентінің дербес шотында резидент еместің пайдасына шартты банк салымына аудару және табыс салығын есептеу сомасы көрсетілген жағдайда, көрсетілген сома өсімпұл ретінде қаралмайды және 1-Н нысанының есебінде, Қазақстан Республикасы бойынша салық төлеушінің салық берешегі мен міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі жоқ (бар) екендігі туралы анықтамада көрсетілмейді, сондай-ақ шартты банк салымына есептеу күнінен бастап көрсетілген сомаға өсім есептелмейді.

Ескерту. 144-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

145. Бұрын ұсталған табыс салығын қайтару үшін және шартты банк салымына резидент еместің кірістерінен табыс салығын аудару жағдайында резидент емес Салық кодексінің 198-бабының 7-тармағына сәйкес салық агентін тіркеу орны бойынша салық органына белгіленген нысан бойынша өтінішті береді.

146. Резидент еместің өтінішін қарағаннан кейін жауапты бөлім өтініш бойынша тиісті шешім қабылдайды және есепке алу бөліміне резидент емеске бағытталған хат және N 2 нысан бойынша резидент еместің өтініш көшірмесінің қосымшасымен резидент емеске төлеуге немесе инкассалық өкім бойынша өндіріп алуға жататын шартты банк салымында орналасқан табыс салығы сомасының тізілімін (N 22 қосымша) жібереді.

147. Резидент емеске шартты банк салымында орналастырылған табыс салығының сомасын төлеу туралы шешімді жауапты бөлім қабылдау кезінде есепке алу бөлімінің қызметкері тізілімді алудан кейінгі күннен кешіктірмей салық агентінің дербес шотындағы "Азайтылды" бағанында резидент емеске төлеуге жататын табыс салығының сомасын көрсетеді.

147-1. Мемлекеттік бюджеттен табыс салығының сомаларын қайтару осы Ережелердің 17-тарауында белгіленген тәртіпте қорытынды мен төлем тапсырмасының, сондай-ақ Қазынашылық органдарына ұсынылатын шетел валютасын сатып алуға және аударуға өтініштің негізінде резидент еместің өтінішінде көрсетілген резидент еместің банктік шотына жүргізіледі.

Ескерту. 147-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

148. Шартты банк салымында орналастырылған табыс салығының сомасын бюджетке өндіріп алу туралы шешімді жауапты бөлім қабылдаған кезде тізілімді алғаннан кейінгі келесі күннен кешіктірмей есепке алу бөлімі Салық кодексінің 198-бабының 11-тармағына сәйкес банкке резидент емеске бағытталған хаттың

көшірмесімен қоса шартты банк салымында орналастырылған табыс салығының сомасын өндіріп алуға инкассалық өкімді жібереді.

149. Шетел валютасында шартты банк салымын ашу жағдайында шартты банк салымында орналастырылған табыс салығының сомасын өндіріп алуға инкассалық өкім Салық кодексінің 198-бабының 13-тармағына сәйкес инкассалық өкімді қою күніне валюта айырбасының нарықтық бағамы бойынша ұлттық валютада қойылады. Бұл ретте, төлемді тағайындауда инкассалық өкімде шетел валютасындағы табыс салығының сомасы және ұлттық валютада сома есеп айырысуы жүргізілген валюта айырбасының нарықтық бағамы көрсетіледі.

150. Бұл ретте, мемлекеттік бюджетке салық органының инкассалық өкімді қою күніне және мемлекеттік бюджетке салықты аудару күніне белгіленген валюта айырбасының нарықтық бағамы арасында туындайтын теріс немесе оң бағамдық айырма және аударылатын табыс салығының төлем сомасын тағайындауды көрсете отырып мемлекеттік бюджетке салықты төлеу (аудару) күніне валюта айырбасының нарықтық бағамы бойынша қайта есептелген ұлттық валютадағы табыс салығының сомасы аударылады.

151. Есепке алу бөлімінің инкассалық өкімімен бір уақытта банкке мемлекеттік бюджетке оны аударуға дейін шартты банк салымында резидент еместің кірісінен табыс салығын орналастыру сәтінен бастап есептелген банктік сыйақылар сомалары туралы сұрау салуды (N 23 қосымша) жібереді.

152. Банктік сыйақылар мемлекеттік бюджетке орналастырылған табыс салығын аудару (төлеу) күніне валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша есептелген ұлттық валютада мемлекеттік бюджетке төлеуге (аударуға) жатады.

153. Банк салық органының инкассалық өкімді алу сәтінен бастап Салық кодексінің 198-бабының 12-тармағына сәйкес бір операциялық күннен кешіктірмей мемлекеттік бюджетке шартты банк салымында орналастырылған табыс салығының сомасын аударарды және екі жұмыс күнінің ішінде салық органына 101.10 нысан бойынша мемлекеттік бюджетке аударуға дейін шартты банк салымына резидент еместердің кірістерінен табыс салығын орналастыру сәтінен есептелген банктік сыйақылар сомалары туралы мәліметті жібереді.

154. Есептелген банктік сыйақылар сомалары туралы мәліметті банктен алғаннан кейін есепке алу бөлімі Салық кодексінің 198-бабының 11-тармағына сәйкес мәліметтерді алу сәтінен бастап жұмыс күнінің ішінде банкке мемлекеттік бюджетке банктік сыйақы сомаларын өндіріп алуға инкассалық өкімді жібереді.

155. Салық кодексінің 198-бабының 12-тармағына сәйкес банк салық органынан инкассалық өкімді алған күннен кейінгі бір операциялық күннен кешіктірмей мемлекеттік бюджетке банктік сыйақылар сомасын аударарды.

156. Қазынашылық органдарынан төлем құжаттарын алудан кейін есепке алу бөлімінің қызметкері келесі күннен кешіктірмей "Төленді" бағанына салық агентінің дербес шотына табыс салығы сомасының және "Өсімақы төленді (қайтарылды)" бағанында банк сыйақыларының сомасы түсімдерін таратуды жүзеге асырады. "Өсімақы есептелді (азайтылды)" бағанында бір уақытта бюджетке аударылған банктік сыйақылар сомасы, 101.10-нысан бойынша салық органына банк жіберген Банктік сыйақы сомалары туралы мәліметтер негізінде көрсетіледі.

Ескерту. 156-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

157. Осы Ережелердің 158-159-тармақтарымен белгіленген тәртіпте шетел валютасындағы шартты банк салымында табыс салығын орналастыру және мемлекеттік бюджетке табыс салығын аудару күніне және салық агентінің дербес шотында табыс салығының есептелген сомасы шартты банк салымына оны орналастыру күніне белгіленген валюта айырбастаудың нарықтық бағамының арасындағы бағамдық айырманың туындауы кезінде мемлекеттік бюджетке табыс салығын төлеу (аудару) күніне белгіленген Ұлттық Банктің ресми бағамы бойынша түзетіледі.

158. Оң бағамдық айырма туындау кезінде есепке алу бөлімі дербес шоттың "Есептелді" бағанында бағамдық айырманың сомасын таратуды жүргізеді.

159. Теріс бағамдық айырма туындау кезінде есепке алу бөлімі дербес шоттың "Азайтылды" бағанында бағамдық айырманың сомасын таратуды жүргізеді.

160. Шартты банк салымы туралы шарттың жағдайын бұзған және банктің кінәсі бойынша болған мемлекеттік бюджетке ұсталған табыс салығының сомасын уақтылы емес аудармау кезінде Салық кодексінің 198-бабының 15-тармағына сәйкес банк Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жауапкершілікте болады.

15-тарау. Қате есептелген, анықталмаған салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есепке алу

161. Аудару кезінде мынадай қателер жіберілген түсімдер қате деп саналады:

- 1) СТН-і салық төлеушінің (салық агентінің) атауына сәйкес келмесе;
- 2) Алушы - салық органының СТН-і дұрыс емес көрсетілсе;
- 3) банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым төлем құжатын дұрыс емес ресімдесе;
- 4) банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым салық және басқа да міндетті төлемдерді қате екі рет есептесе;

5) төлемнің мәтіндік мәні төлемнің мәндік кодына және кірістердің бюджеттік сыныптамасының кодына сәйкес келмесе;

6) көрсетілген салық органында салық төлеушінің (салық агентінің) тіркеу деректерінің болмаса;

7) салық төлеуші салықтың осы түрі бойынша немесе басқа міндетті төлем бойынша төлеуші болып табылмайды.

Ескерту. 161-тармақ жаңа редакцияда, өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 , 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

162. Қазынашылық органының дербес шоттарда көрсетілмеген бюджетке салықтарды төлеу тізілімінде өткен қате, анықталмаған түсімдер төлем құжаттары бойынша салық органдарына түсімдерді беруі кезінде Тіркеу журналында қате есептелген, анықталмаған салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер (N 31 қосымша) көрсетіледі.

Ескерту. 162-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

163. Есепке алу бөлімінің қызметкері күн сайын қате төлем құжаттарының тиістілігін анықтау бойынша жұмыс жүргізеді, содан кейін дербес шотқа дұрыс таратуды жүргізеді немесе салық төлеуші (салық агенті) тіркелген салық органына қате есептелген салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді қайтаруды немесе есепке жатқызуды жүзеге асырады, ол туралы қате есептелген, анықталмаған салықтар мен бюджетке міндетті басқа да төлемдер Тіркеу журналында тиісті жазба жасалады.

Ескерту. 163-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 , 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

164. Қате түсімдерді қайтару және есепке жатқызу белгіленген тәртіппен Қазынашылық органдары арқылы төлем тапсырмасын және қорытындыны (N 18 қосымша) салық төлеушінің (салық агентінің) өтініші негізінде (қажеттілік кезінде) жүргізіледі.

Ескерту. 164-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

1 6 5 . < * >

Ескерту. 165-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

165-1. Есепке алу мен қате есептелген кеден төлемдер мен салықтарды қайтару кеден төлемдері мен салықтарды төлеу орны бойынша бюджетке кеден төлемдері мен салықтардың және өсімақылардың артық немесе қате төленген сомалары бар екендігі туралы кеден органы берген растау негізінде жүргізіледі.

Ескерту. 165-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 , 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

166. Қате есептелген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есепке жатқызу бір бюджет кірісі сыныптамасының кодынан басқасына және/немесе бір салық органынан басқасына жүргізіледі.

Ескерту. 166-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

167. Қате есептелген салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есепке жатқызу және қайтару салық органдары беретін мынадай құжаттардың негізінде қазынашылық органдары жүргізеді:

- 1) қ о р ы т ы н д ы ;
- 2) т ө л е м к ұ ж а т т а р ы .

Ескерту. 167-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

168. Анықталмаған болып "Анықталмаған түсімдер" кірістердің тиісті бюджеттік жіктемесінің кодына төлем құжаттарының негізінде Қазынашылық органы есептеген бюджетке төлемдер табылады.

169. Үш банк күндерінің ішінде есепке алу бөлімінің қызметкері бюджеттің кіріс жіктемесіне сәйкес салықтар мен бюджетке міндетті басқа да төлемдерді одан кейінгі есептеу үшін келіп түскен салықтар мен бюджетке міндетті басқа да төлемдердің тиістілігін анықтауды жүзеге асырады.

170. Банк операцияларын жүзеге асыратын банктердің немесе ұйымдардың қате қосарлама есептеуі жағдайында бюджеттен салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді қайтаруы, егер көрсетілген сомалар сол төлем құжатымен расталса (сол салық кезеңі үшін салықтың (төлемнің) сол түрі бойынша сол сомадан) салық органдары мынадай тәртіппен жүргізеді.

Банк операцияларын жүзеге асыратын банктер мен ұйымдар салық органына мынадай деректемелерді көрсете отырып салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді қайтаруға дәлелді негіздемені береді:

- 1) төлем құжатының нөмірі, күні;
- 2) салық төлеушінің атауы, СТН-ы;
- 3) бюджеттің кірістер жіктемесінің коды;
- 4) б е н е ф и ц и а р ;

5) бенефициардың СТН-ы, ЖСК, БСК;

6) салық (төлем) сомасы.

Берілген өтініш негізінде банк операцияларын жүзеге асыратын банктердің немесе ұйымдардың шоттарынан да, салық төлеушілердің шоттарынан да салықтар және басқа да міндетті төлемдерді қосарлама есептен шығаруды растау мен нақтылауға салық тексерісі жүргізіледі.

Бюджетке салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді қосарлама есептеуді растау жағдайында төлем тапсырмалары мен қорытындылары бойынша салық тексерісінің актілері мен өтініш негізінде банк операцияларын жүзеге асыратын банктер мен ұйымдарға қайтару жүргізу қажет.

Салық төлеушілердің (салық агенттерінің) дербес шоттарындағы бюджеттен көрсетілген соманы қайтару туралы Қазынашылықтың аумақтық органдарынан есеп және төлем құжаттарын алудан кейін "Қайтарылды" бағанында тиісті жазба жүргізіледі.

Ескерту. 170-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

16-тарау. Салық органдарының инкассалық өкім бойынша өндіріп алынған салық берешегін есепке алу

171. Инкассалық өкім Инкассалық өкім журналында (N 35 қосымша) қалыптастырылады, тіркеледі және бюджетке салық берешегі бар салық төлеушілердің (салық агенттерінің) банк шоттарына қою үшін банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктерге немесе ұйымдарға беріледі. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банкке немесе ұйымға біреуден астам инкассалық өкімді беру кезінде салық органдары мыналар көрсетілетін инкассалық өкімнің тізілімі жасалады:

1) салық төлеушінің атауы;

2) салық төлеушінің СТН-ы;

3) банк шоты;

4) салық (төлем) сомасы;

5) кірістерді бюджеттік жіктеу коды;

6) инкассалық өкімнің күні мен нөмірі;

7) төлем мәнінің біртұтас коды.

172. Дербес шоттағы салық органының инкассалық өкімі бойынша салық төлеушінің (салық агентінің) берешегін бюджетке толық төлеу кезінде төлем тапсырмалары бойынша таратудың тәртібіне ұқсас деректемелер бойынша таратуды жүргізеді. Инкассалық өкімдерді тіркеу журналында тиісті бағандар бойынша көрсетілген инкассалық өкімнің орындалуы туралы белгі жүргізіледі.

173. Салық органына инкассалық өкімді жартылай төлеу кезінде жартылай төлем туралы белгімен электрондық төлем тапсырмасы жіберіледі.

Тарату кезінде дербес шоттарда мынадай деректер ескеріледі:

- 1) инкассалық өкімнің нөмірі;
- 2) салық төлеушінің (салық агентінің) банк шотынан соманы есептен шығару күні;
- 3) төленген салық сомасы немесе басқа міндетті төлем;
- 4) бюджетке есептеу күні.

Инкассалық өкімді тіркеу журналында ақшаны есептен шығару жүргізілген банк шотының нөмірін көрсете отырып осы өкім бойынша қаражатты жартылай есептен шығару туралы белгі жүргізіледі.

Ескерту. 173-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

17-тарау. Есепке алу есебі және артық төленген салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, өсімақыларды қайтару

Ескерту. 17-тараудың атауына өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

174. Есепке алуды жүргізу немесе артық төленген салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, өсімақылардың сомасын қайтару үшін төлем орны бойынша салық органына жазбаша өтініш беріледі.

Салық кодексі 39-бабының 3-тармағына сәйкес артық төленген салық және төлемдер сомасы салық және төлемдер төлеушінің өтінішінсіз салықтың осы түрі бойынша өсімақы мен айыппұлдарды өтеу есебіне есепке жатқызылуы тиіс.

Ескерту. 174-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 , 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

174-1. Салық кодексі 39-бабының 2-тармағына сәйкес артық төленген өсімақы сомасы салық төлеушінің өтінішінсіз салық және төлемдердің осы түрі бойынша бересі мен айыппұлдарды өтеу есебіне есепке жатқызылуы тиіс.

Ескерту. 174-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

175. Заңды тұлғаның, жеке кәсіпкер - жеке тұлғаның өтінішінде мынадай мәліметтер көрсетілуі тиіс:

- 1) өтініш берушінің атауы; жеке кәсіпкердің аты-жөні;
- 2) СТН (резидент емес болған жағдайда көрсетеді);
- 3) өтініш берушінің мекен-жайы;
- 4) салық немесе басқа міндетті төлемнің түрі бойынша құралған артық

т ө л е н г е н с о м а ;

5) қайтаруға немесе есепке алуға жататын сома;

6) артық төленген сома есептелетін салықтың, төлемнің түрі мен коды;

7) банк шотына қайтару жағдайында - салық төлеушінің (салық агентінің) банктік шотының нөмірі және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктің немесе ұйымның атауы, сондай-ақ олардың деректемелері.

Ескерту. 175-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 , 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

176. Жеке кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлғаның осыған ұқсас жазбаша өтінішінде мыналар көрсетілуі тиіс:

1) өтініш берушінің тегі, есімі, әкесінің аты;

2) СТН (резидент емес болған жағдайда көрсетеді);

3) өтініш берушінің мекен-жайы;

4) жеке куәлік, төлқұжат немесе оны ауыстыратын құжаттың нөмірі және кім берді ;

5) артық төленген сома құралған салық немесе басқа міндетті төлемнің атауы;

6) төлеуге қойылған сома және жеке және заңды тұлғаның төлем хабарламасының нөмірі;

7) нақты енгізілген сома;

8) қайтаруға, есепке алуға жататын сома;

9) артық төленген сома есептелетін салықтың түрі мен коды;

10) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктің немесе ұйымның атауы және артық төленген салық сомасын қайтаруды жүргізу қажет жеке тұлғаның банктік шотының нөмірі.

177. Артық төленген салық сомасын немесе басқа да міндетті төлемді, өсімақыны қайтару кезінде салық төлеуші (салық агенті) өтінішке егер, міндеттілік міндетті төлемдердің жекелеген түрлерінің сомасын есептеу бойынша қайтару үшін негіздеме болып табылатын уәкілетті органның құжатын уәкілетті органға жүктеген жағдайда және басқа міндетті төлемді, өсімақыны немесе салықты төлеу туралы төлем құжатының түпнұсқасы немесе көшірмесі қ о с а б е р і л у і т и і с .

Ескерту. 177-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

178. Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, өсімақылар туралы төлем құжатының түпнұсқасын немесе көшірмесін жоғалтқан кезде артық төленген салық немесе басқа да міндетті төлем, өсімақы сомасын қайтару салық немесе уәкілетті органдардың құжаттары негізінде артық төленген сома фактісін растау кезінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 178-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

179. Артық төленген табыс салығының сомасын қайтару кезінде резидент емес - салық төлеуші сома көрсетілетін қосарлама салық салуды болдырмау туралы халықаралық шарт ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған кірістерден төленген табыс салығының сомасын қайтаруға өтінішті береді, онда мыналар көрсетілуі тиіс:

ұсталған салықтың сомасы;

халықаралық шарт бойынша ұсталуға жататын салық сомасы;

бюджеттен немесе шартты банк салымынан қайтарылуға тиіс салықтың жалпы сомасы.

180. Кеден төлемдері мен салықтардың, өсімақылардың артық төленген сомасын есепке жатқызу немесе қайтару үшін төлеуші кеден төлемдері мен салықтарды төлеу орны бойынша Бюджетке артық төленген кеден төлемдері мен салықтардың бар екендігін растауды алу үшін өтініш жолдайды.

Салық органынан Бюджетке артық төленген кеден төлемдері мен салықтардың, өсімақылардың бар екендігін растауды алғаннан кейін төлеуші кеден органының тіркелген жері бойынша салық органына Ережелердің 175-тармағында жазылған тәртіпте бюджетке артық төленген кеден төлемдері мен салықтарды есепке жатқызу немесе қайтаруға жазбаша өтініш береді. Өтінішке мына құжаттар қоса беріледі:

1) кеден төлемдері мен салықтарды төлегені туралы төлем құжаттарының көшірмелерін;

2) кеден төлемдері мен салықтарды төлеген орны бойынша кеден органы берген кеден төлемдері мен салықтардың, өсімақылардың артық төленген сомаларының бар екендігі туралы растау.

Кеден органының тіркелген жері бойынша салық органы артық төленген кеден төлемдері мен салықтарды есепке жатқызу немесе қайтаруды жүзеге асыру үшін салық төлеушінің тіркелген жері бойынша салық органына салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, өсімақылар бойынша берешектің бар не жоқ екендігі туралы сұрау салады.

Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, өсімақылар бойынша берешек бар болған кезде кеден төлемдері мен салықтардың,

өсімақылардың артық төленген сомаларын есепке жатқызу өтініштің негізінде (N 27 қосымша) салық төлеушінің тіркелген жері бойынша салық органында жүргізіледі.

Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, өсімақылар бойынша берешек жоқ болған кезде кеден органының тіркелген жері бойынша салық органы кеден төлемдері мен салықтардың, өсімақылардың артық төленген сомаларын өтініштің негізінде (N 28 қосымша) төлеушінің банктік шотына қайтару жүргізіледі.

Ескерту. 180-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 , 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

181. Салық төлеушінің, салық агентінің өтінішінде көрсетілген артық төленген салық сомасы N 23 нысан бойынша салыстыра тексеру актісімен (N 10 қосымша) расталуы тиіс.

182. Артық төленген салық сомасы бойынша N 23 нысанның салыстыра тексеру актісі екі данада жасалады, салық төлеуші (салық агенті) мен есепке алу бөлімінің қызметкері және бастығы қол қояды.

Бір данасы салық төлеушіге (салық агентіне) тапсырылады, екінші данасы есепке алу бөлімінде қалдырылады.

Ескерту. 182-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

183. Салық төлеушінің (салық агентінің) жазбаша өтінішін тексеру нәтижесінде бюджетке артық соманы есептеу фактісін растау жағдайында бюджетке артық төленген салық және төлем сомасы Салық кодексінің 39-бабының 3-тармағына сәйкес мынадай тәртіппен салық төлеушінің өтініш берген күнінен бастап он жұмыс күні ішінде салық төлеушінің салық берешегін өтеу есебіне:

1) салық және (немесе) төлемдердің басқа түрлері бойынша бересілерді, өсімақы мен айыппұлдарды өтеу есебіне;

2) салық және (немесе) төлемдердің осы және басқа түрлері бойынша алдағы төлемдер есебіне міндетті түрде есепке алуға жатады.

Бюджеттен есепке жатқызуды көрсетілген тәртібі мынадай төлемдерге қолданылады:

- 1) жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы;
- 2) жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы;
- 3) қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы;
- 4) Радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлемақы;

5) Қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын бергені үшін
т ө л е м а қ ы .

Ескерту. 183-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

183-1. Бюджетке артық төленген өсімақы сомасы салық төлеушінің өтініші бойынша мынадай тәртіппен салық төлеушінің өтініш берген күнінен бастап он ж ұ м ы с к ү н і і ш і н д е :

1) салық және (немесе) төлемдердің басқа түрлері бойынша бересілерді, өсімақы мен айыппұлдарды өтеу есебіне;

2) салық және (немесе) төлемдердің осы және басқа түрлері бойынша алдағы төлемдер есебіне міндетті түрде есепке алуға жатады.

Ескерту. 183-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

184. Артық төленген салық немесе төлемақы сомасын есепке алу салықты төлеу орны бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 184-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

185. Бюджетке артық төленген салық сомасы Салық кодексінің 39-бабының 8-тармағына сәйкес басқа салық, төлемақы, өсімақы төлеушінің салық берешегін өтеу есебіне есепке жатқызуға жатпайды.

Ескерту. 185-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

186. Салықтардың басқа түрлері бойынша берешекті өтеу есебіне бюджетке артық төленген салық, төлемақы сомасын аудару үшін есепке алу бөлімінің қызметкері екі данада қорытындыны, сондай-ақ төлем тапсырмасының екі данасын толтырады және Қазынашылық органдарына береді.

Ескерту. 186-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 31 мамырдағы N 283 , 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

187. Төлем тапсырмалары Төлем тапсырмаларын есепке алуды және артық төленген, қате есептелген, анықталмаған салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, өсімақы сомаларын қайтаруды және есепке алуды тіркеу журналында (N 29 қосымша) тіркеледі.

Салық органдары Қазынашылық органдарына беретін артық төленген салық

және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есепке алу және қайтаруға арналған қорытындылардың нысандарын толтыру мынадай тәртіппен жүргізіледі:

Оң жақ жоғарғы бұрышында салық органы басшысының қолы қойылады, ал егер ол болмаған ретте - үлгілерде көрсетілген тиісті қолдарға сәйкес келетін оны алмастырушы тұлғаның қолы қойылады.

"Салық органының атауы, СТН" жолында артық төленген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді қайтаруды жүргізген салық органы және оның СТН-і көрсетіледі.

"Салық төлеушінің (салық агентінің) аты-жөні, СТН-і немесе салық төлеуші заңды тұлғаның атауы, СТН-і" жолында артық төленген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есепке алу және қайтаруға өтініш берген жеке тұлғаның аты-жөні немесе заңды тұлғаның атауы және олардың СТН-і көрсетіледі. Артық төленген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің сомаларын есепке алу және қайтару салық органының қатесін түзетумен байланысты жүргізілетін болса, салық органының атауы және оның С Т Н - і кө р с е т і л е д і .

"Есепке алу/қайтару туралы" жолында мына жазбалардың бірі көрсетіледі: а) бюджетке артық төленген соманы; б) бюджетке қате төленген соманы; в) ҚҚС сомасын бюджеттен қайтару.

"Сомасында" жолында есепке алынуға және қайтарылуға тиісті сома сандармен және жақшаның ішінде жазумен көрсетіледі.

"Берілген материалдарды тексеру кезінде салық төлеушінің дербес шотында 200__"__"_____ күніне бюджетке артық (қате) төленген сома, салық (төлем) бойынша бюджеттен ҚҚС-ты өтеу" жолында артық (қате) есептелген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлем немесе бюджеттен ҚҚС-ты қайтару есептелетін (қажеттісін таңдап алу керек) күн көрсетіледі және салық және бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемнің толық атауы кө р с е т і л е д і .

"Аталған сома шотта қалыптасты" жолында салық (төлем) сомасы есептелген мемлекеттік бюджеттің кіріс шоты және бюджет жіктемесінің коды және салық органының атауы көрсетіледі.

Кеден салықтары мен төлемдерінің артық төленген сомаларын есепке жатқызуды немесе қайтаруды жүргізу кезінде "Кеден төлемдері мен бюджетке төленетін салықтардың артық төленген сомаларының бар екендігі туралы кеден органының растауы" жолында кеден органының атауы, Растауды беру күні мен н ө м і р і кө р с е т і л е д і .

Салықтарды есепке жатқызуды жүзеге асыру кезінде "Аударылуға жатады" жолында салық есептелетін мемлекеттік бюджеттің кіріс шоты және бюджет

жіктемесінің коды және БЖК толық атауы, салық органының атауы, СТН көрсетіледі; салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, өсімақы сомаларын қайтаруды жүзеге асыру кезінде салық төлеушінің қайтару жүргізілетін банк шоты, СТН, салық төлеушінің атауы көрсетіледі, ал егер құрылымдық бөлімшелердің салық берешегін өтеу есебіне есепке жатқызу жүргізілетін болса СТН-і және құрылымдық бөлімшенің атауы көрсетіледі; артық (қате) төленген сомаларды жеке тұлғаларға қайтаруды жүзеге асыру кезінде банктің ЖСК-ы, банктің атауы, банктің СТН-і, жеке тұлғаның аты-жөні, оның СТН-і және шотының нөмірі көрсетіледі.

"СТК" жолында "Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеушісін - төлем белгілеудің бірыңғай жіктеушісін қолдану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 15 қарашадағы N 388 қаулысымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеудің N 1011 тізілімінде тіркелген) Төлем белгілеудің коды кестесіне сәйкес төлем белгілеудің коды және оның толық атауы көрсетіледі:

" _____ " жолында:
(бенефициар-банктің, Қазынашылық органының атауы)
салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, өсімақы сомаларын банк шотына қайтарған ретте - салық төлеушіге қызмет көрсететін бенефициар-банктің атауы; салықтар сомаларын салықтардың басқа түрлері бойынша берешекті өтеу есебіне есепке жатқызған ретте - салық органына қызмет көрсететін Қазынашылық органының атауы көрсетіледі.

"БСК, Бек" жолында салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, өсімақы сомаларын банктік шотқа қайтару кезінде - салық төлеушіге қызмет көрсететін бенефициар-банктің атауы көрсетіледі, мұндағы бірінші сан салық төлеушінің резиденттік белгісін, ал екіншісі - салық төлеуші экономикасының секторын білдіреді; салықтар сомаларын салықтардың басқа түрлері бойынша берешекті өтеу есебіне есепке жатқызған ретте - салық органына қызмет көрсететін Қазынашылық органының банктік сәйкестендіру коды және Бек коды көрсетіледі, мұнда, бірінші сан салық төлеушінің резиденттік белгісін, ал екіншісі - салық төлеуші экономикасының секторын білдіреді.

Қорытындыға есепке алу бөлімінің бастығы мен қызметкері қол қояды.

Қорытындыны ресімдегеннен кейін төлем тапсырмасы толтырылады. Төлем тапсырмасының барлық деректемелері қорытындыда көрсетілген деректемелерге сәйкес келуі тиіс.

Салық органдары Қазынашылық органдарына беретін артық төленген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есепке алу және

қайтаруды жүргізуге арналған төлем тапсырмасын толтыру мынадай тәртіппен жүргізіледі:

"Күні" жолында төлем тапсырмасын қалыптастыру күні көрсетіледі.

"Ақшаны жіберуші" жолында артық төленген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есепке алу және қайтаруды жүргізген салық органының атауы көрсетіледі.

"ЖСК" жолында салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлем есептелген мемлекеттік бюджеттің кіріс шоты көрсетіледі.

"Коды" жолында ақшаны жіберушінің (салық органының) коды көрсетіледі, мұндағы бірінші сан салық органы резиденттік белгісін, ал екіншісі - салық органы экономикасының секторын білдіреді. Салық органының коды - 11.

"СТН" жолында ақшаны жіберуші салық органының СТН-і көрсетіледі.

"БСК" жолында артық төленген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есепке алу және қайтаруды жүргізген салық органына қызмет көрсететін Қазынашылық органының банктік сәйкестендіру коды көрсетіледі.

"Алушы - банк" жолында артық төленген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есепке алу және қайтаруды жүргізген салық органына қызмет көрсететін Қазынашылық органының атауы көрсетіледі; артық (қате) төленген сомаларды жеке тұлғаларға қайтаруды жүзеге асырған кезде банктің атауы көрсетіледі.

"Бенефициар" жолында артық төленген салық сомаларын есепке алуды жүргізген кезде оның есебіне салық сомасы есептелетін салық органының атауы көрсетіледі; салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді қайтаруды жүргізген кезде артық төленген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді қайтаруды жүргізуге өтініші берген салық төлеушінің атауы көрсетіледі; артық (қате) төленген сомаларды жеке тұлғаларға қайтаруды жүзеге асырған кезде бенефициар банктің ЖСК-ы көрсетіледі.

"ЖСК" жолында салықты есепке алуды жүзеге асыру салық сомасы есепке алынатын мемлекеттік бюджеттің кіріс коды көрсетіледі; артық төленген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді қайтаруды жүзеге асыру кезінде салық төлеушінің қайтару жүргізілетін банктік шоты көрсетіледі.

"Бек" жолында салықтар сомаларын басқа салықтар бойынша берешектерді өтеу есебіне жатқызу кезінде Бек коды көрсетіледі, мұндағы бірінші сан салық органы резиденттік белгісін, ал екіншісі - салық органы экономикасының секторын білдіреді; салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді банктік шотқа қайтару кезінде бенефициардың Бек коды көрсетіледі, мұндағы бірінші сан салық төлеушінің резиденттік белгісін, ал екіншісі - салық төлеуші экономикасының секторын білдіреді; артық (қате) төленген сомаларды жеке

тұлғаларға қайтаруды жүзеге асырған кезде банктің СТН-і көрсетіледі.

Артық төленген салық сомаларын қайтаруды жүргізу кезінде "СТН" жолында ақшаны алушы салық органының СТН-і көрсетіледі; ал салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді қайтару кезінде - ақшаны алушы салық төлеушінің СТН-і көрсетіледі.

"Банк бенефициар" жолында артық төленген салық сомаларын қайтаруды жүргізу кезінде оның есебіне салықтар сомасы есептелетін салық органына қызмет көрсететін Қазынашылық органының атауы көрсетіледі; ал салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді банк шотына қайтаруды жүргізу кезінде қайтару жүргізілетін салық төлеушіге (өтініште көрсетілген) қызмет көрсететін банк атауы көрсетіледі.

"БСК" жолында салықтардың сомаларын салықтардың басқа да түрлері бойынша берешекті өтеу есебіне жатқызған кезде - салық органына қызмет көрсететін Қазынашылық органның банктік сәйкестендіру коды; салық және басқа да міндетті төлемдердің сомаларын банк шотына қайтарған кезде салық төлеушіге қызмет көрсететін банк-бенефициардың банктік сәйкестендіру коды көрсетіледі.

"Делдал - банк" жолы мен "БСК" жолы салық және бюджетке төленетін міндетті төлемдердің артық төленген сомаларын есепке жатқызу және қайтару жүргізілген кезде толтырылмайды.

"Сомасы, жазбаша" жолында салықтың басқа да түрлері бойынша берешекті өтеу есебіне есепке жатқызуға немесе банктік шотқа қайтаруға жататын сома жазбаша көрсетіледі, ол "Сомасы" жолында көрсетілген сомаға сәйкес болуы тиіс.

"Тауардың (көрсетілген қызметтің) алынған күні" жолында салық және бюджетке төленетін міндетті төлемдердің артық төленген сомаларын есепке жатқызу және қайтару жүргізілген кезде толтырылмайды.

"Төлем тағайындау" жолында оның негізінде бюджетке артық (қате) төленген сомаларды есепке жатқызу немесе қайтару жүргізілетін немесе бюджеттен ҚҚС-н өтеу жүзеге асырылатын құжаттың атауы, нөмірі мен күні; артық төленген сомаларды есепке жатқызу немесе қайтару жүргізуге өтініш берген салық төлеушінің СТН-і және атауы немесе жеке тұлғаның аты-жөні; есепке жатқызу немесе қайтару жүргізілетін бюджет сыныптамасының коды көрсетіледі. Жеке тұлғаға артық төленген сомаларды қайтару кезінде қосымша оның шотының нөмірі көрсетіледі.

"Төлем белгілеудің коды" жолында "Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеушісін - төлем белгілеудің бірыңғай жіктеушісін қолдану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 15 қарашадағы N 388 қаулысымен бекітілген Төлем

белгілеу кодтарының кестесіне сәйкес төлем белгілеу кодтарының ішінен біреуі
к ө р с е т і л е д і .

"Бюджет жіктеушісінің коды" жолы басқа да салықтар бойынша берешекті өтеу есебіне артық төленген салық сомаларын есепке жатқызу жүргізілген кезде толтырылады және салық сомасы есепке жатқызылатын бюджет жіктеушісінің коды көрсетіледі; салық төлеушінің банктік шотына салық және бюджетке төленетін міндетті төлемдердің артық төленген сомаларын қайтаруды жүзеге асырған кезде толтырылмайды.

"Валюталау күні" жолы салық және бюджетке төленетін міндетті төлемдердің артық төленген сомаларын есепке жатқызу мен қайтару жүргізілген кезде толтырылмайды.

Төлем тапсырмасына салық органының басшысы, ал ол болмаған кезде - қол қоюға құқылы оны алмастырушы тұлға, және есеп бөлімінің бастығы қол қояды және салық салық органының мөрімен куәландырылады.

Төлем тапсырмасының барлық деректемелері қорытынды нысанында көрсетілген деректемелерге сәйкес болуы тиіс.

Ескерту. 187-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 , 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

187-1. Резидент емес салық төлеушілерге артық төленген сомаларды шетел валютасында ашық банк шоттарына қайтару салық органдары аумақтық қазынашылық органдарына беретін қорытындысы, төлем тапсырмасы негізінде ұлттық валютада жүргізіледі. Бұл ретте қорытындыда "Аударуға жатады" деген жолда резидент емес тұлғаның атауы көрсетіледі. Төлем тапсырмасында "Бенефициар" жолында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі көрсетіледі.

Ескерту. 187-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

188. Әрбір салық төлеушіге (салық агентіне) дербес шоттар жүргізілмейтін салық төлеушілер бюджетке басқа да міндетті төлемдер бойынша салық төлеушілер басқа міндетті төлемдердің артық төленген сомасын растайтын уәкілетті органдардан қосымша құжаттар берілуі тиіс.

Ескерту. 188-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

189. Салық органына басқа міндетті төлемдерді қайтару үшін дәлелді себептері көрсетілетін көрсетілген соманы қайтаруға уәкілетті органдардың жазбаша шешімі (қорытындысы) беріледі.

190. Артық төленген салық сомасы берешекті өтеудің белгіленген тәртібін жүргізуден кейін салық төлеушінің (салық агентінің) банк шотына қайтаруға жатады.

191. Банк шотына артық төленген салықтар мен басқа да міндетті төлемдер, өсімақы сомасын салық төлеушіге (салық агентіне) қайтару кезінде толтыру және осы Ережелердің 186 және 187 тармақтарында жазылған төлем тапсырмасы мен Қазынашылық органдарына қорытындыны беру тәртібі сақталады.

Ескерту. 191-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

192. Салық Кодексінің 40-бабының 2-тармағына сәйкес артық төленген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, өсімақыларды қайтару қайтару туралы өтінішті беру күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде салықты және басқа да міндетті төлемді төлеу орны бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 192-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

193. Қайтару немесе есепке жатқызу сомасы айлық есептік көрсеткіштің 100 еселенген мөлшерінен асқан жағдайда, жауапты бөлім осы қайтарудың негізділігін растайтын жазбаша қорытындыны береді.

Ескерту. 193-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

194. Дербес шоттардағы жүргізілген есепке алулар мен қайтарулар туралы жазбалар Қазынашылық органдарының есептері, салық органдарының төлем тапсырмалары, сондай-ақ салық органының қорытындысы негізінде жүргізіледі.

Ескерту. 194-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

195. Бюджеттен қате төленгендерді қоспағанда, қайтаруға төленген басқа да міндетті төлемдердің мынадай түрлері жатпайды:

1) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп өткені үшін алым;

2) алып тасталды;

3) жануарлар әлемін пайдаланғаны үшін төлем;

4) ормандық пайдаланулар үшін төлем;

5) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем;

6) кеме жүретін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлем;

7) сыртқы (көзбен көру) жарнамасын орналастыру үшін төлем;

8) консулдық алымдар.

Ескерту. 195-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

196. Бюджетке төлеу жүргізілген, бірақ тіркеу іс-әрекеттері жүргізілмеген алымдарды бюджеттен қайтару үшін қайтаруға өтінішті қоспағанда төлеу орны бойынша салық органына көрсетілген төлемнің қайтару қажеттілігі туралы шешіммен тиісті тіркеуші орган берген құжат беріледі.

Көрсетілген тәртіп алымдардың мынадай түрлеріне таралады:

- 1) заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу үшін алым;
- 2) жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркеу үшін алым;
- 3) жылжымайтын мүлікке және олармен мәмілелерге мемлекеттік тіркеу үшін алым;
- 4) радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды мемлекеттік тіркеу үшін алым;
- 5) телевизия және радиотарату ұйымдарының радиожиілік спектрін пайдалануға рұқсат беру үшін алым;
- 6) көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу үшін алым;
- 7) дәрілік заттарды мемлекеттік тіркеу үшін алым;
- 8) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысуға құқық үшін лицензиялық алым;
- 9) Жылжымалы мүлік кепілін және кемең немесе жасалып жатқан кемең ипотекасын мемлекеттік тіркеу үшін алым;
- 10) Аукциондардан алынатын алым.

Ескерту. 196-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

1 9 7 . < * >

Ескерту. 197-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

198. Төлеу орны бойынша салық органына мемлекеттік бажды бюджеттен қайтару үшін мыналар беріледі:

- 1) қайтаруға өтініш;
- 2) мемлекеттік бажды қайтару үшін негіздеме болып табылатын тиісті органның құжаты (түпнұсқа немесе расталған көшірме);
- 3) бюджетке мемлекеттік бажды төлеуді растайтын құжат.

Бұл ретте, көрсетілген құжаттар бюджетке мемлекеттік баж сомасын есептеу күнінен бастап бір жылдық мерзімнің аяқталуына дейін берілуі мүмкін.

Ескерту. 198-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық

комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

199. Қайтару артық төленген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, өсімақыларды қайтару мерзімін бұзған кезде қайтару Салық кодексінің 39-бабының 7-тармағына және 40-бабының 3-тармағына сәйкес қайтару мерзімін бұзудың әрбір күні үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың ресми ставкасының 2,5 еселенген мөлшерінде өсімпұлды есептеумен жүргізіледі.

Ескерту. 199-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 , 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

200. Салық кодексінің 38-бабының 2-тармағына сәйкес салық төлеуші салық кезеңінің аяқталуынан кейінгі бес жыл ішінде және (немесе) Салық кодексі 38-бабының 1-1-тармағында көрсетілген салықтар бойынша жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың қолданыс мерзімі аяқталғаннан кейін бес жыл ішінде артық төленген салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, өсімақылардың сомасын қайтару немесе артық төленген салықтар сомасын есепке алуды талап етуге құқылы.

Ескерту. 200-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 , 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

201. Оның негізінде бюджеттің кірістерін жіктеу кодтары арасындағы есепке алу жүзеге асырылған төлем құжатын тарату кезінде немесе дербес шоттардағы салық төлеушінің (салық агентінің) банк шотына қайтаруда мынадай операциялар:

1) бюджеттің кірістерінен жіктеудің басқа кодына есепке алу жүргізілген тиісті код бойынша дербес шотта, сондай-ақ салық төлеушінің (салық агентінің) банк шотына қайтару кезінде есепке алу немесе қайтару сомасы "Қайтарылды" бағанында көрсетіледі;

2) сома есепке алынған тиісті код бойынша дербес шотта - "Төленді" бағанында көрсетіледі.

202. Салық агенті салықты өзінің тіркелген жері бойынша ұстап қалған және төлеген және салық төлеуші салық төлеушінің тіркелген жері бойынша салық органына артық төленген соманы есепке жатқызу немесе қайтаруға өтініш берген жағдайда, салық төлеушінің тіркелген жері бойынша салық органы салықты салық төлеу орны бойынша салық органына есепке жатқызуға немесе қайтаруға өтініштің көшірмелерін және салықты төлегені туралы салық агентінің төлем

құжатының көшірмесін қоса бере отырып өтініште көрсетілген соманы бюджетке төлеу фактісін растауға жазбаша түрде сұрау салу жібереді.

Өтініште көрсетілген соманы бюджетке төлеу фактісі расталған кезде салықты төлеу орны бойынша салық органы артық төленген салық сомасын салық төлеушінің тіркелген жері бойынша салық органына бюджет жіктемесінің тиісті кодына аударды.

Қазынашылық органдарынан растаушы құжаттарды алғаннан кейін салық төлеушінің тіркелген жері бойынша салық органына аударылған артық төленген салық сомасы N 25 нысан тізілімінің "Күн үшін қайтарылды" 4-бағанында (N 6 қосымша) көрініс табады. Салық агентінің дербес шотында көрсетілген қайтару сомасы көрініс таппайды.

Бюджетке түскеннен кейін артық төленген салық сомасы N 25 нысан тізілімінің "Күн үшін келіп түсті" 2-бағанында (N 6 қосымша) көрініс табады.

Салық төлеушінің тіркелген жері бойынша салық органы екі данада артық төленген салық сомасын қайтаруға немесе есепке жатқызуға қорытындыны, сондай-ақ екі дана төлем тапсырмасын ресімдейді және Қазынашылық органдарына табыс етеді.

Қазынашылық органдарынан растаушы төлем құжаттарын және ведомостарды алғаннан кейін қайтару немесе есепке жатқызудың аталған сомасы N 25 нысан тізілімінің "Күн үшін қайтарылды" 4-бағанында, сондай-ақ артық төленген салық сомасын есепке жатқызу жүргізілген тиісті код бойынша "Күн үшін келіп түсті" 2-бағанында көрсетіледі.

Ескерту. 202-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 31 мамырдағы N 283 бұйрығымен.

18-тарау. Қосылған құн салығын қайтару

Ескерту: 18-тарау жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті Төрағасының 2004 жылғы 27 қаңтардағы N 39 бұйрығымен .

203. Осы тараудың күші салық тексеруі актісімен расталған, нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдар бойынша бюджеттен қайтарылуға жататын немесе Салық кодексінің 252-бабы 4-тармағында көзделген жағдайда салық тексеруі актісіне салық органының қорытындысы қосылған құн салығының сомасы бар қосылған құн салығын төлеушілерге, жеткізушілер грант қаражаттары есебінен сатып алған тауарлар (қызмет көрсетулер) бойынша төлеген, салық тексеруі актісімен расталған қосылған құн салығының сомасы бар грант алушыларға немесе грант алушы тағайындаған орындаушыларға (бұдан әрі - грант алушы), Салық кодексінің 534-бабы 2-тармағының 4) және/немесе 6) тармақшасына сәйкес жүргізілген, сондай-ақ шетелдік дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктердің ресми пайдалануларына, сондай-ақ олармен бірге тұратын отбасы мүшелерін қоса алғанда, осы өкілдіктердің дипломатиялық

және әкімшілік-техникалық персоналының жеке пайдалануына арналған (бұдан әрі - өкілдіктердің пайдалануы) тауарлар (қызмет көрсетулер) бойынша жеткізушілер төлеген, салық тексеруі актісімен расталған Салық кодексінің 534-бабы 2-тармағының 4) және/немесе 6) тармақшасына сәйкес жүргізілген, қосылған құн салығы сомасы бар Қазақстан Республикасында тіркелген дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерге (бұдан әрі - өкілдіктер) т а р а л а д ы .

Ескерту. 203-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

204. Қосылған құн салығын төлеушілерге және грант алушыларға қосылған құн салығын қайтару Салық кодексінің 252-бабының 2 және 3 тармақтарына және 253-бабының 2-тармағына сәйкес жүргізіледі.

205. Салық тексеруі актісімен расталған қосылған құн салығының сомасын қайтаруды (есепке жатқызуды) салық төлеушінің орналасқан жеріндегі салық органы жүргізеді.

206. Салық төлеушінің орналасқан жері бойынша салық берешегі жоқ болған ретте салықтардың түрлері бойынша бар берешегін өтеу есебіне қайтару (есепке жатқызу) б ы л а й ш а жү р г і з і л е д і :

салық салынатын объектілердің және салық салумен байланысты объектілердің орналасқан жері және/немесе объектілердің тіркелген жері б о й ы н ш а ;

салық төлеуші қызметін жүзеге асыратын жер бойынша;
олар бойынша салық берешегін өтеу есебіне қайтару (есепке жатқызу) жүргізілетін салық төлеушінің салықтарды құрылымдық бөлімшелерінің орналасқан ж е р і б о й ы н ш а .

Ескерту. 206-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

207. Бюджеттен қайтарылуы тиіс қосылған құн салығының сомасы басқа салық төлеушінің Салық кодексінің 252-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында белгіленген жағдайларды қоспағанда салық берешегін өтеу есебіне қайтаруға (е с е п к е ж а т қ ы з у ғ а) ж а т п а й д ы .

Ескерту. 207-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 , 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

208. Бюджеттен қайтарылуға жататын қосылған құн салығы сомаларының дұрыстығын растау бойынша салық тексеруінің актісіне немесе Салық кодексінің

252-бабы 4-тармағында көзделген жағдайда салық тексеруі актісіне салық органының қорытындысына қол қойылғаннан кейін бір жұмыс күнінің ішінде жауапты бөлім салық тексеруінің актісіне қол қойылған күніне жасалған, салық төлеушінің құрылымдық бөлімшелерінің салық берешегі немесе төлеушінің бас ұйымының қосылған құн салығы есебіне сәйкес Қазақстан Республикасы бойынша салық төлеушінің салық берешегі мен міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі жоқ (бар) екендігі туралы а н ы қ т а м а ж а с а й д ы .

Қосылған құн салығын төлеуші немесе грант алушы салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары бойынша есептердің салыстыра тексеру актісін салық тексеруінің актісіне қол қойылған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірілмейтін күнге жасалған, олар бойынша қосылған құн салығын төлеуші немесе грант алушы дербес төлеуші және құрылымдық бөлімшелер салығын дербес төлеуші болып табылатын осы Ережеге N 10 қосымшаға сәйкес салық органына өзі беруге құқы бар.

Ескерту. 208-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

208-1. Егер салық тексеруі актісімен немесе Салық кодексінің 252-бабы 4-тармағында көзделген жағдайда салық тексеруі актісіне салық органының қорытындысымен расталған қосылған құн салығы сомасы Қазақстан Республикасы бойынша міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша салық төлеушінің салық берешегі жоқ (бар) екендігі туралы анықтаманың немесе Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары бойынша есептердің салыстыра тексеру актісіне сәйкес қосылған құн салығын төлеушінің немесе грант алушының салық берешегінен аспаған жағдай болса, онда қосылған құн салығын қайтару (есепке жатқызу) үшін қосылған құн салығын төлеуші немесе грант алушы салық тексеруі жүргізілгеннен кейін салық органына 332.00 нысан бойынша салық тексеруі актісімен немесе Салық кодексінің 252-бабы 4-тармағында көзделген жағдайда салық тексеруі актісіне салық органының қорытындысымен расталған қосылған құн салығын қайтару туралы өтініш (бұдан әрі - 332.00 нысаны б о й ы н ш а ө т і н і ш) б е р е д і .

Бұл ретте салық органы Қазақстан Республикасы бойынша міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша салық төлеушінің салық берешегі жоқ (бар) екендігі туралы анықтама жасалғаннан кейін немесе Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары бойынша есептердің салыстыра тексеру актісі берілгеннен кейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей қосылған құн салығын төлеушіге немесе грант

алушыға 332.00 нысаны бойынша Өтініш беру қажеттілігі туралы хабарлайды.

Ескерту. 208-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

208-2. Егер салық тексеруі актісімен немесе Салық кодексінің 252-бабы 4-тармағында көзделген жағдайда салық тексеруі актісіне салық органының қорытындысымен расталған қосылған құн салығы сомасы Қазақстан Республикасы бойынша міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша салық төлеушінің салық берешегі жоқ (бар) екендігі туралы анықтамаға немесе Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары бойынша есептердің салыстыра тексеру актісіне сәйкес қосылған құн салығын төлеушінің немесе грант алушының салық берешегінен асып түскен немесе тең болған жағдайда, салық органы қосылған құн салығын қайтаруды (есепке жатқызуды) бюджеттен қайтаруға ұсынылған қосылған құн салығы сомасының дұрыстығын растау бойынша салық тексеруі актісінің немесе Салық кодексінің 252-бабы 4-тармағында көзделген жағдайда салық тексеруі актісіне салық органының қорытындысының, Қазақстан Республикасы бойынша міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша салық төлеушінің салық берешегі жоқ (бар) екендігі туралы анықтаманың немесе Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары бойынша есептердің салыстыра тексеру актісінің негізінде Қазақстан Республикасы бойынша міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша салық төлеушінің салық берешегі жоқ (бар) екендігі туралы анықтаманы немесе Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары бойынша есептердің салыстыра тексеру актісін алған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей қосылған құн салығын төлеуші немесе грант алушы 332.00 нысан бойынша өтініш берусіз жүргізеді.

Ескерту. 208-2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

209. Салық органы қосылған құн салығын қайтаруды (есепке жатқызуды) 332.00 нысан бойынша Өтініштің немесе салық тексеруі актісімен немесе Салық кодексінің 252-бабы 4-тармағында көзделген жағдайда салық тексеруі актісіне салық органының қорытындысымен расталған қосылған құн салығы сомаларының шегінде салық тексеруі актісінің немесе Салық кодексінің 252-бабы 4-тармағында көзделген жағдайда салық тексеруі актісіне салық органының қорытындысының негізінде жүзеге асырады.

Ескерту. 209-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық

комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

2 1 0 - 2 1 1 . < * >

Ескерту. 210-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

212. Қосылған құн салығын есепке жатқызуды тауарлардың импорты кезінде төленуге тиісті қосылған құн салығын төлеу есебіне жүргізген кезде 332.00 нысан бойынша Өтінішке тауарлардың импорты кезінде төленуге тиісті қосылған құн салығының сомасы көрсетілген кеден органының растауы қоса беріледі.

212-1. Салық кодексі 251-бабының 2-тармағына сәйкес нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдар бойынша қосылған құн салығын қайтару кезінде бюджеттен қайтаруға жататын қосылған құн салығының сомасы қосылған құн салығы бойынша барлық міндеттемелерді есепке ала отырып өтінім беруші қосылған құн салығының сомасын бюджеттен қайтаруға ұсынған және салық тексеруінің актісімен расталған салық кезеңі (кезеңдері) үшін нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдар бойынша қалыптасқан есептелген салық сомасынан есепке жатқызуға жатқызылатын салық сомасының асып кету есебінен қалыптасқан өтінім берушінің дербес шоты бойынша қосылған құн салығының оң сальдосынан аспауы тиіс.

Салық кодексі 251-бабының 3-тармағына сәйкес нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдар мақсатында пайдаланылған салық сомасы бөлігінде қосылған құн салығы бойынша барлық міндеттемелерді есепке ала отырып, нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдар жүзеге асырылған салық кезеңінің соңына қалыптасқан есептелген салық сомасынан есепке жатқызылатын салық сомасының асып кетуі бюджеттен қайтаруға жатады.

Егер нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдар бойынша бюджеттен қайтаруға жататын қосылған құн салығының асып кету сомасы содан кейінгі салық кезеңдерінде қосылған құн салығы бойынша бюджетке алдағы төлемдердің есебіне есепке жатқызылған жағдайда және салық тексеруінің актісіне қол қойылған және (немесе) салық органы қайтаруға қорытынды жасаған күнге қосылған құн салығын төлеушінің дербес шотында қосылған құн салығының оң сальдосы болмаса, онда нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдар бойынша бюджеттен қайтаруға жататын қосылған құн салығының сомасы бюджеттен қайтаруға жатпайды.

Ескерту. 212-2-тармақпен толықтырылды, өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 , 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

213. Салық органының жауапты бөлімі 208-1-тармақта көрсетілген жағдайда 332.00 нысаны бойынша Өтінішті алған не қосылған құн салығын төлеуші немесе грант алушы жауапты бөлімге Салыстыра тексеру актісін не есепке алу бөлімі Анықтамаларды бергенде, 208-2-тармақта көрсетілген жағдайда немесе өкілдікті салық тексеруінің актісіне қол қойылған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей екі данада қосылған құн салығын қайтаруға өкімді (бұдан әрі - өкім) :

нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдар бойынша қосылған құн салығын қайтару (есепке жатқызу) кезінде - осы Ереженің N 14 қосымшасына сәйкес нысан бойынша ;

грант қаражаттары есебінен сатып алған тауарлар (қызмет көрсетулер) бойынша жеткізушілер төлеген қосылған құн салығын қайтару (есепке жатқызу) кезінде - осы Ереженің N 15 қосымшасына сәйкес нысан бойынша ;

өкілдіктердің пайдалануына арнап сатып алынған тауарлар (қызмет көрсетулер) бойынша жеткізушілер төлеген қосылған құн салығын қайтару (есепке жатқызу) кезінде - осы Ереженің N 16 қосымшасына сәйкес нысан бойынша дайындайды .

Ескерту. 213-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

214. 332.00 нысан бойынша әрбір Өтініштің және әрбір салық тексеруі актісіне немесе Салық кодексінің 252-бабы 4-тармағында көзделген жағдайда салық тексеруі актісіне салық органының қорытындысына жеке өкім жасалады.

Ескерту. 214-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

215. Өкімді салық органының басшысы немесе оны алмастырушы тұлға оны жауапты бөлім берген күні бекітеді және қосылған құн салығын нақты қайтару (есепке жатқызу) үшін есеп бөліміне беріледі.

215-1. Өкімнің негізінде Өкімді алғаннан кейін екі жұмыс күнінен кешіктірмей есепке алу бөлімі кірістердің бюджет жіктемесінің әрбір кодына осы Ережелердің N 18 қосымшасына сәйкес екі данада қорытынды (бұдан әрі - қорытынды) және екі данада төлем тапсырмасын жасайды.

Ескерту. 215-1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 , 2006 жылғы 31 мамырдағы N 283 бұйрығымен.

2 1 5 - 2 . < * >

Ескерту. 215-2-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

215-3. Қосылған құн салығын төлеушінің немесе грант алушының салық берешегін өтеу шотына есепке жатқызу жүргізілгеннен кейін қосылған құн салығын төлеушілерге және грант алушыларға банк шотына қосылған құн салығын қайтаруға қорытынды жасалған кезде салық төлеушінің орналасқан жері бойынша салық органы мемлекеттік бюджетке салықтар бойынша салық берешегінің бар немесе жоқтығы туралы салық төлеушіні тіркеу есебінің орны бойынша мынадай салық органдарына:

салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілердің орналасқан және (немесе) тіркеу орны бойынша;

салық төлеушінің қызметін жүзеге асыру орны бойынша;

салық төлеушінің құрылымдық бөлімшелердің орналасқан орны бойынша;
қосылған құн салығын төлеушінің бас ұйымының тіркеу есебінің орны бойынша тексеру жүргізеді.

Ескерту. 215-3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

215-4. Қорытындыны салық органының басшысы немесе оны алмастырушы тұлға оны есепке алу бөлімі берген күні бекітеді.

215-5. Есепке алу бөлімі ресімдеген қорытынды мен төлем тапсырмасы бір жұмыс күнінен кешіктірмей төлем мақсатын көрсете отырып өкімдер деректемелерін қосылған құн салығын қайтаруды (есепке жатқызуды) жүргізу үшін аумақтық қазынашылық органдарына жібереді.

215-6. Қосылған құн салығын қайтаруды (есепке жатқызуды) жүргізгеннен кейін салық органының есепке алу бөлімінің қызметкері өкімнің екінші данасын орындалғаны туралы белгі соғып жауапты бөлімге қайтарады. Өкімнің бірінші данасы есепке алу бөлімінде қалады.

215-7. Резидент емес үшін төленуге тиіс қосылған құн салығының есебіне есепке жатқызу жолымен қосылған құн салығын қайтару жүргізілгеннен кейін салық төлеушіге осы Ережеге N 18-1 қосымшаға сәйкес Қосылған құн салығы бойынша жүргізілген есепке жатқызу туралы растау беріледі.

Ескерту. 215-7-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

19-тарау. Заңды тұлғаны қайта құру кезінде дербес шоттарды есепке алу және беру

216. Заңды тұлғаны қайта құру туралы заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді, қайта тіркеуді және таратуды жүзеге асыратын уәкілетті органдардан заңды тұлғаны қайта құру туралы құжаттарды салық органына беру жағдайында

Салық кодексінің 35-бабының 1-тармағына сәйкес салық органы оның құқық мирасқорына (құқық мирасқорларына) қайта құрылған заңды тұлғаның салық міндеттемелерін беруге міндетті.

217. Берілген құжаттар негізінде салық органы қайта құрылған заңды тұлғаның (олар жоқ болған кезде құқық мирасқорымен) бюджетке төлемдер бойынша салыстыра тексеру актісін жасайды.

218. Құқық мирасқорына (құқық мирасқорларына) салық міндеттемелерін беруге дейін осы Ережелердің 17-тарауының 183-тармағына сәйкес жазылған тәртіппен қайта құрылған заңды тұлғаның салық берешегін өтеу есебіне бюджетке артық төленген салық сомасын есепке алуды жүргізеді. Есепке алуды жүргізгеннен кейін салыстыра тексеру актісі жасалады.

219. Бюджетке төлемдер бойынша салыстыра тексеру актілері мен дербес шоттардың көшірмелері қайта құрылған заңды тұлға құқық мирасқорының (құқық мирасқорларының) салықтар мен бюджетке басқа да міндетті төлемдерді төлеу жөніндегі салық міндеттемелерін қабылдайтын салық органына жіберіледі.

220. Көрсетілген құжаттар дербес шоттардың көшірмелері жіберілетін, салықтар мен төлемдер түрлерінің тізбесі келтірілетін ілеспе хатпен жіберіледі, дербес шотпен басылған күн көрсетіледі, басшының қолы, беретін салық органының мөрі қойылады.

221. Дербес шоттарда "Операцияның және оның негізінде жазба жүргізілетін құжат мәні" бағанында қорытындыны шығарғаннан кейін беретін салық органының дербес шоттарында мынадай мазмұндағы жазба жүргізіледі: (ауданы, қаласы, облысы) _____ бойынша салық органына дербес шоттардың көшірмелері берілді күні, қолы, салық органының мөрі.

222. Құқық мирасқорының дербес шотына алынған құжаттардың негізінде қайта құрылған заңды тұлғаның салық міндеттемелерін қабылдайтын салық органы қайта құрылған заңды тұлғаның "сальдосын" ғана енгізеді.

Қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның салық міндеттемелерін қабылдау кезінде салық органы берген салық органын он жұмыс күні ішінде "сальдо" қабылдау туралы хабарландыруға міндетті.

Ескерту. 222-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

223. Қайта құрылған заңды тұлғада бірнеше құқық мирасқоры болған жағдайда "сальдо" (салық берешегін қоса) Қазақстан Республикасының азаматтық заңына сәйкес қайта құрылған заңды тұлғада құқық мирасқорының қатысу үлесі бойынша қайта құрылған заңды тұлға таратады.

224. Салық кодексінің 35-бабының 3-тармағына сәйкес заңды тұлғаны қайта құру құқық мирасқорының (құқық мирасқорларының) салықтар мен бюджетке

төленетін басқа да міндетті төлемдерін бюджетке төлеу жөніндегі оның салық міндеттемелерінің орындау мерзімдерін өзгертуге негіз болып табылмайды.

20-тарау. Салық төлеушінің (салық агентінің) қызметті жүзеге асыру орны немесе орнының өзгеруі кезінде дербес шоттарды есепке алу және беру

225. Заңды тұлғаның, филиалдың және өкілдіктің орналасқан жері өзгерген кезде бір салық органынан басқа салық органына салық төлеушінің (салық агентінің) дербес шоттарын беру статистика саласындағы уәкілетті органдар беретін хабарлама негізінде жүргізіледі.

Салық төлеушінің (салық агентінің) қызметін жүзеге асыру орны, тұрақты мекеме құрмай Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын резидент емес - заңды тұлғаның орналасқан жері және жеке тұлғаның тұрғылықты орны өзгерген кезде бір салық органынан басқа салық органына салық төлеушінің (салық агентінің) дербес шоттарын беру тіркеу есебінен шығару туралы берілген өтініш негізінде жүргізіледі.

Бұл ретте салық органының жауапты бөлімі есеп бөліміне мыналар көрсетілетін тізімді береді:

- 1) салық төлеушінің (салық агентінің) толық атауы;
- 2) С Т Н - і ;
- 3) есептен шығару күні;
- 4) салық төлеуші (салық агенті) көшетін салық органының атауы.

Ескерту. 225-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

226. Тіркеу есебінен босату туралы берілген өтініш негізінде салық төлеушінің (салық агентінің) бұрынғы орналасқан жері бойынша салық органы өтініш берген күннен бастап он жұмыс күні ішінде есептен шығару күніне дейін ағымдағы жылдың басынан бастап кезең үшін міндетті төлем мен салықтың әрбір түрі бойынша салыстыра тексеру актісі жасайды.

Егер салық төлеуші тіркеу есебінен босату туралы берілген өтініш берген күннен бастап он жұмыс күні ішінде салыстыра тексеру актісін жасау үшін салық органына келмеген жағдайда, онда дербес шоттарды бір салық органынан басқасына беру салыстыра тексеру актісін жасамай-ақ жүргізіледі.

Егер орналасқан жерін өзгерту мемлекеттік статистика органы салық органына беретін хабарлама негізінде жүргізілетін салық төлеуші салыстыру актісін толтыру үшін салық органына келмеген жағдай болса, онда бір салық органынан басқа салық органына дербес шоттарды беру салыстыру актісі ж а с а л м а й жүргізіледі.

Ескерту. 226-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 , 2006 жылғы 28

желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

227. Басқа салық органына көрсетілген дербес шоттарды беруге дейін егер, Салық Кодексімен белгіленген және осы Ережелердің 17-тарауының 183-тармағымен белгіленген тәртіппен талап ескіру мерзімі аяқталмаған жағдайда салық және төлем берешегін өтеу есебіне бюджетке артық төленген салық және төлем сомасын салық және төлем төлеушінің өтініші бойынша есепке алу жүргізіледі.

Ескерту. 227-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

228. Есепке алуды өткізгеннен кейін артық төленген салық немесе басқа міндетті төлем сомасы оның өтініші бойынша салық төлеушінің банк шотына аударуға жатады.

229. Осы Ережелердің 17-тарауының 183-тармағында жазылған тәртіппен есепке алуды жүргізгеннен кейін банк шотына артық төленген салық немесе басқа міндетті төлем сомасын қайтару туралы өтінішті салық төлеушінің бермеуі жағдайында артық төленген салық немесе басқа да міндетті төлем сомасы Қазынашылық органы арқылы аударусыз дербес шоттардың көшірмелері бойынша беріледі.

Ескерту. 229-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 , 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

230. Салық төлеушінің (салық агентінің) банк шотына артық төленген салық немесе басқа міндетті төлем сомасын есепке алуды, қайтаруды жүргізуден кейін дербес шоттарда тиісті бағандар бойынша қорытындысы келтіріледі.

Беретін салық органының дербес шоттарында күнін, есепке алу бөлімі бастығының аты-жөнін көрсете отырып "Дербес шот ашылды, дербес шоттар көшірмелері _____ (облысы, қаласы) _____ (ауданы, қаласы) бойынша салық органына жіберілді" жазбасы жүргізіледі.

Ескерту. 230-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

231. Дербес шоттардың берілетін көшірмелері соңғы бес жыл үшін, сондай-ақ ағымдағы жылдың басынан бастап оларды жабу күніне дейінгі кезең үшін басылады және жаңадан орналасқан жер бойынша, салық төлеушінің қызметін жүзеге асыру орны бойынша салық органына жібереді. Дербес шоттардың берілетін көшірмелерінде есепке алу бөлімі бастығының және қызметкерінің аты-жөні көрсетіледі, басшының қолымен және беруші салық органының

Ескерту. 231-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

232. Салық төлеушінің артық төленген салық сомасын есепке алуды, қайтаруды, аударуды жүргізгеннен кейін салыстыра тексеру актісі үш данада жасалады, бірінші дана салық органында қалады, екіншісі - салық төлеушіге тапсырылады, үшінші данасы - салық төлеушінің қызметін жүзеге асыру орны, орналасқан жаңа орны бойынша салық органына жіберіледі.

233. Салық органына жіберілген ілеспе хатта қоса берілген салыстыра тексеру актілерінің тізімі және берілетін дербес шоттар көшірмелерінің тізілімі көрсетіледі. Дербес шоттар қағаз тасығыштарда беріледі.

234. Ағымдағы жыл дербес шоттарының көшірмелерін беру күнінен бастап соңғы бес жылдағы дербес шоттар басқа салық органына берілмейді және белгіленген тәртіппен сақталады.

235. Салыстыра тексеру актілері мен ілеспе хаттың екінші данасы номенклатура бойынша тиісті іс папкасына тігіледі.

236. Салық төлеуші салыстыра тексеруді жүргізгеннен кейін және өтінішті бергеннен кейін он күн ішінде салық төлеушінің (салық агентінің) ісі, барлық құжаттар салық төлеушінің (салық агентінің) қызметті жүзеге асыру орны, жаңа орналасқан орны бойынша салық органына берілуі тиіс.

Ескерту. 236-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

237. Құжаттарды алу кезінде салық төлеушінің қызметті жүзеге асыру орны, жаңа орналасқан орны бойынша салық органы көрсетілген құжаттарды алу туралы беретін салық органына он жұмыс күні ішінде хабарлауға міндетті.

Ескерту. 237-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

238. Салық төлеушінің (салық агентінің) қызметті жүзеге асыру орны, жаңа орналасқан орны бойынша салық органы дербес шоттарды жүргізудің бұрынғы орны бойынша салық органынан алынған кіретін "сальдоны" ескере отырып жаңа дербес шоттарды ашады.

238-1. Салық органы Салық кодексімен белгіленген тәртіпте салық міндеттемелері бойынша салық берешегі болған кезде салық төлеушінің жаңа орналасқан жері, қызметті жүзеге асыру орны (салық агентінің) бойынша инкассалық өкім шығарады және бұрынғы орны бойынша салық органына инкассалық өкім шығарылғаны туралы хабарлайды.

Салық төлеушінің бұрынғы орналасқан жері бойынша салық органы хабарландыруды алған кезде бұрын шығарылған инкассалық өкімді кері қайтарады.

Ескерту. 238-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

2 3 9 . < * >

Ескерту. 239-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

240. Артық төленген салық немесе басқа міндетті төлем сомасы Қазынашылықтың органдары арқылы өткізусіз ағымдағы жылдың дербес шоттар көшірмелері бойынша басқа салық органына берілген және оның банк шотына салық төлеуші (салық агенті) қайтармаған жағдай туындау кезінде артық төленген салық немесе басқа міндетті төлем сомасы мынадай тәртіппен төлеу орны бойынша қайтарылады:

1) дербес шоттардың көшірмелері бойынша қызметті жүзеге асыру орны, жаңа орналасқан орны бойынша салық органында бюджетке артық төлеу фактісі белгіленеді. Өткен кезеңдер үшін бюджетке артық төлеу фактісін растаудың қажеттілігі жағдайында дербес шоттарды жүргізудің бұрынғы орны бойынша салық органына сұрау салу жүргізіледі;

2) ілеспе хатпен бірге артық төленген соманы қайтаруға салық төлеушінің (салық агентінің) өтініш көшірмесін (өтініш салық төлеушінің ісінде қалады) бюджетке артық төлеу фактісін растау жағдайында көрсетілген салық немесе басқа міндетті төлем сомасын бюджетке бұрын төлеу жүргізілген салық төлеушінің (салық агентінің) бұрынғы орналасқан орны бойынша салық органына жіберіледі;

3) салық төлеушінің (салық агентінің) өтініш көшірмесі мен алынған хат негізінде салық төлеушінің (салық агентінің) бұрынғы орналасқан жері бойынша салық органы салық төлеуші (салық агенті) кеткен салық органының мекен-жайына көрсетілген салық немесе басқа міндетті төлем сомасын аударуға қорытындының екі данасын ресімдейді және Қазынашылық органдарына көрсетілген салық төлеуші (салық агенті) кеткен салық органының мекен-жайына артық төленген салық және немесе басқа да міндетті төлем сомасын аударуға төлем тапсырмасын береді;

4) Қазынашылық органдарының есептері, салық органының төлем тапсырмалары, сондай-ақ қорытынды негізінде қызметті жүзеге асыру орны, жаңа орналасқан орны бойынша салық органының шотына көрсетілген соманың түсуінен кейін салық органы көрсетілген соманы 25 нысан Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер түсімдері мен қайтаруларының

тізілімінде (N 6 қосымша) ("Күн үшін түсті" бағаны) ғана көрсетіледі. Салық төлеуші (салық агенті) кеткен салық органы да көрсетілген соманы аударғаннан кейін 25 нысан Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер түсімдері мен қайтаруларының тізілімінде ("Күн үшін төленді" қайтарылды" бағаны) ғана оны көрсетеді;

5) көрсетілген соманы есептеу күнінен бастап келесі күннен кешіктірмей салық төлеушінің жаңа орналасқан орны бойынша салық органы осы Ережелердің 17-тарауының 183-тармағында жазылған тәртіппен артық төленген салық сомасын есепке алуды жүргізеді, одан кейін Қазынашылық органдарына екі данада қорытындыны және салық төлеушінің (салық агентінің) банк шотына артық төленген салық және басқа да міндетті төлем сомасын қайтаруға төлем тапсырмасының екі данасын береді;

б) көрсетілген сома артық төленген салық немесе бюджетке міндетті басқа да міндетті төлемдер сомасын салық төлеушінің (салық агентінің) банк шотына қайтару туралы Қазынашылық органдарынан төлем құжаттарын алғаннан кейін "Қайтарылды" бағаны бойынша салық төлеушінің (салық агентінің) дербес шотында көрсетіледі.

Ескерту. 240-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 , 2006 жылғы 31 мамырдағы N 283 бұйрықтарымен.

21-тарау. Таратылатын заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің салық міндеттемелерінің орындалуын есепке алу

Ескерту. 21-тараудың атауы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

241. Жауапты бөлім есепке алу бөліміне таратылатын заңды тұлғалардың, жеке кәсіпкерлердің тізімін береді.

Ескерту. 241-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

242. Таратылатын заңды тұлғада құрылымдық бөлімшелер болған кезде деректемелерін көрсете отырып (атауы, СТН, орналасқан жері, банк шоттарының деректемелері) олардың тізбесі беріледі.

243. Заңды тұлғаны, жеке кәсіпкерді тарату туралы шешімді қабылдау күніне барлық бюджеттің кірістерін жіктеу кодтары бойынша үш данада салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша салыстыра тексеру актісі жасалады.

Құрылымдық бөлімшесі бар заңды тұлғаны тарату кезінде осы және басқа салық органдарында тіркеу есебінде бар заңды тұлға мен оның құрылымдық

бөлімшелері бойынша салыстыра тексеру актісі жасалады.

Ескерту. 243-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

244. Таратылатын заңды тұлғада құрылымдық бөлімшелер болған жағдайда бюджеттің кірістерін жіктеу кодтары және барлық құрылымдық бөлімшелер бойынша үш данада салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша салыстыра тексеру актісі жасалады.

245. Салыстыра тексеру актісінің бір данасы заңды тұлғаға тапсырылады, екінші данасы салық органында қалдырылады. Таратылатын заңды тұлғада салық берешегі болған кезде таратылатын заңды тұлғаның құрылтайшыларына (қатысушыларына) жіберілетін салыстыра тексеру актісінің үшінші данасы жасалады.

246. Заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер туралы мәліметке "Таратылатын заңды тұлға" немесе "Таратылатын жеке кәсіпкер" белгісі енгізіледі.

Ескерту. 246-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

247. Тарату кезеңінде салық міндеттемелері туындаған жағдайда орындау Салық Кодексімен белгіленген мерзімде және тәртіппен олардың туындауына қарай бойынша жүргізіледі.

248. Таратылатын заңды тұлғаның салық берешегі салық кодексінің 34-бабының 1-тармағына сәйкес көрсетілген заңды тұлғаның, оның ішінде Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген кезектілік тәртібімен оның мүлкі сатудан алынған ақшасы есебінен өтеледі. Бұл ретте, таратылатын заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелерінің салық берешегі өтеледі.

Егер таратылатын заңды тұлғаның мүлкі салық берешегін толық көлемде өтеу үшін жеткіліксіз болса, салық берешегінің қалған бөлігін Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген жағдайларда Салық кодексінің 34-бабының 2-тармағына сәйкес таратылатын заңды тұлғаның құрылтайшылары (қатысушылары) өтейді.

249. Егер таратылатын заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің артық төленген салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер және өсімақылар сомасы болса, онда көрсетілген сома осы Ережелердің 17-тарауындағы 183-тармақпен белгіленген тәртіппен таратылатын заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің салық берешегін өтеу есебіне есепке алуға жатады.

Ескерту. 249-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

250. Таратылатын заңды тұлғада немесе жеке кәсіпкерде салық берешегі болмаған жағдайда артық төленген салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер мен өсімақылар сомасы салық тексерісін жүргізгеннен кейін осы заңды тұлғаға қайтарылады.

Артық аударылған салықтар, басқа да міндетті төлемдер мен өсімақылар сомасын қайтаруға өтініш болмаған кезде жауапты бөлім заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің дербес шотында есептеуге жататын артық төлеу сомасы, ал салық берешегі Мемлекеттік тіркелімнен алып тастау сәтінде азайтуға жататын артық төлеу көрсетілетін "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары, өсімақылар мен айыппұлдардың сомасын есептеуге (кемітуге) тізілім" жасайды.

Дербес шоттарда көрсетілген операциялар жүргізілгеннен кейін дербес шоттың жабылуы жүргізіледі.

Ескерту. 250-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

251. Құрылымдық бөлімшені таратқан жағдайда заңды тұлға құрылымдық бөлімшенің тіркемелік есепке алу орны бойынша салық органына мынадай құжаттарды:

1) құрылымдық бөлімшені тарату сәтінде дербес шоттарда қалыптасқан, таратылған құрылымдық бөлімшенің сальдосын заңды тұлғаға беру туралы жазбаша өтініш;

2) құрылымдық бөлімшені тарату туралы заңды тұлғаның шешімі;

3) филиалды (өкілдікті) есептен шығару туралы тіркеуші орган бұйрығының көшірмесін береді.

252. Осы Ережелердің 251-тармағында аталған құжаттарды алғаннан кейін тіркемелік есепке алу орны бойынша салық органы таратылған құрылымдық бөлімшенің дербес шоттарының сальдосын заңды тұлғаға береді.

253. Осы Ережелердің 251-тармағында аталған құжаттар және дербес шоттардың көшірмелері ілеспе хатпен таратылған құрылымдық бөлімшенің дербес шоттарының сальдосын қабылдайтын салық органына жіберіледі, онда аталған құжаттарды беруді жүзеге асырып отырған салық органы басшысының қолы мен мөрі қойылған, дербес шоттар басылып шығарылған күнді көрсетумен салық және төленетін міндетті төлемдердің тізбесі келтірілген дербес шоттардың көшірмелері жіберіледі.

254. Беруші салық органының дербес шоттарында дербес шоттың "Операцияның мазмұны және соның негізінде жазба жүргізілетін құжат" 2-бағанын қорытындылағаннан кейін мынадай мазмұндағы: "Дербес шоттардың көшірмелері _____ (ауданы, қаласы, облысы) бойынша салық

органына берілді", күні, есеп бөлімі бастығы мен қызметкерінің қолдары, салық органының мөрі жазба жүргізіледі.

255. Салық органы алынған құжаттардың негізінде заңды тұлғаның дербес шотына таратылған құрылымдық бөлімшенің "сальдосын" енгізеді.

Таратылған заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің дербес шоттарында "Дербес шот жабық" жазбасы жүргізіледі.

Ескерту. 255-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

22-тарау. Банкрот деп танылған заңды тұлғалардың, жеке кәсіпкерлердің және оңалту рәсімін өтетін заңды тұлғалардың салық міндеттемелерін орындауын есепке алу

Ескерту. 22-тараудың атауы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

256. Жауапты бөлім есепке алу бөліміне оларға сот органдарының шешімдерімен деректемелерін көрсете отырып (атауы, СТН, орналасқан орны, банк шоттарының деректемелері, сот шешімінің күні мен нөмірі) оңалту және банкроттық рәсімі қолданылған заңды тұлғалар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің, жеке кәсіпкерлер тізбесін береді.

Ескерту. 256-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

257. Сот шешімін қабылдау күніне бюджеттің кірістерін жіктеудің барлық кодтары бойынша, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша салыстыра тексеру актісі жасалады.

Егер заңды тұлға бірнеше салық органдарында есепте тұрса, сот шешімін қабылдау күніне заңды тұлғаның және оның құрылымдық бөлімшелерінің осы және басқа салық органдарында ашық дербес шоттарының жай-күйін ескере отырып, заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдары бойынша есептердің салыстыра тексеру актісі жасалады

Ескерту. 257-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 , 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

258. Заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер туралы мәліметке "банкрот деп жарияланды", "оңалту рәсімін өтуде" белгісі енгізіледі.

Ескерту. 258-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

259. Салық міндеттемелерін тарату кезеңінде туындау жағдайында Салық Кодексімен белгіленген мерзімде және тәртіппен олардың туындау шарасы бойынша жүргізіледі.

260. Заңды тұлғаны немесе жеке кәсіпкерді банкрот деп тану туралы құжаттарды уәкілетті органдардан алудан, заңды тұлғаларды Мемлекеттік тіркелімінен алып тастаудан кейін барлық қажетті құжаттар негізінде заңды тұлғаны немесе жеке кәсіпкерді банкрот деп тану туралы сот шешімінің күніне азайтуға есептен шығарылған салықтар мен бюджетке басқа да міндетті төлемдердің сомасы көрсетілетін салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, міндетті зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдарды және өсімақыларды есептеуге (азайтуға) Тізілімді, ал есептелуге жататын тиесілі артық төлеудің сомасын Мемлекеттік тіркелімінен алып тастау сәтінде толтырады

Дербес шотта көрсетілген операцияларды жүргізгеннен кейін күнін, жауапты қызметкердің аты-жөнін көрсете отырып дербес шотты жабуды жүргізеді.

Ескерту. 260-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 , 2006 жылғы 31 мамырдағы N 283 , 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

23-тарау. Сот хабарсыз кеткен деп таныған жеке тұлғаның салық міндеттемелерін есепке алу

261. Жеке тұлғаны хабарсыз кеткен деп соттың тануы туралы шешімді қойғанға дейін салық органы сот органдарының сұрау салулары бойынша сотқа салық міндеттемелерін орындау жөніндегі бюджетпен есеп айырысу жағдайы туралы оның дербес шотынан Көшірмені (N 9 қосымша) береді.

262. Жауапты бөлімнің сұрау салуы негізінде хабарсыз кеткен жеке тұлғаның салық міндеттемелерін орындау бойынша бюджетпен есеп айырысулар жағдайы туралы дербес шоттан көшірмені үш данада есепке алу бөлімінің қызметкері ғана жасайды. Бірінші данасы ілеспе затпен бірге сотқа беріледі, екінші данасы жауапты бөлімге беріледі, үшінші данасы есепке алу бөлімінде қалдырылады.

Ескерту. 262-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

263. Соттың хабарсыз кеткен жеке тұлғаны тануынан кейін есепке алу бөліміне жауапты бөлім мыналар көрсетілетін соттың шешімін қабылдау күнінен бастап келесі күннен кешіктірмейтін мерзімде мәліметтерді береді:

1) а т ы - ж ө н і ;

2) С Т Н ;

3) сот шешімінің күні мен нөмірі;

4) хабарсыз кеткен жеке тұлғаның мүлкін басқаруға қамқоршылыққа уәкілеттенген және хабарсыз кеткен жеке тұлғаның салық міндеттемесін о р ы н д а у ғ а м і н д е т т і т ұ л ғ а ;

5) белгіленген тәртіппен хабарсыз кеткен деп танылған жеке тұлғаның мүлкі жетіспеушілігі кезінде салық органының дербес шотынан көшірме бойынша есептен шығаруға жататын сома мен салықтар мен басқа да міндетті төлемдер түрлері.

264. Салықтар және басқа да міндетті төлемдер бойынша берешегі бар дербес шоттарда соттың шешімді шығару күніне есеп айырысулардың сальдосы шығарылады және дербес шот жабылады.

265. Салық берешегі болған жағдайда есеп айырысулар сальдосы хабарсыз кеткен жеке тұлғаның салық міндеттемесін орындауға міндетті және қамқоршылыққа уәкілеттенген орган тұлғаға ашылған дербес шотқа көшіріледі.

266. Салық органы Салық Кодексіне белгіленген тәртіппен хабарсыз кеткен деп танылған жеке тұлғаның салық берешегін өтеу үшін шаралар қабылдайды.

267. Хабарсыз кеткен жеке тұлғаның салық міндеттемесін орындауға міндетті және қамқоршылыққа уәкілеттенген орган тұлғаға үш жұмыс күнінің ішінде салық органы есептеген салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомасы туралы хабарлама жіберіледі.

268. Салық берешегін өтеу үшін мүліктің жетіспеушілігі кезінде хабарсыз кеткен деп танылған жеке тұлғаның дербес шотында мүліктің жетіспеушілігі туралы соттың шешімді қою күнінен бастап салықтар және басқа да міндетті төлемдер бойынша берешек сот шешіміне сәйкес есептен шығарылады.

269. Берешекті есептен шығару "Азайтылды" дербес шотының бағанында көрсетілген салық және басқа да міндетті төлемдер сомасын өткізу жолымен жүргізіледі, "Операциялардың мәні" бағанында сот шешімінің нөмірі мен күні көрсетіледі.

270. Салық органының бұрын есептен шығарылған салық берешегінің іс-әрекеті хабарсыз кеткен жеке тұлғаны тану туралы сот шешімін жою кезінде берешектің осы сомасын "Есептелді" дербес шотының бағанына жазу жолымен салық міндеттемесі жөніндегі қуыным мерзімінің белгіленген мерзіміне карамастан жаңғыртылады.

24-тарау. Қайтыс болған жеке тұлғаның салық берешегі мен артық төлеулерін есепке алу

Ескерту. 24-тараудың атауы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

271. Жеке тұлғаның қайтыс болуы туралы жауапты бөлімнен ақпаратты алудан кейін есепке алу бөлімінің қызметкері жауапты бөлімге қайтыс болу күніне салық міндеттемелерінің орындалуы жөніндегі бюджетпен есеп айырысулар жағдайы туралы қайтыс болған жеке тұлғаның дербес шотынан көшірмені беруі тиіс.

272. Жауапты бөлім қайтыс болған жеке тұлғаның салық берешегін өтеу үшін шаралар қабылдайды және есепке алу бөліміне мұрагерлерді айқындау жөніндегі ақпаратты; салықтар және басқа да міндетті төлемдер бойынша міндеттемелерді мұрагерлердің орындауына берілген соманы береді.

273. Есепке алу бөлімінің қызметкері қайтыс болу күніне қайтыс болған жеке тұлғаға дербес шот ашады және салықтар және басқа да міндетті төлемдер бойынша берешек немесе артық төлеу болған кезде қайтыс болу күніне қайтыс болған жеке тұлғаның есеп айырысулар сальдосына көшірілетін мұрагерлердің жаңа дербес шотын ашады.

Ескерту. 273-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

274. Қайтыс болу күніне салықтар және басқа да міндетті төлемдерді төлеу жөніндегі қайтыс болған жеке тұлғаның салық міндеттемелерін орындау мұрагерге (мұрагерлерге) жүктеледі.

275. Мұрагерге үш жұмыс күнінің ішінде салық органы есептеген салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомасы туралы хабарлама жіберіледі.

276. Мұрагер жоқ болған жағдайда оның қайтыс болу күніне жеке тұлғаның салықтар және басқа да міндетті төлемдер бойынша берешегі Салық кодексінің 36-бабының 2-тармағына сәйкес өтелді деп саналады.

Берешекті есептен шығару "Азайтылды" немесе дербес шоттың "Есептелді" бағанында дербес шотының бағанында көрсетілген салық және басқа да міндетті төлемдер сомасын өткізу жолымен жүргізіледі.

Ескерту. 276-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

25-тарау. Жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын есепке алу

277. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің уәкілетті органы (бұдан әрі - ҚР ЕХӘҚМ уәкілетті органы) күн сайын мемлекеттік уәкілетті органға "Облыстар қимасында ЗТЖМО зейнетақы жарналарының түсімдері туралы есепті" (ЗТЖМО 1-МЗЖ нысаны); "Аудандар қимасында облыс (қала) бойынша ЗТЖМО зейнетақы жарналарының түсімдері туралы есепті" (ЗТЖМО 2-МЗЖ нысаны) оған қоса электрондық төлем құжаттарын табыс етеді.

278. Мемлекеттік уәкілетті органмен ҚР ЕХӘҚМ уәкілетті органымен табыс етілген электрондық төлем құжаттарының негізінде міндетті зейнетақы жарналарын қабылдау жүргізіледі.

279. Электрондық төлем құжаттарын қабылдау нәтижелері бойынша республика бойынша, оның ішінде аймақтар бойынша жалпы сомада қабылданған электрондық төлем құжаттары мен ЗТЖМО 1-МЗЖ нысаны деректеріне салыстырып тексеру жүргізіледі. Бұл ретте "10" және "19" төлемнің мақсатты кодтары бойынша ЗТЖМО 1-МЗЖ нысанындағы міндетті зейнетақы жарналары сомаларының жиынтығы аталған ЗТЖМО 1-МЗЖ нысанына қоса берілген төлем құжаттары бойынша сомалардың жиынтығына сәйкес, ал "32" төлемнің мақсатты коды бойынша соманың жиынтығы аталған ЗТЖМО 1-МЗЖ нысанына қоса берілген төлем құжаттары бойынша сомалардың жиынтығына сәйкес келуі тиіс.

280. Салыстырып тексеру нәтижелері бойынша Міндетті зейнетақы жарналарының түсулері мен қайтарулары бойынша айырмашылықтар хаттамасы (бұдан әрі - Хаттама) қалыптастырылады (N 53 қосымша).

Міндетті зейнетақы жарналарының түсулері мен қайтарулар бойынша анықталған ауытқулар бойынша Хаттаманы мемлекеттік уәкілетті орган ауытқудың себебін анықтау мен жою үшін ҚР ЕХӘҚМ уәкілетті органына жібереді.

ҚР ЕХӘҚМ уәкілетті органы Хаттаманың негізінде көрсетілген күн үшін ЗТЖМО 1-МЗЖ нысанының есебін және оған төлем құжаттарын қайта табыс етеді.

281. Мемлекеттік уәкілетті орган күн сайын республика бойынша әрбір күн үшін төлем құжаттарының негізінде міндетті зейнетақы жарналарының түсулері мен қайтаруларының бірыңғай дерекқорын қалыптастырады, онда төлем құжаттарының барлық деректемелері көрсетіледі.

282. Мемлекеттік уәкілетті орган төлем құжатында көрсетілген СТН негізінде міндетті зейнетақы жарналарын төлеушінің орналасқан орны бойынша салық төлеушінің тіркемелік деректеріне сәйкес республиканың салық комитеттері бойынша төлем құжаттарын бөлуді жүргізеді. Салық комитеттері бойынша міндетті зейнетақы жарналарының сомаларын бөлу нәтижелері бойынша "

Облыстар қимасында міндетті зейнетақы жарналарының түсімдері туралы есеп" (ҚР 1-МЗЖ нысаны) қалыптасады.

283. Мемлекеттік уәкілетті орган осы Ережелердің 282-тармағына сәйкес қалыптастырылған ҚР 1-МЗЖ нысанының есебі мен төлем құжаттарын, күнделікті аумақтық салық комитеттеріне жібереді.

Ескерту. 283-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

284. Салық органдары төлем құжаттарын, міндетті зейнетақы жарналарын қабылдаудың автоматты немесе қол режимінде қабылдайды. Төлем құжаттарын қабылдаудың автоматты режимін таңдаған кезде төлеушінің СТН бойынша дербес шоттарға таратып жазу автоматты түрде жүргізіледі. Қол режимін таңдаған кезде төлем құжаттары "хаттауға жататын" мәртебеге ие болады және ары қарай өңдеуді қажет етеді.

285. Салық органдарында міндетті зейнетақы жарналарын есепке алу ҚР ЕХӘҚМ уәкілетті органынан келіп түскен және қайтарылған сомалар бойынша алынған төлем құжаттарының; салық төлеушілер тапсырған салық есептілігі; есептелген (кемітілген) сомалар бойынша - салық тексерулері нәтижелерінің негізінде жүргізіледі.

286. Салық органдарымен әрбір күн міндетті зейнетақы жарналарының түсімдері мен қайтарымдарының жалпы сомаларын есепке алуды жүргізу N 25-ЖЗҚ нысанының міндетті зейнетақы жарналарының түсулері мен қайтарулары тізілімде (N 7 қосымша) жүргізіледі.

287. Міндетті зейнетақы жарналарын төлеушілерге дербес шот N 4 нысаны бойынша (N 4 қосымша) ашылады:

- 1) заңды тұлға, олардың құрылымдық бөлімшелерді - тұрған орны бойынша;
- 2) жеке кәсіпкерлер, адвокаттар мен жеке нотариустар - өзінің тұрған (тұратын) орны бойынша.

288. Дербес шоттарды ашқан, жүргізген және жапқан кезде; міндетті зейнетақы жарналарын, өсімпұлдар мен айыппұлдардың есептелген, есептеген, аударылған және түскен сомаларының есебін жүргізген кезде осы Ережелердің 2-бөлімінде мазмұндалған тәртіп сақталады және осы тарауда мазмұндалған жекеленген мәселелер бойынша ерекшеліктер ескеріледі.

289. Дербес шотта міндетті зейнетақы жарналарының келіп түскен қате аударылған қайтарылған сомаларының есебі Міндетті зейнетақы жарналарының түсімдері және қайтарымдары тізілімі мен оған қоса берілген төлем құжаттарының негізінде жүргізіледі.

289-1. Міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешектерді бұрынғы қызметкердің жинақ шотына немесе карт-шотына аударған кезде зейнетақымен қамтамасыз ету туралы заңнамада белгіленген жағдайларда салық агенті өсімақы

сомалары есепке алынбаған жоғарыда көрсетілген міндетті зейнетақы жарналарының сомасы ұсталған кезең үшін қосымша Жеке табыс салығы бойынша есеп беріледі.

Есепке бұрынғы қызметкерге акцепт жүргізілгені туралы банктің белгісімен бірге, міндетті зейнетақы жарналары мен өсімақы сомаларын аудару фактісін растайтын төлем құжатының көшірмесі қоса беріледі.

Ескерту. 289-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

290. Дербес шоттарда операцияларды жазу тиісті бағандар бойынша құжаттардың негізінде жүргізіледі:

"Жазу күні" бағанында - операцияларды жазу күні көрсетіледі;

"Операцияның мазмұны" бағанында - міндетті зейнетақы жарналарын, өсімпұлдар мен айыппұлдардың есептелген, есептеген, аударылған және түскен сомаларының есебін жүргізгенде операцияларды жазу күні көрсетіледі;

"Төлеу мерзімі" бағанында - төлеушінің салық есептілігін табыс еткен негізінде немесе салық тексеруін жүргізудің қорытындысы бойынша төлеу мерзімі заңға сәйкес төлеу мерзімі;

"Банк шоты есебінен шығару" бағанында - төлем құжатында көрсетілген күн;

"Есептеу күні" бағанында - Міндетті зейнетақы жарналарының түсулері мен қайтаруларының тізілімі бойынша күні;

"Есептелді" бағанында - төлеушінің салық есептілігінің және (немесе) салық тексеруі нәтижесінің негізінде міндетті зейнетақы жарналарының есептелген және қайта есептелген сомасы;

"Кемітілді" бағанында - төлеушінің салық есептілігінің және (немесе) салық тексеруі нәтижесінің негізінде азайтылуға жататын сома;

"Төленді" бағанында - міндетті зейнетақы жарналары түсімдері мен қайтарулары және оларға төлем құжаттары Тізілімінің негізінде түсімдер сомалары;

"Қайтарылды" бағанында - міндетті зейнетақы жарналары түсімдері мен қайтарулары және оларға төлем құжаттары Тізілімінің негізінде қате аударылған сомаларды қайтару сомасы;

"Есеп айырысу сальдосы (Бересі) (-), немесе (Артық төлеу (+))" бағаны мынадай арифметикалық әрекет негізінде есептеледі:

"Есептік кезеңнің басына есеп айырысу сальдосы" бағаны алу "Есептелді" бағаны қосу "Азайтылды" бағаны қосу "Төленді" бағаны алу "Қайтарылды" бағаны;

"Өсімақы" бағанында - табыстың нақты төленуі шартында төлеушілердің жинақтаушы зейнетақы қорларына уақтылы аудармаған міндетті зейнетақы

жарналары сомасына есептелген өсімақы сомалары;

"Кезең ішінде" бағанында - өсімақыны есептеу немесе азайту жүргізілген к е з е ң ;

"Өсімақы төленді" бағанында міндетті зейнетақы жарналары түсімдері мен қайтарулары және оларға төлем құжаттары Тізілімінің негізінде өсімақы с о м а л а р ы ;

"Өсімақы сальдосы" есептелген және төленген өсімақылар арасындағы а й ы р м а ;

"Қайтаруларды шегере отырып жыл басынан енгізілді" бағанында - ҚР 1-МЗЖ нысанының есебіне және төлем құжаттарына сәйкес қайтарылған міндетті зейнетақы жарналарын шегергендегі түскен сомалар.

291. Төлеушімен төлем құжаттарында төлемнің мақсатты коды қате, төлемнің мақсатына сәйкес келмейтін көрсетілген кезде, соның салдарынан негізгі төлем мен өсімақы сомаларына төлемдерді дұрыс емес бөлу болғанда, төлеушімен дербес шотты жүргізу орны бойынша салық органына өтініш табыс етіледі. Табыс етілген өтініш негізінде төлеушімен салыстыру актісі жасалады, қате төленген сома расталған жағдайда дербес шотта тиісті қосымша бухгалтерлік хаттаулар жүргізіледі. Төлеушінің дербес шотында аталған аударым өтініш салық органына табыс етілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

Ескерту. 291-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

292. Төлем құжаттарын алған кезде салық органы мынадай:

- 1) төлеушінің СТН-ы дұрыс көрсетілмеуі;
- 2) басқа салық органында есепте тұратын төлеушінің төлем құжатын алуы;
- 3) СТН-нің төлеушінің атауына сәйкес келмеуі;
- 4) жіберуші - банк немесе банк операцияларын жүзеге асыратын ұйымның төлем тапсырмасын дұрыс ресімдемеуі себептерден төлеушіні анықтай алмаса, онда көрсетілген төлем құжаттары бойынша міндетті зейнетақы жарналарының сомалары олардың кімге тиісті екендігі анықталғанша дербес шотқа таратып ж а з ы л м а й д ы .

Жоғарыда аталған төлемдердің негізінде барлық салық органының қолы жететін және төлем құжатының атауы бойынша және басқа деректемелері бойынша міндетті зейнетақы жарналарының тиесілігін анықтау үшін шаралар қолдануды талап ететін "Анықталмаған төлемдер" мәртебесіндегі ақпарат қалыптасады.

293. Салық органымен салық төлеушінің тіркеу деректері бойынша төлем құжатының тиесілігі анықталған жағдайда салық органы "Анықталмаған төлемдер" ақпаратында төлеушінің СТН түзету жүргізеді. Төлеушінің түзетілген

СТН салық төлеушінің тіркемелік деректерімен салыстырылады және алшақтықтар болмаған кезде міндетті зейнетақы жарналарының сомасы дербес шотқа таратып жазылады. Бұл ретте "Анықталмаған төлемдер" ақпаратында мынадай қосымша жазба жүргізіледі:

түзетілген СТН;

дербес шотқа хаттама күні;

міндетті зейнетақы жарналарын дербес шотына таратып жазу жүргізілген салық органының атауы.

294. Түзетілген СТН ескере отырып бір төлем құжаты бойынша төлеушінің дербес шотына таратып жазудан кейін, басқа салық органдарынан осы төлем құжатына ақпарат келіп түсетін жағдайлар пайда болғанда, салық органдары сұрау салу бойынша төлем құжатының тиесілігін анықтайды. Төлем құжатының тиесілігі анықталғаннан кейін, келіп түскен сұрау салу бойынша басқа салық комитетіне тиесілігін мойындаған салық комитеті аталған төлемнен бас тартады. Ал дербес шотта "Төленді" бағаны бойынша "алу" белгісімен тиісті жазба көрсетіледі.

295. Басқа салық органында есепте тұрған төлеушілер бойынша төлем құжаттарын алған кезде, салық органы бұл туралы қажетті деректемелерді көрсетумен мемлекеттік уәкілетті органға хабарлайды және төлем құжаттарын төлеуші есепте тұрған салық комитетіне мақсаты бойынша жібереді.

296. ЗТЖМО 1-МЗЖ нысанының есебінде республика бойынша қате СТН-лі міндетті зейнетақы жарналарының түсімдері туралы ақпарат бар. Қате СТН-лі міндетті зейнетақы жарналарының түсімдері туралы ақпаратқа төлем құжаттары қоса беріледі. Қате СТН-лі төлем құжаттары төлеушінің орналасқан жері бойынша СТН белгісі бойынша мемлекеттік уәкілетті органның ақпараттық жүйесінде өңделеді. Таратып жазылмаған төлем құжаттары "Анықталмаған төлемдер" мәртебесіне ие болады. "Анықталмаған төлемдер" мәртебесіндегі төлем құжаттары бар ақпарат ЗТЖМО 1-МЗЖ нысанының есебі төлем құжаттарының деректемелері және төлем құжаттарын өңдеу нәтижелері бойынша қалыптасады. Төлем құжаттарының тиесілігін анықтау бойынша жұмыс күнделікті мынадай тәртіппен жүргізілуі тиіс:

1) төлем құжатының деректерінен жіберушінің атауы, мәтіндік мақсаты және басқа белгілері бойынша төлеушіні анықтау;

2) міндетті зейнетақы жарналарының тиесілігін анықтаған жағдайда аталған сомалар төлеушілердің дербес шоттарына таратып жазылсын.

297. Зейнетақы жарналарының қате есептелген сомасын қайтару зейнетақы заңымен белгіленген тәртіпте жинақтаушы зейнетақы қорлары жүргізіледі.

298. Міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы төлемегені үшін дербес шоттарда бұрын өсімақы есептелген ЗТЖМО ҚР 1-МЖЖ нысанының қосымша (

нақтыланған) есебі және оған өткен кезең үшін төлем құжаттарын уәкілетті мемлекеттік органнан салық органы алған жағдайда салық төлеушінің дербес шотындағы көрсетілген өсімақы сомасы түзетіледі. Дербес шоттағы осы операция ҚР 1-МЖЖ есебін алу күніне жүргізіледі, ал "Төлемдерді есептеу күні" бағанында міндетті зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын есептеу күні көрсетіледі.

299. Анықталмаған міндетті зейнетақы жарналардың кімге тиесілі екендігі, сондай-ақ қате СТН-мен төлем тапсырмасы анықталған жағдайда салық төлеушінің дербес шоттарында бұрын есептелген өсімақы түзетіледі, бірақ міндетті зейнетақы жарналарын жинақтаушы зейнетақы қорларына уақтылы төленген жағдайда.

300. ҚР МТСЗН уәкілетті органынан және салық төлеушінің осы дербес шоттардан алынған құжаттар негізінде салық органдарында және уәкілетті мемлекеттік органдарда:

Жыл басынан бастап күн, ай үшін жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарының түсу сомасы туралы есеп (N 50 қосымша);

Айлар бойынша ай сайын немесе кез-келген есептік күнге жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары сомасының түсу динамикасын (N 51 қосымша);

Айлар бойынша ай сайын немесе кез-келген есептік күнге жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары берешек сомасының динамикасын (N 52 қосымша) қалыптастырылады.

26-тарау. Дербес шоттардағы қорытындыны шығару

301. Ай, тоқсан, жылдың аяқталуы бойынша дербес шотта ақша есептелген (есептелген), кемітілген, төленген, қайтарылған салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, өсімақы және айыппұлдар сомасы бойынша қорытынды шығарылады.

302. Операцияның жазбасының әрбір күніне салық, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақылық жарналар, әлеуметтік аударымдар сомалары; өсімақы сомасы; айыппұл сомасы бойынша "Бересі (-), Артық төлеу (+) есеп айырысуының сальдосы" анықталады.

Ескерту. 302-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

303. "Бересі (-), Артық төлеу (+) есеп айырысуының сальдосы", "Өсімақы сальдосы", "Айыппұл сальдосы" бағаналары бойынша қорытындыны шығару кезінде қорытынды соманы есептеу жүргізілмейді, ал қорытынды қатарда соңғы операцияны жазу кезінде енгізілген бересі (-) немесе артық төлеу (+) сомасы жазылады.

304. Дербес шоттардағы қорытынды шығарғаннан кейін айдың соңына, тоқсанның соңына, жылдың соңына сәйкес есеп сальдосының дұрыс есептелуін тексеру мынадай тәртіпте: "Бересі (-), Артық төлеу (+) есепті кезең басындағы сальдосы" минус "Айға (жылға) есептелді" плюс "Айға (жылға) кемітілді" плюс "Айға (жылға) төленді" минус "Айға (жылға) қайтарылды" деп жүргізіледі.

305. СТН бойынша бюджеттің кірістерін әр жіктеу коды бойынша салық және басқа да міндетті төлемдер сомасының дербес шоттардан іріктеме, дербес шоттың барлық бағандары бойынша: ақпарат күнге, өспелі қорытындымен айға, тоқсанға және жыл басынан жүргізіледі.

27-тарау. Дербес шоттарды тексеру

306. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақылық жарналар, әлеуметтік аударымдар есебін енгізудің тәртібін сақталуына бақылау мақсатында есеп бөлімінің қызметкері дербес шоттардағы операциялардың дұрыс көрсетілуіне бақылау тоқсанына бір реттен сирек емес жүргізеді.

Дербес шоттарды тексеру кезінде:

1) Жауапты бөлім берген Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар және өсімақылар сомасын есептеуге және азайтуға тізілім негізінде есептелген және азайтылған салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомасын төлеу мерзімдері бойынша дербес шотта уақтылығы, дұрыстығы, толықтығы жазылады (12 - қосымша);

2) Қазынашылық органдарының құжаттары мен бастапқы төлем құжаттарының негізінде дербес шоттарға түскен, қайтарылған салық және басқа да міндетті төлемдер сомасы жазбасының уақтылығы, дұрыстығы, толықтылығы;

3) Салық төлеушінің (салық агентінің) бюджетпенен (бересі немесе артық төлеу) есеп айырысуының сальдосын шығарылуының дұрыстығы;

4) Салық есептілігіне толықтырулар мен өзгертулер енгізу нәтижесінде салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша бұрын ұсынылған декларациялар мен есеп айырысумен салыстыру бойынша айырмашылықтардың дербес шоттарға үлестірілуінің дұрыстығы;

5) Дербес шоттардың барлық бағандары бойынша қорытынды шығарудың дұрыстығы;

6) өсімақы есептелуінің дұрыстығы;

7) салық және басқа да міндетті төлемдердің төлену мерзімі көрсетілуінің дұрыстығы;

8) салық және басқа да міндетті төлемдердің банк шотынан шығарылуы мен бюджетке есепке алыну күнінің көрсетілуінің дұрыстығы тексерілуі қажет.

Дербес шоттарды қоса барлығы тексеруге жатады.

Есеп бөлімінің қызметкері дербес шоттарда көрсетілген жыл басынан бюджетке түскен салық және басқа да міндетті төлемдер сомасын N 25 нысандағы салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсімі мен қайтарылуының Тізілімі және есеп күніндегі бюджеттің кірістерін жіктеуінің сәйкес кодтары бойынша Қазынашылық органдарының деректерімен сәйкестігін тексеруі қажет.

Бұл үшін бюджеттің кірісін жіктеудің сәйкес кодтары бойынша "жыл басынан қайтаруды шегерістен барлық түскені" бағанасы бойынша дербес шоттардың қорытынды деректерінен салық және басқа да міндетті төлемдер сомасының қорытынды есебі жүргізіледі. Есептелген қорытынды бақылау күніндегі "жыл басынан қайтаруды шегерістен барлық түскені" бағанасының N 25 нысандағы салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсімі мен қайтарылуының Тізілімі бойынша сомасымен салыстырылып тексеріледі.

Төлем кірістері бойынша қорытынды жазбалардың дұрыстығын тексеру нысан бойынша (N 1 нысан, N 39 қосымша) кірістің бюджеттік жіктелуінің сәйкес коды бойынша салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер түсімі сомасын салыстыру жолымен жүргізіледі.

Есеп күніндегі дербес шоттардың қорытынды сомасы және N 25 нысандағы салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің қайтарылуы мен түсімдері тізілімінің деректерінде алшақтықтар болған жағдайда есеп бөлімінің қызметкері бұл алшақтықтардың себебін бастапқы төлем құжаттарын тексеру арқылы белгілеуге және сәйкес түзетулер енгізуге міндетті.

Дербес шоттарды тексеруден кейін дербес шоттарда "Тексерілді, күні, қолтаңба" жазбасы жасалады.

Ескерту. 306-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

307. Жарты жылдықта бір рет салық органының басшысы немесе есеп бөлімінің бастығы ақша есептеу (есептеу, кеміту) туралы салық есептілігінің деректерін уақтылы, толық және дұрыс таратылуына, сондай-ақ түсімдер (қайтару, есепке алу) туралы банк құжаттары мен дербес шоттарға және жиынтық қорытынды кітабындағы басқа жазбаларға іріктеп тексеруді жүргізеді.

308. Жылдың қорытындысы бойынша салық төлеушілер (салық агенттері) салық органдармен салық және басқа да міндетті төлемдер бойынша бюджетпен есеп айырысуды салыстырып тексеру жүргізіледі. Салыстырып тексерудің нәтижесі бойынша 23 нысан бойынша салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақылық жарналар, әлеуметтік аударымдар бойынша есеп айырысудың салыстырып тексеру актісі жасалады (N 10 қосымша)

23-нысан бойынша салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақылық жарналар, әлеуметтік аударымдар бойынша есеп айырысудың салыстырып тексеру актісіндегі есеп айырысу жағдайының нәтижелері үйлеспеген жағдайда салық органы мен салық төлеушінің деректері арасындағы есеп айырысу сальдосы бойынша алшақтықтар себебін көрсету қ а ж е т .

Салыстырып тексеру акті 2 данада жасалады, бір жағынан есеп бөлімінің бастығы және қызметкері, екінші жақтан салық төлеуші қол қояды.

Салыстырып тексерудің бір данасы салық төлеушіге (салық агентіне) беріледі, екінші данасы салық органында қалдырылады.

Ескерту. 308-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

28-тарау. Қаржы жылының аяқталуына дербес шоттардың жабылуы

309. Қаржы жылының аяқталуына дербес шоттарда барлық операциялардың жазбасынан кейін желтоқсан айының соңғы күнінде:

салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар, өсімақы және айыппұлдардың есептелген, кемітілген, төленген және қайтарылған сомалары;

салықты төлеу бойынша салық міндеттерін орындаудың өзгертілген мерзімімен салық сомасының жыл қорытындысы жасалады.

Ескерту. 309-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

310. "Есеп айырысу сальдосы" бағаны бойынша жыл қорытындысын шығару кезінде қорытынды сомасының есебі жүргізілмейді, ал қорытынды қатарда желтоқсан айына 31-күнін қоса соңғы операциялардың жазбалары кезіндегі бересі мен артық төлеу сомасы (егер осындайлар орын алса) жазылады.

311. Қаржы жылының соңына және дербес шоттардың жабылуы бойынша қорытынды деректер шығарылғаннан кейін салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар, өсімақы мен айыппұлдар бойынша есеп айырысу сальдосы (бересі немесе артық төлеу) келесі жылға дербес шоттарға ауыстырылады.

Ескерту. 311-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

312. Қаржы жылының аяқталуы бойынша дербес шот жабылады.

Дербес шоттар бойынша есептер сальдосы (берешек немесе артық төлеу) бар болған жағдайда сальдо жаңа қаржы жылына ашылған дербес шотқа көшіріледі.

Ескерту. 312-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық

комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

313. Қаржы жылы ақталуы бойынша дербес шоттар жабылғаннан кейін кез-келген операциялардың жазбасы дербес шоттарда жүргізілмейді.

29-тарау. Салық және басқа да міндетті төлемдер түсімі мен қайтарылуының тізілімін жүргізу

314. Бюджетке түсетін және бюджеттен қайтарылған салық және басқа да міндетті төлемдердің жиынтық есебі үшін салық органдары N 25 нысандағы салық және бюджетке түсетін басқа да төлемдердің түсімі мен қайтарылуының Тізілімін (бұдан әрі - N 25 н тізілімі) жүргізеді (N 6 қосымша).

315. N 25 нысандағы Тізілім бюджеттің кірісін жіктеу коды бойынша жүргізіледі.

316. Міндетті зейнетақы жарналары бойынша ЖЗҚ N 25 нысандағы міндетті зейнетақы жарналары бойынша түсімдер мен қайтарылымдардың Тізілімі жүргізіледі (N 7 қосымша).

317. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бюджет шығасысының өтемақысын төлеу түрінде түсетін салық және бюджетке түсетін басқа да міндетті төлемдер Қазынашылық органдарының төлем құжаттары негізінде бюджет кірісін жіктеудің сәйкес коды бойынша N 25 нысандағы тізілімде көрсетіледі.

318. N 25 нысандағы тізіліміндегі жазбалар күн сайын күннің жалпы қорытындыларымен осы күні нақты есептелген және қайтарылған сомалар туралы Қазынашылық органдарының құжаттары негізінде жүргізіледі.

319. N 25 нысандағы тізілім деректері негізінде салық төлеушінің дербес шоттары бойынша түсімдер туралы деректермен бюджетке түскен салық және төлемдердің сомасын салыстырып тексеру жүргізіледі.

30-тарау. Есептеулер, кемітулер және түсімдердің жиынтық қорытынды есебі кітабының жүргізілуі

320. Жеке тұлғалардан жер салығы, жеке тұлғалардан мүлік салығы бойынша есептеулер, кемітулер, түсімдер, шегерімдер және қайтарулардың жиынтық қорытындысы есебі жергілікті атқарушы органдар, жекелеген телім бойынша N 26 нысандағы (бұдан әрі - N 26 н. кітап) (N 41 қосымша) есептеулер, кемітулер және түсімдердің жиынтық қорытынды есебінің кітабында жүргізіледі.

N 26 н. Кітапта есептеулер, кемітулер, түсімдер, есепке алулар және қайтарылымдардың күндізгі қорытындысы әрбір төлем бойынша бөлек жазылады. Түсімдер бойынша қорытынды деректер Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2002 жылғы 5 тамыздағы N 665 бұйрығымен бекітілген Қатаң есептілік бланкілерін жеткізу, сақтау, есепке алу және беру ережелеріне сәйкес осы күнге телім бойынша жергілікті атқарушы органдар мен

бөлімнің жауапты қызметкерлерімен ұсынылған есептіліктің қорытынды сомаларына сәйкес келуі керек.

Салықтың әрбір түріне N 26 н. жеке кітап ашылады.

Ескерту. 320-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

31-тарау. Жеке тұлғалардан салық жинау және олардың бюджетке түсімдері бойынша жергілікті атқарушы органдардың жұмыстарын бақылау

321. Салық органдары банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер мен ұйымдар арқылы бюджет кірісіне салықтарды қабылдау мен қабылданған сомаларды беру бойынша жергілікті атқарушы органдардың жұмысына бақылауды жүргізеді.

322. Жергілікті атқарушы органдар салық төлеушілер заңды тұлғалардың N 1 ЖТ нысанының түбіртегі бойынша төленетін мүлік, көлік құралдары және жер салығын жинауды жүзеге асыра алады.

N 1 ЖТ нысанындағы түбіртек қатаң есептілік құжаты болып табылады және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді.

3 2 3 . Б а қ ы л а у :

1) бюджет кірісінің жіктемесінің кодына сәйкес жергілікті атқарушы органдардың салық төлеушілерден алған салық сомасына (N 24 нысан түбіртегі бір жолғы талон бланктері бойынша), сондай-ақ Қазынашылық органдарының төлем сомаларына қатысты берілген салық сомасына тексерулер;

2) қатаң есептілік бланктарын беру және есептеу, сақтау, жеткізу Ережелеріне сәйкес жергілікті атқарушы органдар есебі мен N 1 ЖТ нысандағы, N 24 нысандағы түбіртектер бір жолғы талон түбіртектері көшірмесін салыстырып тексеру арқылы жүргізіледі.

Ескерту. 323-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

324. Жекелеген банктік операцияларды, түбіртектерді сақтауды жүзеге асыратын банктер мен ұйымдар арқылы бюджет кірісіне қабылданған салық сомаларын беру, салықты қабылдау бойынша жұмыс жағдайын тексеру материалдарын салық органдары жергілікті атқарушы органдардың кассаларына мерзімдік тексеруді өткізу кезінде қолданады.

325. Жергілікті атқарушы органдардың кассаларына мерзімдік тексеру жылына бір реттен кем емес өткізіледі.

326. Жергілікті атқарушы органдардың кассасына әрбір кезекті тексеруді өткізу кезінде тексеруді өткізуші салық органының қызметкері тексерудің

нәтижелері туралы анықтамада мынадай мәселелерді:

1) өткен тексерулер өткізу барысында анықталған бұзушылықтар, кемшіліктер және ескертулерді жою және оларды жою бойынша қабылданған ш а р а л а р ;

2) салықтың төленгені фактін растайтын түбіртектің және бір жолғы талон бланкілерінің жеке тұлғаға беру, сақтау, есептеу тәртібі, түбіртектің және бір жолғы талон бланкілерінің дұрыс толтырылуы;

3) жекелеген банк операцияларын жүргізетін банктер мен ұйымдарға салық сомасын толық және уақтылы берілуі, ал елді мекенде банк болмаған жағдайда олардың жергілікті бюджетке беру мерзімінің сақталуы;

4) түбіртекті, бір жолғы талон бланкілерді қолдану туралы есептіліктің, сондай-ақ банкке (жергілікті бюджетке) салық сомасының енгізілу есептілігінің дәлдігі және уақтылы ұсынылуы.

Ескерту. 326-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

327. Тексерулер аралығы кезінде N 24 н. және N 1 ЖТ түбіртектері, бір жолғы талон бланкілері жоғалған (жетпеушілік) немесе ұрланған жағдайда түбіртектің жоғалғаны (жетпеушілігі) немесе ұрланғаны туралы факт қашан және қайда анықталғаны көрсетілген акт жасалады.

Ескерту. 327-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

328. Актіні жергілікті атқарушы органның жауапты қызметкері жасайды және оның жетекшісі растайды. Актінің бір данасы сол күні-ақ ілеспе хатпен бірге аумақтық салық органына жіберіледі.

329. N 1 ЖТ нысандағы түбіртектер, бір жолғы талон бланкілері бойынша қабылданған салық сомасы бюджетке аударылған салық сомасына сәйкес келмеген жағдайда, сондай-ақ қабылданған салық сомасы бюджетке толық емес аударылғанда жергілікті атқарушы органдар кассаларын тексеру материалдары құқық қорғаушы органдарға беріледі.

Ескерту. 329-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

3-бөлім. Дербес шоттардағы өсімақы есептеу тәртібі және айыппұлдарды есептеу тәртібі

32-тарау. Дербес шоттардағы өсімақы есептеу тәртібі

330. Дербес шоттардағы өсімақы салық міндеттерін белгіленген мерзімдерде атқармағаны үшін есептеледі.

331. Салық кодексінің 46-бабының 3-тармағына сәйкес өсімақы салық міндетін атқарудың әрбір кешіктірілген күні үшін салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу мерзімі күнінен кейін және төлеу күнін қоса Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың 2,5 есе ресми ставкасы мөлшерінде есептеледі. Міндетті зейнетақы жарналарын жинақтаушы зейнетақы қорларына және әлеуметтік аударымдарды уақтылы аудармағаны үшін өсімақы әрбір кешіктірілген күнге міндетті зейнетақы жарналарын төлеу күні мерзімінен бастап, төлеу күнін қоса Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың 2,5 есе ресми ставкасы мөлшерінде әрбір мерзімі өткен күнге есептеледі.

Ескерту. 331-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

332. Салық кодексінің 46-бабының 2-тармағына сәйкес өсімақы сомасы салық міндеттерін күштеп атқару шараларын, сондай-ақ салық заңын бұзғаны үшін өзге де жауапкершілік шараларын қолданғанына қарамастан есептеледі және төленеді.

333. Дербес шоттарда өсімақы есептеу:

- 1) мерзімі өткен бересі қалдығын өзгертетін әрбір есеп операцияларынан кейін ;
- 2) әрбір айдың соңында төлеу мерзімі аяқталған күннен кейінгі уақыттан бастап немесе соңғы өсімақы есептеу күнінен бастап;
- 3) салыстырып тексеру актілерін беру кезінде жүргізіледі.

334. Есептелген өсімақы сомасы дербес шоттың "Өсімақы сомасы" бағанасында көрсетіледі, ал "Кезең үшін" бағанасында уақыттың қай кезеңіне өсімақы есептелгені көрсетіледі.

335. Дербес шоттың "Өсімақы төленді (қайтарылды)" бағанасында негізгі төлем төлеуге төленген немесе қайтарылған (есептелген) өсімақы сомасы көрсетіледі.

336. Негізгі төлем төлеуіне бұрын аударылған немесе есептелген өсімақы сомасының кемуі "Өсімақы сомасы" бағанасында "-" белгісімен көрсетіледі.

337. "Өсімақы сальдосы" бағанасында өсімақы сомасының төленбеген қалдығы көрсетіледі.

338. Салық Кодексінің 41-бабының 3-тармағына сәйкес салық төлеу бойынша салық міндеттерін атқару мерзімінің өзгертілуі салық төлеушіні бюджетке салықты уақтылы төлемегені үшін өсімақыны төлеуден босатпайды, осыған байланысты дербес шотта өсімақыны есептеу үшін салықты төлеу мерзімі Салық Кодексінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, бұрынғысынша қалады.

339. Салық Кодексіне сәйкес импортталатын тауарлар су, газ, электроэнергия болса және өндірістік өңдеуге арналған импортталатын тауарлардың құнының

салық төлеу мерзімінің өзгертілуі кеден органының кеден жүк декларациясын қабылдаған күннен бастап үш айдан аспайтын мерзімге өсімақы есептелмей жүргізіледі. Салық Кодексінің 249-бабының 6-тармағына сәйкес өтелмеген қарыз сомасына өсімақы көрсетілген үш айлық кезең өткеннен кейінгі бірінші күннен бастап есептеледі.

340. Салық жылы аяқталған соң дербес шотты жабу кезінде "Өсімақы сальдосы" қаржы жылының соңғы күніне есептелетін сомадағы жаңа дербес шоттарға ауыстырылады.

341. Салық Кодексінің 46-бабының 4-тармағына сәйкес өсімақы банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер мен ұйымдарға салық сомалары мен басқа да міндетті төлемдер, айыппұлдарды банк шотынан шығару кезегін сақтамағаны үшін, сондай-ақ салықтар мен басқа да міндетті төлемдер сомасын салық төлеушінің банк шотынан шығарылған аударуын кідірткені үшін, аударылған банк сыйақыларымен бірге шартты банк салымында орналасқан табыс салығының ұсталған сомасын уақтылы аудармағаны үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетіне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың 2,5 есе мөлшердегі ресми ставкасы әрбір кешіктірілген күнге есептеледі.

Ескерту. 341-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

342. Дербес шоттардағы өсімақыны есептеу кезінде:

1) салық және басқа да міндетті төлемдерді төлеуге банк шотынан ақшаны шығару күні;

2) банкке немесе уәкілетті органға салық және басқа да міндетті төлемдерді төлеуге қолма қол ақша енгізу күні;

3) банкоматтар және өзге де электронды құрылғылар арқылы төлемді жүзеге асыру күні;

4) ақшаны бюджетке аудару күні;

5) табыс салығының шартты банк салымына аудару күні ескеріледі.

Дербес шоттағы өсімақыны төлеу кезінде салық және басқа да міндетті төлемдерді төлеуге ақшаны шығарылу күні салық төлеушінің (салық агентінің) банк шоттарынан қабылданады; банкке немесе уәкілетті органға салық және басқа да міндетті төлемдерді төлеуге қолма қол ақша енгізу күні және банкоматтар және өзге де электронды құрылғылар арқылы төлемді жүзеге асыру күні.

Банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар салық төлеушілерден (салық агентінен) салық төлеушінің банк шоттарынан шығарылған ақшаны салық және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдерді, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды

төлеуге кідірткені үшін өсімақы алынбайды.

Өсімақы есептеу кезінде салықтар мен төлемдердің басқа түрлеріне есепке жатқызу қорытындылары бойынша келіп түскен салық және басқа төлемдер бойынша дербес шотта қорытынды күні қабылданады.

Ескерту. 342-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

343. Салық тексерулері нәтижесінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер мен ұйымдарға есептелген өсімақы дербес шоттарда есеп бөлімшесіне жауапты салық органының бөлімі ұсынған салық сомасы мен Салық тексерулері нәтижелері және әкімшілік жаза қолдану туралы қаулылар (N 12-1 қосымша) бойынша салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың, өсімақылардың және айыппұлдардың есептелген (кемітілген) сомалары туралы тізілім негізінде өткізіледі.

Ескерту. 343-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

344. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер мен ұйымдарға есептелген және төленген өсімақы сомасына салық тексерулері нәтижесінде бюджет кірістерін сыныптау кодтарына сәйкес дербес шоттар а ш ы л а д ы .

"Операцияның мазмұны" бағанасында "Тексеру акті бойынша есептелді" ти і с т і ж а з б а жү р г і з і л е д і .

Дербес шоттың "Есептелген өсімақы" бағанасында бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар және өсімақылар есептеудің (кемітудің) Тізілімінде көрсетілген өсімақы сомасы к ө р с е т і л е д і .

Ескерту. 344-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

345. Салық Кодексінің 46-бабының 5-тармағына сәйкес салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша құрылған бересі сомасына сот шешімімен борышқорды банкрот деп тану қабылданған мезетінен кейін өсімақы есептеу жүргізілмейді.

346. Бересінің бір ғана себебі жауапты бөлімнің есеп бөліміне ұсынған банкілерді жоюшы кредиторлар тізімі негізінде қызмет көрсетуші банктің жойылуы болып табылған жағдайда банктерді мәжбүрлеп жоюшы кредиторлардың бюджетіне салық және басқа да міндетті төлемдер бойынша бересі сомасына өсімақы есептелмейді.

Т і з і м д е :

1) Салық төлеушінің атауы - таратылатын банктің кредиторы;

2) С Т Н ;

3) өсімақы есептелмейтін бересі сомасы;

4) банкті мәжбүрлеп жою туралы шешімнің күшіне ену күні көрсетілуі тиіс. Есеп бөлімі қызметкері көрсеткен күннен бастап дербес шоттағы өсімақы есептеу тоқтатылады.

347. Сот шешімі бойынша бюджетке төленетін салық және басқа да міндетті төлемдерді өтеу үшін акциялардың қосымша эмиссиясы жүргізілетін бересі сомасына өсімақы есептелмейді. Дербес шоттардағы өсімақы есептеуді тоқтату үшін жауапты бөлім есеп бөліміне көрсетілген салық төлеушілердің тізімін ұ с ы н а д ы .

Т і з і м д е :

1) Салық төлеушінің атауы;

2) С Т Н ;

3) өсімақы есептелмейтін бересі сомасы;

4) жарияланған акцияларды мәжбүрлі түрде шығару туралы сот шешімінің кү ш і н е е н у кү н і ;

5) мәжбүрлі түрде шығарылған жарияланған акцияларды орналастырылудың аяқталу күні көрсетілуі тиіс.

348. Жеке тұлғаға бересі сомасына жауапты бөлім есеп бөліміне ұсынған тізімдер негізінде оның із-түссіз жоқ деп тану туралы соттың шешімі күшіне енгеннен бастап жеке тұлғаның бересіне өсімақы есептелмейді.

Т і з і м д е :

1) жеке тұлғаның аты, әкесінің аты, фамилиясы;

2) С Т Н ;

3) өсімақы төленбейтін бересі сомасы;

4) жеке тұлғаны із-түссіз жоқ деп тану туралы сот шешімінің күшіне енген кү ү н і ;

5) жеке тұлғаны із-түссіз жоқ деп тану туралы сот шешімі күшін жойған күні к ө р с е т і л у і т и і с .

Жеке тұлғаны із-түссіз жоқ деп тану туралы сот шешімі күшін жойған жағдайда өсімақы аталған шешім күшін жойған күннен бастап өсімақы есептеледі.

349. Жауапты бөлімнің есеп бөліміне ұсынған тізімдеріне жауап бөлімінің жұмысшысы, бастығы қол қояды және салық органының жетекшісі бекітеді.

350. Салық органының жұмысшысының кінәсінен негізсіз өсімақы төлеуге әкелген дербес шотта салық немесе басқа да міндетті төлемдер сомасы қате

немесе дұрыс емес көрсетілсе, жауапты бөлімнің есеп бөліміне қателікті тапқан күні ұсынған қосымша тізілім негізінде сәйкес жазбалар жүргізіледі, ал заңсыз есептелген салық, төлем және өсімақы сомасы түзетіледі.

351. Салық төлеушінің дербес шотында есепке жатқызуды жүргізу мерзімі бұзылған жағдайда, Салық кодексінің 46-бабының 9-тармағына сәйкес артық төленген салық сомасын растау кезінде салық төлеушінің есепке жатқызуды туралы өтінішінде көрсетілген артық төленген салық сомасына пропорционал сомасы бересі сомасына өсімпұл есептелмейді. Бұл ретте өсімпұл артық төленген салық сомасын есепке жатқызуды жүргізу үшін Салық кодексінде белгіленген мерзім басталған күннен бастап есептелмейді.

Мысал. Салық органына 2003 жылдың 24 қаңтарында 50 000 теңге сомасында жер салығының бересісін өтеу есебіне әлеуметтік салықтың артық төленген сомасын есепке жатқызуды жүргізуге өтініш тапсырылды. Әлеуметтік салықтың артық төленген сомасын тексергеннен және растағаннан кейін салық органы Қазынашылық органдарына 2003 жылғы 13 ақпанда қорытындыны және әлеуметтік салықтың бюджет жіктеуішінің кодынан жер салығының бюджет жіктеушінің кодына аударуға төлем тапсырмасы жіберілді.

Салық органы Қазынашылық органынан 2003 жылдың 14 ақпанында 2003 жылдың 13 ақпанында әлеуметтік салықтың бюджет жіктеуішінің кодынан жер салығының бюджет жіктеушінің кодына 50 000 теңге аударылғаны туралы төлем құжатын алады. Есепке жатқызуды жүргізудің 5 жұмыс күні деп белгіленген мерзімінің бұзылуына байланысты салық төлеушінің дербес шотында 2003 жылдың 7 ақпанынан бастап жер салығының 50 000 теңге бересі сомасына өсімпұл есептелмейді. Аталған мысалда жер салығының 50 000 теңге бересі сомасына салық төлеушінің дербес шотында өсімпұл қоса алғанда 2003 жылдың 6 ақпанындағы төлеу мерзімінен кейінгі күннен бастап есептеледі.

Ескерту. 351-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

352. Қосымша салық және есеп декларациясы бойынша соманы уақтылы төлемеген жағдайда дербес шоттағы өсімақыны есептеу белгіленген төлеу мерзімінен кейінгі күннен бастап жүргізіледі.

353. Салық Кодексімен белгіленген салық декларациясын ұсыну мерзіміне дейін ұсынылған декларация негізінде салық декларациясын ұсынуды үш айдан аспайтын мерзімге ұзартқан жағдайда дербес шоттағы салық төлеу мерзімі өзгертілмейді. Осыған байланысты, салық декларациясын ұсыну мерзімі ұзартылған жағдайда дербес шоттағы өсімақы жалпыға бірдей белгіленген тәртіпте есептеледі.

354. Жауапты бөлімнің Мерзімінде орындалмаған салық міндеттерінің атқарылуын қамтамасыз ету бойынша қабылданатын шаралар туралы

хабарламаларды" толтыру кезінде есеп бөлімінің жұмысшысы есептелген өсімақы сомасын хабарламада көрсету үшін өсімақы сомасымен дербес шоттан көшірме салық төлеушіге (салық агентіне) хабарлау (тапсыру) күнінде ұсынады.

355. Өсімақыға және басқа да айыппұл санкцияларына өсімақы есептелмейді.

356. Өсімақы есеп айырысуы мынадай формулада жүргізіледі:

$$П = (Н * Р / 100 * 2,5 * Д) / 365, \text{ мұнда:}$$

П - есептелген өсімақы сомасы;

Н - бересі сомасы;

Р - қайта қаржыландыру ставкасы;

Д - мерзімі өткен күндер саны.

Өсімақы есеп айырысуының үлгісі:

А заңды тұлға мүлкіне дербес шотында 20.05.01. кезекті төлеу мерзіміне 16000 сомадағы ағымдағы төлемдер есептеуі жүргізілді.

З а ң д ы т ұ л ғ а :

1) 01.06.01ж. 5000 теңге сомасында;

2) 06.07.01ж. 11000 теңге сомасындағы берешек қалдығын төледі.

Салықты төлеу мерзімінің демалыс күнге дәл келуіне байланысты төлеу мерзімі келесі жұмыс күніне ауыстырылады (2001 жылғы 21-мамыр). Өсімақыны есептеу төлеу мерзімі күнінен кейінгі күннен жүргізіледі.

Өсімақыны төлеу кезіндегі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың ресми ставкасы:

1) 2001 жылдың 22-мамырынан 2001 жылдың 1-маусымы аралығы - 12,5%,

2) 2001 жылдың 2-маусымынан 2001 жылдың 3-маусымы аралығы - 12,5 %,

3) 2001 жылдың 4-маусымынан 2001 жылдың 6-шілдесі аралығы - 12%.

Қаржылаудың қолданыстағы ставкасы бойынша әрбір мерзімі өткен күнге бересі сомасына өсімақы есептеледі:

N Өсімақыны есептеу кезеңі			Мерзімі өткен күн саны	Бересі сомасы	Қайта қаржы. л а н д ы р у с т а в к а с ы
дейін	1		22.05.2001	жылдан	
			01.06.2001	жылға	
	11 күн	16000	12,5%		
дейін	2		02.06.2001	жылдан	
			03.06.2001	жылға	
	2 күн	11000	12,5%		

3	0 4 . 0 6 . 2 0 0 1	ж ы л д а н
	0 6 . 0 7 . 2 0 0 1	ж ы л ғ а
дейін	33 күн	11000 12%

1) 22.05. 2001 жылдан 01.06. 2001 жылғы кезеңге өсімақы есебі (16 000 * 12,5/100 * 1,5 * 11) / 365 = 90,41 теңге.

2) 02.06.2001 жылдан 03.06.2001 жылғы кезеңге өсімақы есебі (11 000 * 12/100 * 1,5 * 2,5) / 365 = 11,30 теңге.

3) 04.06. 2001 жылдан 06.07. 2001 жылғы кезеңге өсімақы есебі (11 000 * 12/100 * 1,5 * 33) / 365 = 179,01 теңге.

4) Барлығы 22.05.2001 жылдан 06.07.2001 жылғы кезеңге А заңды тұлға 90,41 + 11,30 + 179,01 = 280,72 көлемдегі өсімақыны бюджетке төлеуге тиісті.

Ескерту. 356-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 , 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

357. Бюджеттен өтелуге тиісті, нөлдік ставка бойынша қосылған құн салығын қайтару туралы салық органына өтініш беру күніне салықтардың басқа түрлері бойынша бересі болған жағдайда, дербес шоттарда бересінің аталған сомасына жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен өсімпұл есептеу жүргізіледі.

358. Есептелген өсімақы сомасы бюджет кірісінің жіктемесімен бекітілген салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің тиісті кодтарына сәйкес есептеледі.

33-тарау. Айыппұлдарды есептеу тәртібі

359. Салықтық және әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік айыппұлдарды есепке алу осы Ережелерге N 44 қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 359-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

360. Дербес шотқа айыппұл сомасын есептеу үшін жауапты бөлім салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнеткерлік жарналар, әлеуметтік аударымдар және өсімақылар сомасын есептеуге (төмендетуге) Тізілімді есеп бөліміне ұсынады.

Ескерту. 360-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

361. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнеткерлік жарналар, әлеуметтік аударымдар және өсімақылар сомасын есептеуге (төмендетуге) Тізілім бюджетке төленетін айыппұл мерзімі, сомасы көрсетілген үстеме әкімшілік жаза туралы қаулыға сәйкес толтырылады.

Ескерту. 361-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

362. Айыппұлдар сомасын есептеу туралы жазба бұзушылықтар жіберілген салық түрі мен басқа да міндетті төлемнің "Айыппұл (төмендетілді) төленді" бағанасында жүргізіледі.

4-бөлім. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша есептілік

34-Тарау. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің және жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары сомасының түсімдері және бересілері туралы" 1Н нысаны бойынша есеп

363. Салық органдары ай сайын бірінші күнінде "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің және жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары сомасының түсімдері және бересілері туралы" 1Н нысаны бойынша (бұдан әрі - 1Н нысаны есептілігі) кеңейтілген есептілік жасайды (N 45 қосымша).

364. 1Н нысаны есептілігі қаржы жылы басталғаннан өспелі қорытындымен кірісті бюджеттік жіктеме коды бойынша қорытындыны жасай отырып үш с а н а т т а ж а с а л а д ы :

- 1) салық түсімдері (бірінші санат);
- 2) салықтық емес түсімдер (екінші санат);
- 3) салық және салық емес жиыны;
- 4) капиталмен операциялардан кірістер (үшінші санат);
- 5) кірістер жиыны.

365. Есептілік күніне 1Н нысаны есептілігін жасау кезінде есептеменің сәйкес б а ғ а н а л а р ы б о й ы н ш а :

1) "Жоспар" - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі хабарлаған бекітілген болжамды көрсеткіш;

2) "Нақты түсімдер" - Қазынашылық органдары деректері бойынша жыл басынан бастап мемлекеттік бюджетке түсімдер;

3) "Республикалық бюджетке нақты түсімдер" - Қазынашылық органдарының ведомстволары негізінде жыл басынан бастап республикалық бюджетке түсімдер ;

4) "Жергілікті бюджетке нақты түсімдер" - Қазынашылық органдарының ведомстволары негізінде жыл басынан бастап жергілікті бюджетке түсімдер;

5) "Қазақстан Республикасының Ұлттық Қорымен барлық түсімдер" - Қазынашылық органдарының ведомстволары негізінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Қорымен плюс мемлекеттік бюджетке түсімдер;

6) "оның ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Қорына түсетін түсімдер" - жыл басынан Қазынашылық органдарының деректері бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Қорына түсетін түсімдер;

7) "орындалу %" - сәйкес мемлекеттік, республикалық, жергілікті бюджетке кірістер бойынша есеп күніне болжамалы көрсеткіштің орындалу проценті;

8) "Бересі-1" - есеп күніне көрсетілген бағанаға:

салық және басқа да міндетті төлемдердің басқа да түрлері бойынша артық төленген соманың болуына қарамастан, салық төлеушілерге құқық қорғау органдары мен прокуратура органдары (бұдан әрі - құқық қорғау органдары) қаулыларының негізінде жүргізілген салық тексерулерінің нәтижелері бойынша есептелген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің сомаларын қоспағанда, дербес шоттар бойынша (өсімақы мен айыппұлсыз) есептелген және мерзімінде төленбеген салық және бюджетке төленетін басқа да м і н д е т т і т ө л е м д е р ;

оңалту рәсімі басталған кезден бастап қалыптасқан бересі сомасы; салықты төлеу бойынша салық міндеттемесін орындаудың өзгертілген мерзімі өткен бойда төленуге жататын салық сомасы кіреді.

"Бересі-2" - есеп күніне көрсетілген бағанаға:

салық және басқа да міндетті төлемдердің басқа да түрлері бойынша артық төленген соманың болуына қарамастан, салық төлеушілерге құқық қорғау органдары қаулыларының (құзыреті шегінде өзге де талаптардың) негізінде жүргізілген салық тексерулерінің нәтижелері бойынша дербес шоттар бойынша (өсімақы мен айыппұлсыз) есептелген және мерзімінде төленбеген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер кіреді.

1Н нысаны есептемесінің "Бересі-1" және "Бересі-2" бағандарында: салықты төлеу бойынша салық міндеттемесін орындаудың өзгертілген мерзімі мен салық сомасы ;

Оңалту жоспарына сәйкес банкрот деп жарияланған (салық төлеушіні банкрот деп тану туралы сот шешімінің негізінде) салық төлеушілердің бересі; оңалту рәсімін жүргізу сәтіне қалыптасқан бересі сомасы көрсетілмейді.

Бересінің бар екендігі туралы мәліметтерді:

айдың 1-күнінде әр айдың үшінші күнінен кешіктірместен, салық төлеушілердің (салық агенттерінің) дербес шоттары негізінде аудандық (қалалық) салық комитеттері, ауданаралық салық комитеттері, арнайы экономикалық аймақтардың салық комитеттері ;

төменгі тұрған салық органдарынан алынған есептеме, сондай-ақ көрсетілген салық органдарында тікелей жүргізілетін салық төлеушілердің (салық агентінің) дербес шоттары негізінде облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша салық комитеттері ж а с а й д ы .

Бересі туралы мәлімет есепті күнге әрбір салық және басқа да міндетті төлемдердің коды бойынша жасалады;

9) "Нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдар бойынша ҚҚС

сомасын өтеу" - нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдар бойынша, 300.00-нысаны декларациясының 300.00.027 жолының деректеріне сәйкес өткен кезеңдерге қайтарылмаған сомаларды ескере отырып бюджетте қайтарылатын
Қ Қ С с о м а с ы ;

9-1) ҚҚС өтеу сомасы, барлығы - ағымдағы жылдың басынан өтелген ҚҚС
с о м а с ы ;

10) "Нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдар бойынша ҚҚС сомасы" - ағымдағы жылдың басынан өтелген нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдар бойынша ҚҚС сомасы (салықтардың аталған және басқа да түрлері бойынша салық берешектерін өтеу есебіне есептелген, және (немесе) салық төлеушінің банктік шотына қайтарылған сомалар);

10-1) "Грант қаражатының есебінен сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша төленген ҚҚС-н өтеу сомасы" - грант қаражатының есебінен сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша төленген ҚҚС-ның өтелген сомасы;

10-2) "Қазақстан Республикасында тіркелген дипломатиялық және соларға теңестірілген өкілдіктерге ҚҚС өтеу сомасы" - Қазақстан Республикасында тіркелген дипломатиялық және соларға теңестірілген өкілдіктерге ҚҚС-ның өтелген сомасы;

10-3) "Келісім-шарт бойынша ҚҚС өтеу сомасы" - келісім-шарт бойынша өтелген Қ Қ С сомасы .

11) "Төленген өсімақының сомасы" - өсімақыны өтеу шотына ағымдағы жыл басынан түскен түсімдер;

12) "Төленген айыппұл сомасы" - айыппұлды өтеу шотына ағымдағы жыл басынан түскен түсімдер;

13) "Артық төлеу" - банкрот деп жарияланған, алайда олар бойынша конкурстық іс жүргізу аяқталмаған және сот оңалту рәсімін қолдану туралы ұйғарым қабылдаған салық төлеушілердің артық төлеулерін, бес жылдан артық саналған артық төлеулерді қоспағанда, есепті күндегі іс жүзінде дербес шотта құралған салық және басқа да міндетті төлемдердің түрлері бойынша артық төлеу, Салық төлеушілердің мемлекеттік тізілімінен шартты шығарып тасталған салық төлеушілердің дербес шоттарында бар артық төлеу сомасы;

14) "Жинақтаушы зейнетақы қоры 10%" 901101 жолында мыналар толтырылады: "Нақты түсімдер" бағаны - ҚР ЕХӘҚМ уәкілетті органының деректері бойынша міндетті зейнетақы жарналардың түсімдері, "Бересі", "Артық төлеу" бағандары - банкрот деп жарияланған, алайда олар бойынша конкурстық іс жүргізу аяқталмаған және сот оңалту рәсімін қолдану туралы ұйғарым қабылдаған салық төлеушілердің бересілері мен артық төлеулерін қоспағанда, есеп күнінде дербес шоттарда қалыптасқан міндетті зейнетақы жарналары

бойынша бересі немесе артық төленген сома;

15) "Иелігіндегі мүлікті шектеу" 906101 қатары бойынша - қалдық құны бойынша өткен жылдар қалдығының өспелі жиынын есепке ала отырып, өткізілген және қайтарып алынған шегерімнен салық берешегінің есебіне иелігіндегі мүлікті шектеу сомасы;

16) "Иелігіндегі мүлікті шектеу жүзеге асырылды" 908101 қатары бойынша - ағымдағы жыл басынан бастап салық берешегі есебіне салық төлеушінің иелігіндегі мүлікті өткізуден бюджетке есептелген сома.

Ескерту. 365-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 , 2006 жылғы 31 мамырдағы N 283 , 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 664 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

366. 1Н нысаны есептілігін салық органдары бекітілген нысан бойынша бірыңғай бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдана отырып қалыптастырады және уәкілетті мемлекеттік органдарға электронды почтамен жіберіледі.

1Н нысан есебі жоғарғы салық органдарына мынадай мерзімдерде береді (ай к ү н і) :

Аудан және қалалар бойынша салық комитеттері айдың 3-ші күні;

Облыстар және Алматы мен Астана қалалары бойынша салық комитеттері және аймақаралық салық комитеттері айдың 5-ші күні;

Уәкілетті мемлекеттік орган айдың 6-шы күні.

367. Қаржы жылының соңында салық органдары Қазынашылық органдары ведомстволарының негізінде қорытынды айналымды ескере отырып 1Н нысан есебін жасайды.

35-Тарау. Уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен нысандар бойынша салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша есептілік

368. Салық төлеушілердің (салық агенттерінің) дербес шоттары негізінде уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен нысандар бойынша есептілік жасалады:

1) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешек жағдайы туралы" есептілік (бұдан әрі - КЗ н. есептілігі) (N 49 қосымша);

2) "Кәсіпорын түрлері, шағын кәсіпкерлік және заңды тұлғалар бойынша экономикалық қызмет бөлігінде салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомасы жайлы" есептеме (бұдан әрі - ЭҚЖЖ-1 н. есептемесі) (N 4 6 қ о с ы м ш а) ;

3) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер түрлері бойынша экономикалық қызмет бөлігінде салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомасы жайлы" есептеме (бұдан әрі - ЭҚЖЖ-2 н.

4) "Есеп айына қалыптасқан бересі өзгерісінің факторы" есептемесі (бұдан әрі - ФН н. есептемесі) (N 48 қосымша).

369. КЗ н. есебін жасау үшін салық төлеушінің (салық агентінің) дербес шотында мына белгілердің бірі көрсетіледі:

- 1) бюджет алдында салық берешегі жоқ әрекетсіз салық төлеушілер;
- 2) салық берешегі бар салық әрекетсіз салық төлеушілер;
- 3) бюджет алдында салық берешегі жоқ, жоқ салық төлеушілер;
- 4) 1 жылдан астам салық берешегі бар жоқ салық төлеушілер;
- 5) 6 айдан астам салық берешегі бар жоқ салық төлеушілер;
- 6) оларға Салық кодексіне сәйкес салық берешегін мәжбүрлеп өндіріп алудың барлық тәсілдері мен шаралары қолданылған, 3 айдың ішінде салық міндеттемелерін орындамаған төлем қабілеттілігі жоқ салық төлеушілер;
- 7) жылу шығару және тарату бойынша қызмет көрсететін жергілікті атқарушы органдардың шешімдерімен құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар ;
- 8) сумен жабдықтау және кәріз бойынша қызмет көрсететін жергілікті атқарушы органдардың шешімдерімен құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар ;
- 9) электрмен жабдықтау бойынша қызмет көрсететін жергілікті атқарушы органдардың шешімдерімен құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар ;
- 10) электрмен жабдықтау бойынша қызмет көрсететін республикалық меншік кәсіпорындары ;
- 11) электрмен жабдықтаумен айналысатын мемлекеттік емес кәсіпорындар (ТЭК - тер мен Рэс - тер) ;
- 12) ауылшаруашылығы өнімдерін өндірушілер;
- 13) жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер;
- 14) республикалық бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ;
- 15) 150 АЕК-тен төмен берешегі бар салық төлеушілер (жоқ салық борышкердің берешегін қоспағанда);
- 16) жоқ салық төлеушінің берешегі (активтері жоқ);
- 17) әрекетсіз салық төлеушінің берешегі (активтері жоқ).

370. КЗ н. есептемесін облыстар, Алматы мен Астана қалалары бойынша салық комитеттері және аймақаралық салық комитеттері электронды почтамен бекітілген форматта тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-күні мерзімінде уәкілетті мемлекеттік органға береді.

371. Салық төлеушінің (салық агентінің) дербес берешек белгісі салық төлеушінің тіркеу деректерінен көрсетіледі.

372. Ерте енгізілген белгілерді қарап шығу және өткен кезеңдер үшін есептемені қалыптастыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, әрбір есеп күніне сәйкес берешектің енгізілген белгілерінің сақталуы ақпараттық жүйеде қамтамасыз етіледі.

373. КЗ н. есептемесінде салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер берешегінің жалпы сомасы барлық жоғарыда көрсетілген белгілеріне қ а р а й :

б е р е с і ;
ө с і м а қ ы л а р ;

айыппұлдар сомасына бөлінеді.

374. Есеп күнінде КЗ н. есептемесінде көрсетілген бересі сомасы бюджет кірісінің жіктемесі коды бойынша F1-Н нысаны есебінің бересі сомасына сәйкес келуі тиіс.

375. Бюджет кірісі жіктемесінің коды негізінде және салық төлеушінің (салық агентінің) дербес шоттарына енгізілген ЭҚЖЖ (Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші) белгілері негізінде арнайы салық режимі бөлігінде кәсіпорын түрлері, шағын кәсіпкерлік және заңды тұлғалар субъектілері бойынша ЭҚЖЖ-1 н., ЭҚЖЖ-2 н. есептіліктері жасалады.

376. Мемлекеттік уәкілетті органға ЭҚЖЖ белгілері статистика органдарымен тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-күні мерзімінде беріледі.

377. Статистика органдары ЭҚЖЖ белгілерімен қоса мемлекеттік уәкілетті органға жұмыс істейтіндердің санына байланысты кәсіпорындар түрлері қимасында заңды тұлғалар бойынша мәліметтер береді:

і р і (250 адамнан астам);
орташа (50-ден 250-ге дейінгі адам);
шағын (50-ге дейінгі адам);

шағын кәсіпкерлік субъектілері (активтерінің жалпы құны жылына алпыс еселік айлық есепті көрсеткіштен аспайтын және саны 50 адамнан аспайтын).

378. Салық төлеушінің (салық агентінің) дербес шотына ЭҚЖЖ белгілері, кәсіпорындар түрі, арнайы салық режимдерінің түрлері салық төлеушінің тіркеу деректерінен енгізіледі.

379. ЭҚЖЖ-1 н., ЭҚЖЖ-2 н. есептері бойынша шығу нысандары дербес шоттың барлық бағандары ("Есептелді", "Кемітілді", "Төленді", "Қайтарылды", "Бересі", "Артық төлеу", "Өсімақы бойынша есеп айырысу", "Айыппұлдар бойынша есеп айырысу") бойынша қалыптасады.

380. ЭҚЖЖ-1 н., ЭҚЖЖ-2 н. есептері жыл басынан өспелі жиынтықпен әр айдың бірінші күніне жасалады және облыстар мен Астана, Алматы қалалары бойынша салық комитеттерімен және аймақаралық салық комитеттерімен

есептіден кейінгі айдың 15 күні мерзімінде бекітілген формат бойынша мемлекеттік уәкілетті органға беріледі.

381. Ерте енгізілген белгілерді қарап шығу және өткен кезеңдер үшін есептемені қалыптастыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, әрбір есеп күніне сәйкес, ЭҚЖЖ енгізілген белгілері, кәсіпорындар түрлері, арнайы салық режимдерінің түрлерінің сақталуы ақпараттық жүйеде қамтамасыз етіледі.

382. Есеп күніне ЭҚЖЖ-1 н., ЭҚЖЖ-2 н. есептіліктерінде көрсетілген түсімдер, бересі сомасы бюджет кірістері жіктемесінің сәйкес кодтары бойынша F1-Н нысаны есебінің бересі сомасына сәйкес келуі керек.

383. ФН н. есептемесі есеп және өткен күнге бересі бар салық төлеушінің (салық агентінің) дербес шоттарының негізінде жасалады.

384. ФН н. есептемесін жасау үшін салық төлеушінің (салық агентінің) дербес шотында ай сайын:

оңалту рәсімдерін енгізу;

оңалту рәсімдерін аяқтау күндері көрсетілген белгілер енгізіледі.

Көрсетілген белгілер салық төлеушінің белгісін алу үшін ай сайын есептен кейінгі айдың 3-күні мерзімінде жауап бөлімінің есеп бөліміне беретін Тізілім негізінде дербес шоттарға енгізіледі (N 39 қосымша).

385. ФН н. есептемесінде сәйкес бағаналарда:

Салықтың (төлемнің) атауы - бюджет классификациясы коды бойынша;

Есеп күніндегі бересі сомасы - дербес шоттардан;

Бұрынғы күнге бересі сомасы - дербес шоттардан;

өсу (+) немесе кему (-) - есеп күніндегі және бұрынғы күндегі бересі сомасы арасындағы айырмашылық көрсетіледі.

ФН н. есептемесінде мынадай факторлар әсер еткен:

есеп күніндегі артық төлеу сомасы - дербес шоттардан;

бұрынғы күнге артық төлеу сомасы - дербес шоттардан;

есепті айға декларация және есеп айырысу бойынша есептеу (азайту);

есепті айға тексеру акті бойынша есептеу (азайту);

салық міндеттерін атқару кезіндегі бересі;

салық міндеттерін атқару мерзімі аяқталғаннан кейінгі қалыптасқан бересі;

салық төлеушіні банкрот деп жариялау нәтижесіндегі бересі;

оңалту рәсімдерін енгізу кезеңінде қалыптасқан бересі;

салық төлеушінің салық және басқа да міндетті төлемдер бойынша салық міндеттерін бір салық органынан екіншісіне беруіне байланысты қалыптасқан бересі (көбейтуге немесе кемуге);

төленді - есепті кезеңге бересісі бар салық төлеушілердің дербес шоттары

б о й ы н ш а ;

қайтарылды - есепті кезеңге бересісі бар салық төлеушілердің дербес шоттары бойынша.

386. ФН н. есептемесі есептен кейінгі әр айдың бірінші күнінде жасалады және Астана, Алматы қалалары мен облыстары бойынша салық органдары есептен кейінгі айдың 6-күні мерзімінде бекітілген пішімде уәкілетті мемлекеттік органға ұсынады.

387. Ерте енгізілген белгілерді қарап шығу және өткен кезеңдер үшін есептемені қалыптастыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, әрбір есеп күніне сәйкес бересінің енгізілген белгілерінің сақталуы ақпараттық жүйеде қамтамасыз етіледі.

388. Есептеме күніндегі ФН н. есептемесінде көрсетілген бересі сомасы бюджет кірісі жіктелмесінің сәйкес коды бойынша F1-Н нысаны есебінің бересі сомасына сәйкес болуы тиіс.

389. Дербес шоттардан ақша есептеу (есептеу, кеміту), түсу (қайтару) ақпараттарын қалыптастырған кезде дербес шоттар салық төлеушінің тіркеу деректеріндегі белгілері бойынша топтастырылады.

390. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша бересі, түсімдерді талдау мақсатында мемлекеттік уәкілетті орган салық органдарында Қазынашылық органдарынан алынған құжаттар; дербес шоттардың деректерінен F1-Н есептемесінің деректеріне сәйкес келуі тиіс аналитикалық есептілік қалыптасады.

Есептілік күн, ай, тоқсан, жыл бұрын қалыптасады; тұтас алғанда, республика , аймақ бөлігі, аймақ бойынша; өткен кезеңдермен салыстырғанда өспелі қорытындысымен; бюджетке төленетін төлемдер санаттарымен салыстырғанда, салық және басқа да міндетті төлемдер түрлері бойынша, уәкілетті мемлекеттік органдардың құзыретіне кіретін салықтық немесе салықтық емес түсімдер бойынша, және салыстырудың басқа параметрлері негізгі нысандар бойынша:

1) аймақтар қимасында мемлекеттік кірістер (N 54-а, N 54-б, N 54-в қ о с ы м ш а л а р) ;

2) жылдық болжаумен салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер қимасында мемлекеттік кірістердің түсімі (N 55-а, N 55-б қосымшалар);

3) салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түрлері бойынша бересілер туралы аналитикалық кесте (N 56 қосымша);

4) аймақтар қимасында кедендік салықтар мен төлемдер (N 57 қосымша);

5) аймақтар қимасында уәкілетті мемлекеттік органның құзыретіне кіретін салықтық (салықтық емес) түсімдер (N 58 қосымша);

6) бюджет кірістері жіктелмесінің кодтары бойынша шикізат секторы

кәсіпорындарынан салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсімі (N 59-а, N 59-б қосымшалар);

7) Бюджеттің кіріс жіктемесі кодтары бойынша шикізат секторының кәсіпорындарынан салық және бюджетке төленетін басқа төлемдердің түсімдері (N 60-а, N 60-б қосымшалар);

8) аймақтар қимасында барлық мемлекеттік кірістер бойынша бересі (N 61 қосымша).

Есептілік нысандары қолданатын параметрлеріне байланысты өзгеруі мүмкін.

36-тарау. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы есептілікті

Қазынашылық органдармен салыстырып тексеру

391. Ай сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың бірінші күнінің жағдайы бойынша, салық органдары бюджеттің кірістерін әр жіктеу коды бойынша салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің есепті айға түсімдер мен қайтарылған сомасы бойынша Қазынашылық органдарымен салыстырып тексеруді жүргізеді.

392. Салыстырып тексеру N 25 н. тізілім және мемлекеттік бюджеттің кассалық орындалуы бойынша Қазынашылық органының айлық есептілігі негізінде жүргізіледі.

393. Аталған салыстырып тексеру Қазынашылық органдарынан мемлекеттік бюджеттің кассалық орындалуы бойынша айлық есептілікті алған күннен бастап екі күн мерзімде жүргізіледі.

394. Деректерді салыстыруда анықталған алшақтылықтар бюджеттің кірістерін тиісті жіктеу кодына қате есептелген сомаларды аудару жолымен түзетілуі тиіс.

395. Қазынашылық органымен жыл қорытындысы бойынша тексеру нәтижесі бюджеттің кірістерін әр жіктеу коды бойынша салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, түскен сомалары туралы Қазынашылық органымен тексеру актісімен ресімделеді (N 43-қосымша).

Дербес шоттарды жүргізу ережелеріне қосымшалардың тізілімі

Ескерту. Тізілімге өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының м.а. 2005 жылғы 29 шілдедегі N 346 бұйрығымен.

Р/с N	А та у ы	Н ы с а н н ө м і р і
1	Дербес шот (негізгі)	1 н.
2	Жеке кәсіпкерлерге, жеке тұлғаларға арналған дербес шот	2 н.

- 3 Тұрақты мекеме құруға әкелмейтін Қазақстан Республикасындағы қызметтен резидент еместің кірісіне табыс салығы бойынша дербес шот 3 н.
- 4 Жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналары бойынша дербес шот 4 н.
- 4-1 Әлеуметтік аударымдар бойынша дербес шот
- 5 Салық органдарында есеп жүргізілетін салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналарының тізбесі
- 6 Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерінің түсімдер мен қайтарымдар тізілімі 25 н.
- 7 Міндетті зейнетақы жарналары бойынша түсімдер мен қайтарулар тізілімі 25 н.-ЖЗҚ
- 7-1 Әлеуметтік аударымдар бойынша түсімдер мен қайтарулар тізілімі N 25-ӘСҚ-н
- 8 Салық міндеттемелерін орындау бойынша есептердің жағдайы туралы дербес шотынан үзінді көшірмені
а л у ы н а ө т і н і ш
- 8-1 Қазақстан Республикасы бойынша салық төлеушінің салық берешегі мен міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі жоқ (бар) екендігі туралы анықтама беруге өтініш
- 9 Салық міндеттемелерін орындау бойынша бюджетпен есеп айырысулар жағдайы туралы дербес шоттан көшірме
- 10 Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары бойынша есеп-айырысуларды салыстыра тексеру актісі 23 н.
- 11 Салық және бюджетке басқа да міндетті төлемдер, жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары бойынша салық төлеушінің (салық агентінің) есеп-айырысулар жағдайы туралы анықтама
- 12 Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары, өсімдер мен айыппұлдар сомасын есептеуге (азайтуға) тізілім
- 12-1 Салық тексерулері нәтижелері және әкімшілік жаза қолдану туралы қаулылар бойынша бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, міндетті зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдарды, өсімақылар және айыппұлдар есептеуге (кемітуге) тізілім

- 13 Салықтарды төлеу жөніндегі салық міндеттемелерін
орындау мерзімдерін өзгерту бойынша тізілім
- 14 Нөлдік ставкасы бойынша салынатын айналым бойынша
қосымша құнға салық сомасын қайтаруға өкім 1 н.
